

Қазақстан Республикасының Су кодексі

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 178-VIII ҚРЗ Кодексі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Кодекстің қолданысқа енгізілу тәртібін 134-б. қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) акватория – табиғи, жасанды немесе шартты шекаралармен шектелген су кеңістігі;
- 2) ауызсу – сапасы жағынан белгіленген ұлттық стандарттар мен гигиеналық нормативтерге сай келетін, ауызсу мен шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтарды қанағаттандыруға арналған, табиғи күйдегі немесе өңделгеннен кейінгі су;
- 3) ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері – су тұтынушылар үшін ауызсумен жабдықтаудың ауыстыру мүмкін болмайтын және мақсатқа сай келмейтін бірден-бір көзі;
- 4) балама су көздері – су ресурстары ретінде пайдалануға болатын жинақталған жаңбыр суы мен еріген су, тазартылған сарқынды және тұщытылған тұзды сулар;
- 5) баланстық тиесілікті бөлу шекарасы – иеленушілер арасында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша бөлу шегі;
- 6) гидротехникалық құрылысжайлар – су ресурстарын пайдалануды реттеуге (оның ішінде, жерүсті су объектілерінің суларын алуға, сақтауға, тасуға, бөлуге және дренаждық суларды бұруға) арналған құрылысжайлар, сондай-ақ судың зиянды әсерінен қорғауға арналған өзге де құрылысжайлар (су тежейтін, су ағызатын және су жіберетін құрылысжайлар, су басудан және жағалаудың бұзылуынан қорғауға арналған құрылысжайлар);
- 7) дренаж – жер бетінен су жинау әрі бұру және (немесе) ызасу деңгейін төмендету;
- 8) дренаждық сулар – коллекторлық-дренаждық желілер жинайтын және бұратын сулар;
- 9) жерасты сулары – жерасты су объектілерінің су ресурстары;

10) жерасты суларының көздері мен учаскесі – белгілі бір сападағы жерасты суларын оларды нысаналы пайдалану үшін жеткілікті көлемде алуға қолайлы жағдайлар бар, сутұтқыш жүйенің кеңістіктік шектелген бөлігі;

11) жерлерді гидромелиорациялау – топырақтың су режимін реттеу арқылы суармалы жерлерді пайдаланудың табиғи жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

12) жерүсті су ағынын реттеу – су объектілерін қорғауды және судың зиянды әсерін болғызбауды ескере отырып, әртүрлі су пайдаланушылардың суға деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін жылдың сулы болуына қарай тірек гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен өзен ағынын бөлу (қайта бөлу);

13) жерүсті су объектілерін санациялау – жерүсті су объектісінің гидрологиялық режимін су түбіндегі және лай шөгінділерден тазарту, түбін тереңдету, арнасын түзету, жағалауын нығайту және басқа да жұмыстар арқылы қалпына келтіру;

14) ирригация – ауыл шаруашылығы жерлерін суару үшін су беру;

15) көпфакторлы зерттеп-қарау – көзбен қарап-тексеру әдісімен және инженерлік (геодезиялық, геофизикалық, геотехникалық, гидрографиялық және басқа да) зерттеулер кешенін жүргізу арқылы гидротехникалық құрылысжайлар мен негізгі жабдықтың техникалық жай-күйін бағалау, олардың элементтерінің қалған ресурсын айқындау;

16) құбырлы сүзгіш құдық – жер бетінен бірінші су тұтқыш белдеуде орналасқан, қатарлас тесіктері бар, жерге бұрғыланған құбыр түріндегі құрылысжай;

17) өзендерге теңестірілген каналдар – суды бір бассейнден екіншісіне, бір өзен жүйесінен екіншісіне ағызуға арналған жасанды құрылысжайлар, мемлекетаралық каналдар;

18) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – тараптардың келісімімен белгіленетін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін міндеттер (оларды пайдаланғаны үшін жауапкершілік) белгісі бойынша бөлу шегі. Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігінің шекарасы баланстық тиесілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

19) сарқынды сулар – адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болатын немесе ластанған аумақта түзілетін сулар:

өндірістік немесе тұрмыстық мұқтаждықтарға пайдаланылған және бұл ретте судың бастапқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгерткен ластағыш заттардың қоспалары қосымша қосылған сулар;

елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суы, еріген, инфильтрациялық, суаратын-жуатын, дренаждық сулар;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ілеспе алынған жерасты сулары (карьер, шахта, кеніш сулары, көмірсутектермен ілеспе алынған қабаттық сулар);

20) сарқынды суларды жинақтағыштар – орталықтандырылған су бұру жүйелері кешендерінің бір бөлігі болып табылатын, сарқынды суларды жинақтауға арналған құрылысжайлар (жинақтағыш тоғандар, сүзгілеу алаңдары және буландырғыш тоғандар);

21) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау – жағымсыз өзгерістерді анықтау және оларды болғызбау жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін жақсарту жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін гидрогеологиялық, гидрологиялық көрсеткіштер мен топырақ көрсеткіштерін байқау және талдау жүйесі;

22) су бөлу орны – су пайдаланушыдан су тұтынушыға су ресурстарын беру орны;

23) су бұру – сарқынды суларды жинауды, тасуды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне ағызуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

24) судың жай-күйіне теріс әсер ететін объектілер – пайдаланылуы судың ластануына және (немесе) қоқыстануына және (немесе) сарқылуына және (немесе) оған зиянды әсер етуге алып келуі мүмкін ғимараттар, құрылыстар, құрылысжайлар және құрылғылар;

25) судың технологиялық шығыстары – елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің құрылысжайлары мен желілеріне қызмет көрсетуге жұмсалатын су көлемі;

26) суды ұйымдастырушылық-есепке алу шығыстары – суды есепке алу аспаптарының жеткілікті түрде сезімтал болмауы, өлшеуде дәлсіздіктің болуы салдарынан, сондай-ақ су тұтынушылардан суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бір мезгілде алмау кезінде осындай аспаптарда тіркелмеген су көлемі;

27) су қорғау аймағы – судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау үшін шаруашылық қызметтің арнаулы режимі белгіленетін, су объектілеріне жанасып жатқан аумақ;

28) су қорғау белдеуі – су қорғау аймақтарындағы шаруашылық қызметтің арнаулы режиміне қосымша шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленетін, су объектілеріне жанасып жатқан су қорғау аймағының бір бөлігі;

29) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – су қорын қорғау және пайдалану саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

30) сумен жабдықтау – су ресурстарын алуды, сақтауды, дайындауды, беруді және бөлуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жиынтығы;

31) сумен қамтамасыз ету – халықтың, қоршаған ортаның және экономика салаларының су ресурстарына қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

32) су объектілерін қорғау – су объектілерін сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған шаралар жүйесі;

33) су объектілерін пайдалану – су объектілерін табиғи ортаның құрамдас бөлігі ретінде пайдалану;

34) су объектісі – сарқынды суларды жинақтағыштарды қоспағанда, шекаралары, табиғи немесе реттелетін су режимі бар, құрлықтың табиғи немесе жасанды бедерінде не жер қойнауында судың тұрақты немесе уақытша шоғырлануы;

35) су пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су пайдалану құқығын иеленетін және оны іске асыратын жеке немесе заңды тұлға;

36) су режимі – жерүсті және жерасты сулары деңгейлерінің, шығыстарының және көлемінің уақыт бойынша табиғи немесе жасанды өзгеруі;

37) су ресурстары – жерүсті және жерасты су объектілерінде болатын, оның ішінде ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды ескере отырып, пайдалануға қолжетімді су;

38) су тарту құрылысжайы – су объектілерінен су тартуға арналған құрылысжайлар мен құрылғылар кешені;

39) су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормасы – өндірілетін өнім бірлігіне (орындалатын жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің белгілі бір көлеміне) тұтынылатын немесе бұрылатын сарқынды судың белгіленген мөлшері;

40) су тұтыну мен су бұрудың ірілендірілген нормасы – экономика саласы үшін су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормасы;

41) су тұтынушы – су беру бойынша су шаруашылығы ұйымдарының немесе су пайдаланушылардың көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын не ортақ су пайдалану тәртібімен су объектілерінен су тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

42) су үнемдеу – су ресурстарын үнемді және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі;

43) су шаруашылығы – су қорын қорғауға және су ресурстарын пайдалануға байланысты экономика саласы;

44) су шаруашылығы құрылысжайлары – суды алуға, тазартуға, сақтауға, таратуға және дренаждық суларды бұруға арналған құрылысжайлар мен құрылғылар;

45) су шаруашылығы ұйымдары – қызметі су ресурстарын реттеуге, жеткізуге, сумен жабдықтауға, су бұруға, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамытуға және пайдалануға байланысты заңды тұлғалар;

46) тасқын және еріген сулардан қорғаудың инженерлік жүйелері – шамадан тыс су көлемін ұстап қалуға, қайта бөлуге және уақытша ұстап тұруға мүмкіндік беретін

дамбалар (бөгеттеу жүйелері), мобильді қоршаулар, қайта бөлетін және айналма каналдар, уақытша су қоймалары, жайылма суару жүйелері, жағалаудағы және өзге де құрылысжайлар;

47) трансшекаралық су объектілері – екі немесе одан да көп мемлекет арасындағы шекараларды кесіп өтетін немесе осындай шекараларда орналасқан жерүсті немесе жерасты су объектілері;

48) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган – сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

49) шахта құдығы – сумен жабдықтау, тау-кен жыныстарын құрғату және жер бетінен атмосфералық және жерүсті суларын бұру мақсатында жер бетінен бірінші жатқан су тұтқыш белдеуден жерасты суларын алу үшін құрылған, тереңдігі көлденең қимасынан үлкенірек сатылас тау-кен қазындысы;

50) шегендеу құрылысжайы – жер бетіне табиғи жолмен шығып жатқан жерасты суларының ашылуын және пайдаланылуын қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрылысжай.

2-бап. Қазақстан Республикасының су заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының су заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекстен басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3-бап. Қазақстан Республикасы су заңнамасының негізгі мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы су заңнамасының негізгі мақсаттары халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және қоршаған ортаны сақтау үшін су пайдаланудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және сол деңгейде ұстап тұру болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы су заңнамасының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) бассейндік қағидат негізінде су қорын басқару және қорғау, сондай-ақ су ресурстарын интеграцияланған басқаруды дамыту;

2) су үнемдеудің жалпыұлттық саясатын қалыптастыру және дамыту;

3) су қатынастары объектілерінің құқықтық мәртебесін бекіту;

4) су қорын қорғау және пайдалану кезінде су қатынастары субъектілерінің құзыретін, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін бекіту;

5) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды басқару, пайдалану және дамыту кезінде су қатынастары субъектілерінің құзыретін, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін бекіту;

6) су қорын қорғау және пайдалану саласында ғылымды дамыту және мемлекеттік басқаруға ғылыми негізделген тәсілді қолдануды қамтамасыз ету (жоспарлау, есепке алу, мониторингтеу, нормалау, сараптау);

7) су қатынастары субъектілерінің қызметін реттеу, су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

8) су қорын қорғау және пайдалану саласында сұранысты басқарудың экономикалық тетіктерін бекіту;

9) су қорын қорғауды қамтамасыз ету;

10) елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қызметті реттеу, технологиялық тиімділікті арттыру, тазартылған сарқынды суларды пайдалану есебінен су үнемдеуді қамтамасыз ету;

11) суды үнемдеу технологияларын және цифрлық технологияларды ендіре отырып, ирригация мен дренажды дамыту;

12) Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу;

13) трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негіздерін бекіту.

4-бап. Қазақстан Республикасы су заңнамасының негізгі қағидаттары

Қазақстан Республикасында су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) суды қоршаған ортаның ажырамас бөлігі, Қазақстан Республикасы халқының тыныс-тіршілігі мен экономикалық дамуының негізі ретінде тану;

2) бассейндік басқару: су қорын су шаруашылығы бассейндері шегінде гидрографиялық белгілері бойынша басқару;

3) су қорын қорғау басымдығы: су ресурстарын басқару және су ресурстарын пайдалану су қорын ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды міндетті түрде қамтамасыз ету жағдайында жүзеге асырылуға тиіс;

4) суға әділ және тең қол жеткізу;

5) халықты ауызсумен бірінші кезекте қамтамасыз ету;

6) су ресурстарын пайдалану кезінде олардың экономикалық құндылығын мемлекеттің тануы;

7) жерүсті және жерасты су ресурстарын кешенді пайдалану;

8) су үнемдеу: су ресурстарын үнемді және тиімді пайдалану бойынша құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және экологиялық талаптар;

9) су қорының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі;

10) су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға жұртшылықты қатыстыру;

11) жобалау және салу кезінде сумен жабдықтау мен су бұрудың ажырамастығы және өзара байланыстылығы.

5-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар

1. Қазақстан Республикасының су заңнамасы су қорын және ондағы су ресурстарын қорғау және пайдалану, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану, дамыту және олардың қауіпсіздігі саласындағы қоғамдық қатынастарды (бұдан әрі – су қатынастары) реттейді.

2. Жерлер, ормандар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, атмосфералық ауа, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері, мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі жерүсті су объектілерінің жағалауындағы шаруашылық қызмет, экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ауызсумен жабдықтау және су бұру, жерасты суларын мемлекеттік геологиялық зерттеу және барлау, жерасты суларын ластанудан және сарқылудан қорғау, су объектілеріндегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, кеме қатынасы және теңізде жүзу бөлігіндегі қоғамдық қатынастар, сондай-ақ су қорын қорғау және пайдалану кезінде туындайтын өзге де қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті салаларымен және осы Кодекспен реттеледі.

3. Траншекаралық су объектілерін қорғауға және пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында реттеледі.

6-бап. Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі

1. Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі су ресурстарының тапшылығына және олардың тиісінше сапалы болмауына байланысты нақты және ықтимал қатерлерден, сондай-ақ судың зиянды әсерінен Қазақстан Республикасының халқы мен ұлттық экономикасының қорғалуының жай-күйінен көрінеді.

2. Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі:

1) су объектілері мен су ресурстарын есепке алу жүйелерін жетілдіру, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және болжау;

2) су объектілерін сақтау және қалпына келтіру;

- 3) жерүсті және жерасты су ресурстарын кешенді пайдалану;
- 4) су ресурстарын ғылыми негізделген аумақтық қайта бөлу;
- 5) су үнемдеу жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;
- 6) балама су көздерін пайдалану;
- 7) судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау;
- 8) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың орнықты жұмыс істеуін және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 9) трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау есебінен қамтамасыз етіледі.

3. Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық және өзге де сипаттағы шаралармен қамтамасыз етіледі.

2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ СУ СЕКТОРЫН КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БЕЙІМДЕУ

7-бап. Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеудің жалпы тәсілдері

1. Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу табиғи, техникалық және технологиялық нұсқаларды, сондай-ақ климаттың өзгеру салдарын жеңілдету бойынша әлеуметтік және институционалдық шараларды ұштастыруды қамтиды.

Қазақстан Республикасы экономикасының су секторы деп су ресурстарын пайдалануға байланысты экономиканың бір бөлігі түсініледі.

2. Су ресурстарын тиімді пайдалану үшін бейімдеу тетіктерін әзірлеу су ресурстарының тапшылығына және судың зиянды әсеріне жол бермеуге бағытталған су ресурстарын басқару жүйесін дамытуды көздейді.

3. Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу мыналарды:

Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын ел ауқымында және су шаруашылығы бассейндері ауқымында климаттың өзгеруіне бейімдеу жоспарларын әзірлеуді;

гидрологиялық және гидрогеологиялық деректердің сапасын арттыруға қосымша инвестициялар бөлуді;

экономиканың су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді;

экономиканың су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу жоспарларын әзірлеу және іске асыру процесіне барлық мүдделі жеке және заңды тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің қатысуын;

су ресурстары мен балама су көздерін тиімді пайдаланудың жаңа технологияларын қолдануды;

суды ауыл шаруашылығында ұтымды пайдалануды, өсімдіктерді суарудың үнемді әдістерін пайдалануды, қуаңшылыққа төзімді дақылдарды ендіруді және қуаңшылықпен күресуді;

су пайдаланудың өзгермелі жағдайларын ескере отырып, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды жаңғыртуды көздейді.

8-бап. Судың зиянды әсерінің алдын алу және оны жою

1. Судың зиянды әсері деп мыналар түсініледі:

1) су тасу, су басу, топан су басу;

2) жағалаудың шайылуы, қорғаныш дамбалардың және басқа да құрылысжайлардың қирауы;

3) жердің батпақтануы және сортаңдануы;

4) топырақ эрозиясы;

5) көшкіндердің, сел ағындарының және басқа да зиянды құбылыстардың болуы.

2. Судың зиянды әсерінің алдын алу және жою болжауды, бағалауды, жоспарлауды және ден қоюды қамтитын шаралардың бірыңғай жүйесін көздейді.

3. Судың зиянды әсер ету қаупін болжау және бағалау, сондай-ақ олардың алдын алу және жою жөніндегі негізгі іс-шаралар су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларында айқындалады.

4. Судың зиянды әсерінің алдын алу және жою жөніндегі негізгі іс-шараларға:

1) жерүсті су объектілеріне санация жүргізу;

2) тасқын су мен еріген судан қорғау және (немесе) оларды су қоймаларын, көл жүйелері мен жерасты суларының көзін толықтыруға бұру және (немесе) қайта бөлу үшін елді мекендерді, өнеркәсіптік объектілерді, ауыл шаруашылығы алқаптарын, көлік инфрақұрылымы объектілерін, қауіпті өндірістік объектілерді қорғаудың инженерлік жүйелерін құру;

3) жерүсті су объектілерінің жайылма учаскелеріне орман өсіру;

4) тасқын және еріген сулардың алдын алуға және олардан қорғауға бағытталған өзге де іс-шаралар жатады.

Су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларына енгізілген судың зиянды әсерінің алдын алу және оны жою жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ өңірлік жағдайлардың ерекшеліктері ескерілген өзге де іс-шаралар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларында көзделеді.

Бір су шаруашылығы бассейнінің аумағына кіретін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана суларының зиянды әсерінің алдын алу және оны жою жөніндегі іс-шаралар өзара келісілуге және үйлестірілуге тиіс.

5. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелері судың зиянды әсерінің алдын алу және оны жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде:

1) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану қағидаларын сақтауға;

2) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігінің жай-күйін жүйелі талдауға;

3) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды ұдайы зерттеп-қарауды жүргізуге;

4) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардағы аварияларды жоюға арналған қаржылық және материалдық резервтер құруға;

5) гидротехникалық құрылысжайлардағы азаматтық қорғаудың жергілікті құлақтандыру жүйелерін тұрақты әзірлікте ұстауға міндетті;

6. Судың зиянды әсерінен туындаған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-бап осы Кодекстің 134-бабы 1-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

9-бап Су тасқынына бейімделу және олардың жағымсыз әсерін болғызбау шаралары

1. Уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы су тасқынының жағымсыз әсерін болғызбау жөнінде алдын алу шараларын қабылдау және осы Кодекстің 8-бабының 4-тармағында көзделген іс-шараларды жоспарлау мақсатында су тасқыны кезеңінде су басу қаупі бар аймақтарды айқындайды.

2. Тасқын және еріген сулардан қорғау және (немесе) оларды су қоймаларын, көл жүйелерін және жерасты сулары көздерін толықтыруға бұру және (немесе) қайта бөлу үшін елді мекендерді, өнеркәсіптік объектілерді, ауыл шаруашылығы алқаптарын, көлік инфрақұрылымы объектілерін қорғаудың инженерлік жүйелерінің бар-жоғын ескере отырып түзетілген, көпжылдық гидрологиялық және гидрогеологиялық байқаулар, сондай-ақ аэроғарыштық зерттеулер негізінде айқындалған су барынша жайылған кездегі су кемері су тасқыны кезеңінде су басу қаупі бар аймақтардың шекаралары ретінде (бұдан әрі – су объектілерінің демаркациялық желілері) қабылданады.

3. Уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы су объектілерінің демаркациялық желілерін жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің белгіленуіне, осы баптың 2-тармағында көрсетілген инженерлік қорғаудың жаңа жүйелерінің құрылуына қарай тұрақты түрде түзетіп отырады және ол су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

10-бап. Қуаңшылықтың жағымсыз салдарына бейімделу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау шаралары

1. Ұзақ уақыт бойы атмосфералық жауын-шашынның жеткіліксіз болуына, өзендер ағынының азаюына және жерүсті мен жерасты сулары деңгейінің төмендеуіне байланысты су ресурстары тапшы болатын, соның салдарынан топырақтың құрғауы, өсімдіктер мен су жануарларының зақымдануы, құрауы, қырылуы, су объектілерінің сарқылуы болатын табиғи құбылыс қуаңшылық деп түсініледі.

2. Қуаңшылықтың жағымсыз салдарына бейімделу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау үшін шаралар жүйесі әзірленеді, онда қуаңшылық қаупін болжау мен бағалау және оған ден қою шаралары қамтылады.

3. Қуаңшылық қаупін болжау және бағалау, сондай-ақ оның жағымсыз салдарын барынша азайтуға бағытталған негізгі іс-шаралар су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларында айқындалады.

4. Қуаңшылықтың жағымсыз салдарына бейімделу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау жөніндегі негізгі шараларға:

1) атмосфералық жауын-шашын деңгейіне, топырақтың ылғалдылығына, халықтың және экономика салаларының су ресурстарын пайдалануына жүйелі мониторинг жүргізу;

2) қуаңшылық болған кезеңдерде, оның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін және жайылымдарды суландыру үшін пайдалану мақсатында тасқын және еріген суларды жинау және сақтау жөніндегі шараларды әзірлеу және ендіру;

3) ауыл шаруашылығы дақылдарын суару немесе өзге де су тұтыну үшін балама су көздерін пайдалану;

4) суды үнемдеудің жаңа технологияларын пайдалану;

5) топырақ эрозиясын барынша азайтуға бағытталған ауыл шаруашылығы дақылдарының ауыспалы егісін жоспарлау және қуаңшылық болған жылдары қуаңшылыққа төзімді дақылдарды егу;

6) егісті қорғайтын ағаш өсіруді жүзеге асыру, орман қорын сақтау және кеңейту;

7) қуаңшылықтың жағымсыз салдарына бейімделуге және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбауға бағытталған өзге де іс-шаралар жатады.

5. Тасқын және еріген суларды жинау және сақтау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және құрылысжайларды жобалау кезінде жерасты су тұтқыш белдеулерде немесе герметикалық резервуарларда сақтау жолымен судың буланып ысырап болмауын барынша қамтамасыз ететін шараларға артықшылық берілуге тиіс.

Жерасты су тұтқыш белдеулерінде немесе герметикалық резервуарларда суды сақтау техникалық-экономикалық тұрғыдан орынсыз болған кезде ғана осы мақсаттар үшін су қоймаларын салуға жол беріледі.

6. Су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларына енгізілген, қуаңшылықтың жағымыз салдарына бейімделу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ өңірлік жағдайлардың ерекшеліктері ескерілген өзге де іс-шаралар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларында көзделеді.

Бір су шаруашылығы бассейнінің аумағына кіретін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қуаңшылықтың жағымсыз салдарына бейімделу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау жөніндегі іс-шаралары өзара келісілуге және үйлестірілуге тиіс.

7. Қуаңшылыққа және су тапшылығына ұшыраған аумақтарда қуаңшылық кезеңінде бассейндік кеңестердің ұсынымдары бойынша мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде су ресурстарын пайдалануға байланысты кейбір қызмет түрлеріне шектеулер енгізуі, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес басымдықтар енгізуі мүмкін.

2-БӨЛІМ. СУ ҚАТЫНАСТАРЫ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

3-тарау. СУ ҚАТЫНАСТАРЫ ОБЪЕКТІЛЕРІ

11-бап. Су қатынастары объектілері мен субъектілері

1. Су қоры және онда қамтылған су ресурстары, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар, су қорының жерлері және су қорғау аймақтары су қатынастары объектілері болып табылады.

2. Жерүсті су объектілері алып жатқан жерлер, сондай-ақ жерүсті су объектілерінің су қорғау белдеулеріне және ауызсумен жабдықтаудың су тарту құрылысжайларының санитариялық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер су қорының жерлері деп танылады.

3. Қызметі су қатынастары объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктері, сондай-ақ мемлекеттік органдар су қатынастарының субъектілері болып табылады.

12-бап. Су қорына және су қорының жерлеріне меншік құқығы

1. Мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге жататын Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі жерүсті және жерасты су объектілерінің жиынтығы су қорын құрайды.

2. Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін су қорын және су қорының жерлерін иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын мемлекет жүзеге асырады.

3. Су қоры мен су қоры жерлерінің айналымына (сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту, кепілге қою және мемлекеттік меншік құқығын беруге алып келетін басқа да мәмілелер жасау) тыйым салынады.

4. Су қорына және су қорының жерлеріне меншік құқығын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

5. Су қорының жерлеріне және су қорғау аймақтарына меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтар Қазақстан Республикасының жер заңнамасымен реттеледі.

Су қорының жерлерін пайдалану осы Кодексте және Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген негіздерде, шарттарда және шектерде жүзеге асырылады.

13-бап. Су шаруашылығы құрылысжайларына меншік құқығы

1. Су шаруашылығы құрылысжайлары мемлекеттік не жеке меншікте болуы мүмкін.

2. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларының тізбесін уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Жеке меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларын иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге байланысты қатынастар, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

4. Су шаруашылығы құрылысжайларына меншік құқығы Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

5. Су шаруашылығы құрылысжайларына меншік құқығын мемлекеттік тіркеу олардың паспорты болған кезде жүргізіледі.

6. Мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларын, елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру осы Кодекстің 23-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында және 25-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында көзделген қағидаларға сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Бұл ретте көрсетілген қағидаларда жалға алушының немесе сенімгерлікпен басқарушының су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғау жөнінде шаралар қабылдау міндетін ерекше шарттар ретінде көздейтін мүліктік жалдаудың (жалға берудің) немесе сенімгерлікпен басқарудың үлгілік шарттарының нысандары болуға тиіс.

14-бап. Стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларға меншік құқығы

1. Тікелей су объектілерінде орналасқан немесе су ресурстарын бассейнаралық ағызуды жүзеге асыратын, иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) билік ету

Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер ететін және мемлекеттің, халықтың және қоршаған ортаның орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мемлекетаралық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар не су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар стратегиялық объектілер болып табылады.

2. Стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар мемлекеттік меншікте болады және осы баптың 3-тармағында көзделген су шаруашылығы құрылысжайларын қоспағанда, мүліктік жалдауға (жалға), сенімгерлік басқаруға берілмейді және иеліктен шығаруға жатпайды.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қалалардың сумен жабдықтау және су бұру жүйелері немесе олардың элементтері мемлекеттік меншікте болады, иеліктен шығаруға жатпайды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

4. Стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың, оның ішінде мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін құрылысжайлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Стратегиялық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар тізбесіне енгізілген, оның ішінде мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін су шаруашылығы құрылысжайлары осы Кодекстің 13-бабының 6-тармағында көзделген шарттар сақталған кезде мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

15-бап. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларға жеке меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды шектеу

Су шаруашылығы құрылысжайы мен гидротехникалық құрылысжайға жеке меншік, мүліктік жалдау (жалға беру) немесе сенімгерлік басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен шектелуі мүмкін.

4-тарау. СУ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ

16-бап. Су объектілерінің түрлері және оларды пайдалану құқығы

1. Су объектілері мынадай түрлерге бөлінеді:

жерүсті су объектілері;

жерасты су объектілері.

2. Жерүсті су объектілеріне мыналар жатады:

өзендер;

көлдер;

теңіздер;
мұздықтар, көпжылдық қар;
уақытша су ағындары;
су қоймалары, тоғандар, суланған карьерлер;
сулы-батпақты алқаптар;
өзендерге теңестірілген каналдар.

Өзендердің, көлдердің, теңіздердің, уақытша су ағындарының, су қоймаларының, тоғандардың және өзендерге теңестірілген каналдардың шекаралары тиісті су объектісінің түбі мен жағалауы болып табылады.

3. Жерасты су объектілеріне мыналар жатады:

гидрогеологиялық бассейн;
жерасты суларының көздері мен учаскелері;
су тұтқыш белдеулер мен кешендер;
бұлақтар (жерасты суының жер бетіне табиғи шығуы).

4. Жерасты су объектілері нысаналы мақсаты бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

1) шаруашылық-ауызсу жерасты сулары – өзінің сапасы жағынан табиғи күйінде немесе өңдеуден кейін ұлттық стандарттар мен гигиеналық нормативтерге сай келетін және ауызсу мен шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтарға не өнім өндіруге арналған жерасты сулары;

2) жерлерді суаруға арналған жерасты сулары – өзінің сапасы жағынан табиғи күйінде немесе өңдеуден кейін нормативтік талаптарға сай келетін және ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға арналған жерасты сулары;

3) жайылымдарды суландыруға арналған жерасты сулары – өзінің сапасы жағынан табиғи күйінде немесе өңдеуден кейін нормативтік талаптарға сай келетін және ауыл шаруашылығы жануарларын суаруға арналған жерасты сулары;

4) минералды және термоминералды (температурасы Цельсий бойынша жиырма градустан жоғары минералды сулар) жерасты сулары – салыстырмалы түрде тұрақты химиялық құрамы бар және бальнеологиялық тұрғыдан жағымды әсер ететін биологиялық белсенді минералдық немесе органикалық элементтердің құрамы жоғары болатын жерасты сулары;

5) өнеркәсіптік жерасты сулары – құрамындағы пайдалы қазбаларды (сирек кездесетін элементтер, галогендер және басқалар) алу үшін пайдаланылатын жерасты сулары;

6) өндірістік-техникалық жерасты сулары – өзінің сапасы мен физикалық қасиеттері бойынша өндірістік-техникалық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты сулары;

7) жылу энергетикалық сулар – температурасы Цельсий бойынша қырық бес градустан жоғары, жылу энергиясының және (немесе) электр энергиясының көзі ретінде пайдалануға жарамды жерасты сулары.

5. Су объектілері аумағына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

ішкі;

трансшекаралық.

6. Су объектілері көлемі бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

1) шағын (ұзындығы екі жүз километрге дейінгі өзендер, ауданы он шаршы километрге дейінгі көлдер, пайдалану қорлары тәулігіне бір мың текше метрге дейінгі жерасты суларының көздері);

2) орташа (ұзындығы екі жүзден сегіз жүз километрге дейінгі өзендер, ауданы оннан жүз шаршы километрге дейінгі көлдер, пайдалану қорлары тәулігіне бір мыңнан он мың текше метрге дейінгі жерасты суларының көздері);

3) ірі (ұзындығы сегіз жүзден бір мың километрге дейінгі өзендер, ауданы бір жүзден бір мың шаршы километрге дейінгі көлдер, пайдалану қорлары тәулігіне он мыңнан жүз мың текше метрге дейінгі жерасты суларының көздері);

4) аса ірі (ұзындығы бір мың километрден асатын өзендер, ауданы бір мың шаршы километрден асатын көлдер, пайдалану қорлары тәулігіне жүз мың текше метрден асатын жерасты суларының көздері).

7. Пайдаланудың ерекше шарттары белгісі бойынша (шаруашылық қызмет режимі) мынадай болып бөлінеді:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері;

2) мемлекеттік орман қорының су объектілері;

3) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері.

8. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, барлық су объектілері ортақ пайдаланылатын объектілер болып табылады.

17-бап. Су пайдалану құқығы және оның түрлері, су тұтыну құқығы

1. Жеке және заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің су ресурстарын жеке немесе кәсіпкерлік мақсаттарда алу және (немесе) пайдалану жөніндегі қызметі, сондай-ақ табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүзеге асыру су пайдалану болып табылады.

2. Су пайдалану құқығының түрлеріне мыналар жатады:

1) ортақ су пайдалану құқығы;

2) арнаулы су пайдалану құқығы.

Ортақ су пайдалану құқығы адам дүниеге келген сәттен бастап туындайды және оны қандай да бір негіздермен иеліктен шығаруға немесе тоқтатуға болмайды.

Арнаулы су пайдалану құқығы осы Кодекстің 6-тарауының 4-параграфында реттелетін арнаулы су пайдалануға рұқсат алынған күннен бастап туындайды.

3. Егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, әрбір адамның демалысқа, туризмге, әуесқойлық (спорттық) балық аулауға және шаруашылық немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды көздемейтін бос

уақытын өткізу мен рекреацияның өзге де нысандарына жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануға құқығы бар.

Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың тосқауылдарды, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілерді орнату арқылы халықтың ортақ су пайдаланатын су объектілеріне қол жеткізуін шектеуіне тыйым салынады.

4. Мемлекеттік органдар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғанысын, халықтың денсаулығын, қоршаған ортаны, тарихи-мәдени мұраны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ су аз жылдары және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде ортақ су пайдалануды шектеуі немесе тыйым салуы мүмкін.

Шектеулер мен тыйымдар туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында жариялануға жатады және су объектілері жағалауының бойына арнаулы ақпараттық белгілерді орнату арқылы танысуға қолжетімді болуға тиіс.

5. Құқықтар туындау негіздері бойынша мынадай болып бөлінеді:

- 1) су пайдалану құқығы;
- 2) су тұтыну құқығы.

Су тұтыну құқығы осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес су тұтынушы мен су пайдаланушының арасында су беру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт жасалған күннен бастап туындайды.

6. Су беру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттарда арнаулы су пайдалануға рұқсатта көрсетілген көлемдер ескеріле отырып, су тұтыну мақсаты мен негізгі талаптары көрсетіледі.

7. Осы баптың 4-тармағына сәйкес белгіленген шектеулер мен тыйымдарды бұза отырып жүзеге асырылатын су пайдалану, сондай-ақ арнаулы су пайдалануға рұқсатты немесе су беру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттарды алу осы Кодекстің ережелеріне сәйкес міндетті болған жағдайларда, осындай рұқсатсыз немесе шарттарсыз жүзеге асырылатын су пайдалану немесе су тұтыну, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

18-бап. Су пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Су пайдаланушылардың:

- 1) су ресурстарына әділ және тең қол жеткізуге;
- 2) өздерінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті су қорының жай-күйі туралы ақпаратқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;
- 3) су объектісінен алынатын судың сапасын тексеруге;
- 4) су қорын қорғау және пайдалану жөніндегі міндеттерді шешуге қатысу үшін қоғамдық бірлестіктер құруға;

5) бассейндік кеңестердің жұмысына қатысуға;

6) су қорын қорғау және пайдалану саласында өзінің құқықтары мен заңды мүддесін қорғауға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Су пайдаланушылар:

1) су ресурстарын ұтымды пайдалануға, су ысырабын азайту үшін шаралар қабылдауға;

2) су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларына ұқыпты қарауға, оларға зиян келтіруге жол бермеуге;

3) су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдері мен жоспарларын сақтауға;

4) басқа су пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүддесінің бұзылуына жол бермеуге;

5) су шаруашылығы құрылысжайлары мен судың жай-күйіне әсер ететін техникалық құрылғыларды жарамды күйде күтіп-ұстауға, олардың пайдаланылу сапасын жақсартуға, су ресурстарының пайдаланылуын есепке алуды жүргізуге, су шаруашылығы құрылысжайларының су тартқыштарын, су жібергіштерін және сарқынды сулар мен дренаждық суларды ағызу құрылысжайларын өлшеу құралдарымен және су өлшеу аспаптарымен жабдықтауға, сондай-ақ су тарту немесе су ағызу құрылысжайларының өлшеу аспаптарында және (немесе) құрылғыларында орнатылған пломбалардың сақталуын қамтамасыз етуге;

6) су қорғау іс-шараларын жүзеге асыруға;

7) арнаулы су пайдалануға рұқсатта айқындалған су пайдалану шарттарын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың нұсқамаларын белгіленген мерзімде толық көлемде орындауға;

8) мұнайдың авариялық жағдайда төгілуін жою кезінде түсетін ластағыш заттарды қоспағанда, белгіленген нормативтерден асатын зиянды заттардың төгілуіне жол бермеуге;

9) мемлекеттік органдарға су ресурстарын пайдалану туралы анық және толық ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша уақтылы беруге міндетті. Су пайдаланушы өнеркәсіптік су тұтынушыларға су беру бойынша қызметтер көрсеткен жағдайда, су ресурстарын пайдалану туралы ақпаратта айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйелерінде суды пайдалану көлемдері жөніндегі мәліметтер көрсетіледі;

10) су үнемдеу технологияларын, суарудың прогрессивті техникасын, айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйелерін ендіруге шаралар қабылдауға, судың өнімсіз ысырабы көлемін азайтуға;

11) жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері аумағында шаруашылық және өзге де қызметтің белгіленген режимін сақтауды қамтамасыз етуге;

12) егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, ауызсумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін ауызсу сапасындағы жерасты суларын пайдалануға жол бермеуге;

13) су объектілерінде, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларда Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға;

14) су объектілерінде, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларда жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

15) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына барлық авариялық жағдайлар және су пайдаланудың технологиялық режимінің бұзылуы туралы дереу хабарлауға;

16) су пайдаланғаны үшін төлемдерді уақтылы жүзеге асыруға;

17) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Су сервитуты

1. Су объектісін шектеулі нысаналы пайдалану құқығы су сервитуты деп түсініледі. Су сервитуты қауымдық немесе жеке болуы мүмкін.

2. Әрбір адам ортақ пайдаланылатын су объектілерін пайдалана алады, мұндай жағдайда қауымдық су сервитуты су объектісін пайдалану құқығының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Қауымдық және жеке су сервитуттары:

1) құрылысжайларды, техникалық құралдар мен құрылғыларды қолданбай су алу;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын суару;

3) балық шаруашылығы мен аквашаруашылықты жүргізу;

4) рекреация;

5) су объектілерін паромдар, кайықтар және басқа да шағын көлемді кемелер үшін су жолдары ретінде пайдалану мақсаттарында белгіленуі мүмкін.

4. Жеке су сервитуты шарт негізінде белгіленуі мүмкін.

Қауымдық және жеке су сервитуттары заңды күшіне енген сот шешімі негізінде де белгіленуі мүмкін.

5. Су сервитутын жүзеге асыру үшін арнаулы су пайдалануға рұқсат алу талап етілмейді.

6. Су объектісіне өту немесе оған бару мақсаттары үшін іргелес жатқан жер учаскелерінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес сервитут белгіленуі мүмкін.

3-БӨЛІМ. СУ ҚОРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

5-тарау. СУ ҚОРЫН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

20-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару кешенділігі мен бағыныстылығы ескеріле отырып, мынадай деңгейлерге бөлінеді:

- 1) мемлекетаралық;
- 2) мемлекеттік;
- 3) бассейндік;
- 4) аумақтық.

2. Қазақстан Республикасының аумағында гидрографиялық қағидат бойынша уәкілетті орган су шаруашылығы бассейндерін айқындайды.

21-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын бекітеді;

3) республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларын, елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін басқаруды ұйымдастырады;

4) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және олардағы шаруашылық қызмет режимдерін бекітеді;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

22-бап. Қазақстан Республикасының Су кеңесі

1. Қазақстан Республикасының Су кеңесі (бұдан әрі – Су кеңесі) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Су кеңесінің ережесі мен құрамын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бекітеді.

2. Су кеңесінің міндеті:

1) су қорын қорғау және пайдалану, су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын әзірлеу және іске асыру саласындағы мемлекеттік саясат;

2) трансшекаралық су объектілерін, мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды бірлесіп пайдалану бойынша шектес елдермен өзара іс-қимыл жасау;

3) өңірлер мен экономика салалары арасындағы су бөлу;

4) су қорын қорғау және пайдалану, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету және су үнемдеу саласындағы іс-шараларды басым қаржыландыру;

5) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы инвестициялық жобалар, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберіндегі инвестициялық жобалар мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Уәкілетті орган Су кеңесінің жұмыс органы болып табылады.

23-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

3) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

4) өз құзыреті шегінде трансшекаралық су объектілерін, мемлекетаралық пайдаланудағы су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды қорғау және бірлесіп пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты, тараптардың халықаралық шарттарды орындауын бақылауды жүзеге асырады;

5) су қорын қорғау және пайдалану саласында ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық жобалар мен даму бағдарламаларын жүргізуді ұйымдастырады;

6) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және олардағы шаруашылық қызмет режимдерін әзірлейді;

7) республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалануды және дамытуды ұйымдастырады;

8) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекітеді;

9) бассейндік кеңестердің қызметін ұйымдастырады, бассейндік кеңестердің өткізілген отырыстары және олардың ұсынымдары туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастырады;

10) мүдделі жеке және заңды тұлғалардың су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесінде және мемлекеттік су кадастрында қамтылған жалпыға қолжетімді ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

11) мемлекеттік су кадастрын және су объектілері мен су ресурстарына мемлекеттік мониторинг жүргізуді ұйымдастырады;

12) жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

13) иесіз қалған, су өздігінен ағып шығатын және авариялық гидрогеологиялық ұңғымаларды зерттеп-қарау, жою және консервациялау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

14) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізу қағидаларын бекітеді;

15) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізуді ұйымдастырады;

16) бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша:

суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізуге арналған заттай нормаларды;

суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде пайдалану шығындары үшін материалдар шығыстарының заттай нормаларын;

суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізу кезінде химиялық реактивтердің, зертханалық ыдыстардың және далалық керек-жарақтардың тиістілігінің заттай нормаларын бекітеді;

17) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізу кезінде ведомстволық бағынысты ұйымның ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидаларын бекітеді;

18) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізу кезінде ведомстволық бағынысты ұйым көрсететін ақылы қызмет түрлеріне тарифтерді бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес каналдар арқылы су беру, суару үшін су беру және жерүсті су ағынын тірек гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен реттеу бойынша көрсетілетін қызметтер бөлігінде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылауды және реттеуді жүзеге асырады;

20) су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жүзеге асырылуын үйлестіреді;

21) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес су қорын қорғау және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және қарауға қатысады;

22) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесін айқындайды, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін, оны қолдану шарттарын және осы шараның қолданылу мерзімін (қажет болған кезде) айқындайды.

Бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесіне Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау нысаны болып табылатын талаптар енгізіледі;

23) су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарын және су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарын әзірлеу қағидаларын бекітеді;

24) экологиялық су ағынының көлемін айқындау әдістемесін бекітеді;

25) су пайдаланушылар су ысырабын азайту және қолда бар ең үздік технологияларды ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындамаған кезде су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту қағидаларын бекітеді;

26) гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестатталатын ұйымдарға қойылатын талаптарды бекітеді;

27) ұйымдарды гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестаттауды жүзеге асырады;

28) гидротехникалық құрылысжайларға көпфакторлы зерттеп-қарауды жүргізу қағидаларын және гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі декларациясының нысанын бекітеді;

29) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу қағидаларын бекітеді;

30) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларға паспорт беруді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар паспортының нысанын бекітеді;

31) су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын есептеу әдістемесін бекітеді;

32) су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келіседі;

33) арнаулы су пайдалануға рұқсат алуға арналған өтініш нысанын және арнаулы су пайдалануға рұқсат нысанын бекітеді;

34) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін бекітеді;

35) мынадай:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау;

суарудың су үнемдейтін технологияларын ендіруге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекітеді;

36) бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылысжайларын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидиялар бөлу және субсидиялар төлеу қағидаларын бекітеді;

37) су қорын қорғау және пайдалану, су шаруашылығын дамыту саласында инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды ұйымдастырады;

38) суаратын суды пайдалану қағидаларын бекітеді;

39) осы Кодекстің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су қорын қорғау және пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

40) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның ведомствосы өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекциясының міндеттері мен функциялары

1. Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекциялары (бұдан әрі – бассейндік су инспекциялары) – осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген құзырет шеңберінде су шаруашылығы бассейндері шегінде су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының өңіраралық бөлімшелері.

2. Бассейндік су инспекциялары мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) су қатынастары субъектілерінің қызметін үйлестіреді;

2) құзыреті шегінде тиісті су шаруашылығы бассейнінің аумағында су ресурстарын пайдалануды мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын жүргізеді;

3) мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетеді:

Қазақстан Республикасының су заңнамасында және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен арнаулы су

пайдалануға рұқсатты беру, ұзарту, қайта ресімдеу, тоқтата тұру және оның қолданылуын тоқтату;

су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды келісу;

арнаулы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар су тарту немесе ағызу құрылысжайларының өлшеу аспаптарында және (немесе) құрылыстарында орнататын суды есепке алу аспаптарын пломбалау;

тіркеу шифрларын беру үшін гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі декларациясын тіркеу;

4) су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес су қорын қорғау және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

6) су қорын қорғау және пайдалану бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы халыққа хабар береді;

7) жерүсті су ағынын реттеу кезінде гидротехникалық құрылысжайлар жұмысының су режимін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде су қорын қорғау және пайдалану саласында белгіленген нормалар мен ережелерді бұза отырып жүзеге асырылатын су шаруашылығы құрылысжайларының, гидротехникалық құрылысжайлар мен өзге де объектілердің құрылысын тоқтату туралы талаптар қояды;

9) Қазақстан Республикасы су заңнамасының бұзылғаны туралы материалдарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұзушыларды жауапқа тарту үшін құқық қорғау органдары мен сотқа жібереді;

10) тиісті су шаруашылығы бассейні бойынша су шаруашылығы баланстарын әзірлеуге қатысады және оны бекітеді;

11) мыналарды:

жер учаскесіне құқық беруді, жерге орналастыру жобасын және су қоры жерлерінің құрамынан және су қорғау аймақтары шегінде жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуді;

аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын, елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын;

су қорын қорғау, су ресурстарын пайдалану және су шаруашылығы жүйелерін дамыту жөніндегі іс-шаралар бөлігінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын;

жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін;

су шаруашылығы құрылысжайлары және (немесе) гидротехникалық құрылысжайлар бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін балық аулауды және аквашаруашылықты жүргізу үшін конкурсқа шығарғанға дейін келіседі;

12) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және уәкілетті органның актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

25-бап. Өзге де уәкілетті органдардың құзыреті

1. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган:

1) жерасты су объектілерін мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастырады және жүргізеді;

2) жерасты сулары учаскелерінің қорына мемлекеттік сараптаманы ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ жер қойнауы кеңістігін пайдалануға лицензия беру туралы өтініштерге қоса берілетін геологиялық есептерге мемлекеттік сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

3) жерасты суларын зерттеу саласында жобалау, іздестіру, қолданбалы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және ғылыми-техникалық жұмыстар жүргізуді ұйымдастырады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың 4) тармақшасы осы Кодекстің 134-бабы 2-тармағына сәйкес 01.01.2028 дейін қолданылады.

4) арнаулы су пайдалануға рұқсат беру кезінде жерасты суларын алу және пайдалану шарттарын келісуді жүзеге асырады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың 5) тармақшасы осы Кодекстің 134-бабы 2-тармағына сәйкес 01.01.2028 дейін қолданылады.

5) тәулігіне бір мың текше метрден астам жерасты суларын алу кезінде жерасты суларын алу жобасын келіседі;

6) өз құзыреті шегінде осы Кодекстің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жерасты суларын зерттеу, есепке алу, қорғау және пайдалану бөлігінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

7) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы стратегиялық, реттеушілік функциялар мен іске асыру функцияларын жүзеге асырады;

2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қауіпсіздігінің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

3) елді мекендердің коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін басқару, пайдалану және дамыту кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

4) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеу мен субсидиялауды жүзеге асырады;

5) ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекітеді;

6) ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелерін енгізудің өлшемшарттарын бекітеді;

7) ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекітеді;

8) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдардың елді мекендерде бұрыннан бар активтерді кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

9) елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суаратын-жуатын, дренаждық суларды нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі арқылы бұру және тазарту бойынша көрсетілетін қызметтердің құны мен көлемін есептеу әдістемесін бекітеді;

10) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін мүлтіксіз жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекітеді;

11) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдардың сарқынды суларды тазарту құрылысжайлары кешендерін салу және реконструкциялау жобаларын іске асыру үшін тартылған облигациялық қарыздарды өтеуге және оларға қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарын субсидиялау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын үйлестіруді жүзеге асырады;

12) өз құзыреті шегінде осы Кодекстің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-1), 12-2) тармақшалармен толықтыру көзделген – ҚР 08.07.2026 № 340-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган:

1) су объектілерін халықты ауызсумен қамтамасыз ету көздеріне жатқызу қағидаларын;

2) елді мекеннің техникалық сумен жабдықтау жүйелері беретін техникалық судың техникалық регламентін бекітеді.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде су объектілерін ластану мен қоқыстанудан қорғауды, су экология жүйелерін қорғауды, су объектілеріне ластағыш заттардың төгілуін мемлекеттік реттеуді және жерүсті мен жерасты суларының сапасын бақылауды ұйымдастырады.

5. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді арнайы бейімдеудің ұсынылатын схемасын әзірлеу және бекіту шеңберінде, жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау бөлігінде су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларының тұжырымдарын ескере отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлерін аудандастыруды, олардың құрамы мен құрылымын әртараптандыруды жүргізеді.

6. Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларының тұжырымдарын ескере отырып, судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау үшін жерүсті су объектілерінің су жайылатын учаскелеріне орман өсіруді, өзінің

функционалдық қарамағындағы аумақтарда егісті қорғау үшін ағаш өсіруді ұйымдастырады.

26-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарының құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары:

1) жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін жыл сайын бекітеді;

2) уәкілетті орган бекіткен үлгілік қағидалар негізінде өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану қағидаларын бекітеді;

3) жергілікті атқарушы органдардың су қорын қорғау, су ресурстарын пайдалану, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын бекітеді;

4) бассейндік кеңестің жұмысына қатысады;

5) ауызсуды өрт сөндіруге пайдалану кезіндегі шығындарын сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдарға өтеуге жұмсалатын жергілікті атқарушы органдардың шығыстарын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесін қамтамасыз ету бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстардың жергілікті өкілді органдары ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекітеді.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) өз құзыреті шегінде су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

2) өз құзыреті шегінде елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

3) бассейндік су инспекцияларымен келісу бойынша су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілейді;

- 4) тиісті аумақтарда су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды;
- 5) су объектілерінде, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларда, елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;
- 6) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды басқаруды ұйымдастырады, оларды техникалық жарамды күйде ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- 7) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды, сондай-ақ тиісті аумақтағы иесіз қалған су шаруашылығы құрылысжайларын есепке алуды жүргізеді;
- 8) иесіз қалған су шаруашылығы құрылысжайларын коммуналдық меншікке айналдыру бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімдерді жүргізеді;
- 9) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялайды;
- 10) агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің су үнемдейтін суару технологияларын ендіруге жұмсаған шығыстарының бір бөлігін өтейді;
- 11) жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін жыл сайын әзірлейді;
- 12) жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы және жерасты суларына пайдалы қазбаларды өндіру салығы ретінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түскен өткен жылғы кіріс көлемі, сондай-ақ су қорын қорғау жөніндегі іс-шараларға бағытталған бюджет қаражаты шығыстарының сомасы туралы ақпаратты жыл сайын 1 мамырға дейін интернет-ресурста орналастырады;
- 13) су қорын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының құрамында су қорын қорғау, су үнемдеу және су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамыту жөніндегі іс-шараларды көздейді және іске асырады;
- 14) бассейндік кеңестердің жұмысына қатысады, бассейндік кеңестердің қарауына су қорын қорғау және пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау, су бұру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 15) бассейндік кеңестердің ұсынымдарын орындау жөнінде шаралар қабылдайды;
- 16) жерүсті су объектілерін санациялау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;
- 17) өз құзыреті шегінде климаттың өзгеруіне осалдықты бағалауды жүргізеді;

18) өз құзыреті шегінде экономиканың су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу жөніндегі басымдықтар мен шараларды айқындайды, оларды іске асыруды жүзеге асырады;

19) өз құзыреті шегінде айқындалған, экономиканың су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асырады және олардың нәтижелері негізінде осы шараларды түзетеді;

20) тасқын және еріген сулардан қорғау және (немесе) оларды су қоймаларын, көл жүйелерін және жерасты сулары көздерін толықтыруға бұру және (немесе) қайта бөлу үшін елді мекендерді, өнеркәсіптік объектілерді, ауыл шаруашылығы алқаптарын, көлік инфрақұрылымы объектілерін, қауіпті өндірістік объектілерді қорғаудың инженерлік жүйелерін құруды ұйымдастырады;

21) су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларының тұжырымдарын ескере отырып, судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау үшін жерүсті су объектілерінің су жайылатын учаскелеріне орман өсіруді, өздерінің функционалдық қарамағындағы аумақтарда егісті қорғау үшін ағаш өсіруді ұйымдастырады;

22) су қорын қорғау және пайдалану бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар, елді мекендердің коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларының, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы халыққа хабар береді;

23) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі елді мекендерде сумен жабдықтау мен су бұруды ұйымдастырады, елді мекен аумағында орталықтандырылған сумен жабдықтау болмаған жағдайда, суды әкелуді, ауызсу тарату пункттерін, блок-модульдер кешенін пайдаланып, орталықтандырылмаған сумен жабдықтауды ұйымдастырады;

24) уәкілетті органмен келісу бойынша ауызсумен жабдықтаудың резервтік көздерін айқындайды;

25) сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының елді мекендерде бұрыннан бар активтерін кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау, жаңарту, ұстап тұру және жаңа активтер құру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін тартылған халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын өтеуге және оларға қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарын субсидиялайды;

26) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, жаңғырту, цифрландыру, автоматтандыру және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

27) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша ауызсумен жабдықтау көздерін (ауызсу мақсаттары үшін су алу орындарын) санитариялық қорғау аймақтарын белгілейді;

28) тиісті аумақтарда елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

29) елді мекендерді техникалық сумен жабдықтау жүйелерін салуға және пайдалануға жеке инвесторларды тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

30) өз құзыреті шегінде осы Кодекстің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

31) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары:

1) ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелерін енгізудің өлшемшарттарына сәйкес ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекітеді;

2) ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін әзірлейді және облыстардың жергілікті өкілді органдарына бекітуге ұсынады;

3) ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен халыққа ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР 08.07.2026 № 340-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-бап. Жерасты суларын іздеуді, бағалауды және мониторингтеуді, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеуді және бағалауды мемлекеттік реттеу

1. Ұлттық гидрогеологиялық қызмет жерасты суларын іздеудің, бағалау мен мониторингтеудің мемлекеттік реттелуін техникалық және сараптамалық сүйемелдеуді, сондай-ақ суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеуді және бағалауды жүзеге асырады.

2. Ұлттық гидрогеологиялық қызмет мынадай қызметті жүзеге асырады:

1) халықтың және экономика салаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жерасты суларының ресурстарымен және қорларымен қамтамасыз етілуін талдау және бағалау;

2) жерасты су ресурстарын басқаруды цифрландыруды ұйымдастыру, гидрогеология мен геофльтрациялық және математикалық модельдер саласында дерекқорлар мен геоакпараттық жүйелерді, цифрлық, картографиялық дерекқорлар мен оларды басқару жүйелерін құру;

3) жерасты суларына мемлекеттік мониторинг жүргізу;

4) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;

5) жерасты суларын мемлекеттік іздеуді және бағалауды жүргізу;

6) иесіз қалған, су өздігінен ағып шығатын және авариялық гидрогеологиялық ұңғымаларды зерттеп-қарауды, жоюды және консервациялауды жүргізу;

7) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізу;

8) гидрогеология және инженерлік геология бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу.

3. Жерасты суларына мемлекеттік мониторингті, іздеуді және бағалауды, сондай-ақ суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйіне мониторинг пен бағалауды жүргізу бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.

4. Жерасты суларын іздеу мен бағалау уәкілетті орган бекіткен жерасты суларын іздеу мен бағалауды жүргізу қағидаларына сәйкес жерасты суларының су ресурстарына мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен де жүзеге асырылуы мүмкін.

29-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми қызмет пен ақпараттық-талдау қызметі

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми қызмет пен ақпараттық-талдау қызметі:

1) су ресурстарын мониторингтеу, бағалау, есепке алу және болжау;

2) су қорын қорғау және пайдалану, климаттың өзгеруі және экономиканың су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу саласындағы іргелі зерттеулер;

3) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын талдау;

4) су қорын қорғау және пайдалану, су үнемдеу және су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру саласында құқықтық, әдістемелік және технологиялық негіздерді әзірлеу;

5) жеке және заңды тұлғаларға экономика салаларында су үнемдеу технологияларын ендіруге және пайдалануға жәрдемдесу;

6) су шаруашылығы саласында ғылыми кадрларды, мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында жүргізіледі.

2. Уәкілетті органның қарамағындағы ғылыми ұйымдар, ақпараттық-талдау ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған ұйымдар мынадай:

1) су қоры туралы деректерді жинау және жүйелеу;

2) су объектілері мен су ресурстарын есепке алу, бағалау және болжау;

3) мемлекеттік су кадастрын жүргізу;

4) су объектілері мен су ресурстарын мониторингтеу, бағалау және болжау әдістерін жетілдіру;

5) экологиялық су ағынының көлемдерін және су пайдалану лимиттерін айқындау;

6) су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспарының жобасын, су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспарларының жобаларын, су шаруашылығы баланстарының жобаларын әзірлеу;

7) трансшекаралық су пайдалану саласында, оның ішінде трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімдер шеңберінде;

8) экономика салаларында су тұтыну мен су бұрудың ірілендірілген нормаларының жобаларын әзірлеу;

9) су үнемдейтін технологияларды әзірлеу бойынша тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар, оның ішінде Қазақстан Республикасының жағдайларында қолданылатын озық шетелдік технологиялар трансферті;

10) су қорын қорғау және пайдалану, су үнемдеу және су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру саласында ғылыми және инновациялық қызметтің нәтижелерін ендіру кезінде тәжірибелік-өндірістік тексеру;

11) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды салуға және реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға арналған жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына ғылыми-техникалық сараптама;

12) халық арасында су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөнінде ақпарат тарату, білімді насихаттау;

13) су ресурстарын пайдалану туралы ұлттық ақпараттық есепті әзірлеу бойынша стратегиялық ғылыми зерттеулер мен ақпараттық-талдау жұмыстарын орындайды.

3. Стратегиялық ғылыми зерттеулер мен ақпараттық-талдау жұмыстарын қаржыландыру бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.

Мәліметтері мемлекеттік және қызметтік құпияны құрайтын және (немесе) таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын стратегиялық ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

6-тарау. СУ ҚОРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ, МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

1-параграф. Мемлекеттік жоспарлау

30-бап. Су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспары

1. Су ресурстарын интеграцияланған басқарудың бас жоспары (бұдан әрі – бас жоспар) – сумен қамтамасыз етілу болжамдарын негізге ала отырып, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттарды, міндеттер мен тәсілдерді айқындайтын құжат.

2. Бас жоспар:

1) ағымдағы және болжанып отырған әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық, климаттық және өзге де ахуалды ескере отырып, су ресурстарын, оның ішінде трансшекаралық су ресурстарын және олардың пайдаланылуын бағалау мен болжауды;

2) Қазақстан Республикасының су шаруашылығы балансын;

3) экономика салаларында суды пайдаланудың экологиялық және әлеуметтік-экономикалық индикаторларын, оның ішінде судың экономикалық өнімділігін;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген индикаторларға қол жеткізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасында одан әрі мемлекеттік жоспарлау үшін экологиялық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми негізделген тұжырымдар мен ұсынымдарды;

5) осы Кодексте көзделген өзге де мәліметтерді қамтиды.

3. Сумен қамтамасыз етілуді және пайдалануға болатын суларды болжау бөлігіндегі бас жоспардың тұжырымдары мен ұсынымдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу кезінде назарға алынады.

4. Бас жоспар бюджет қаражаты есебінен он бес жыл мерзіммен ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

31-бап. Су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспары

1. Су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың бассейндік жоспары (бұдан әрі – бассейндік жоспар) – су объектілерін қорғау, қоршаған ортаның, халықтың және экономика салаларының су ресурстарына перспективалық қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ тиісті су шаруашылығы бассейнінің аумағындағы судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау үшін негізгі іс-шараларды айқындайтын құжат.

2. Бассейндік жоспар:

1) ағымдағы және болжанып отырған әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, экологиялық, климаттық және өзге де ахуалды ескере отырып, су ресурстарын, оның

ішінде трансшекаралық су ресурстарын және олардың пайдаланылуын бағалау мен болжауды;

2) тиісті бассейндің су шаруашылығы балансын;

3) трансшекаралық су объектілері бойынша мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстарды;

4) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды жаңғырту жөніндегі шараларды;

5) су ресурстары мен балама су көздерін пайдаланудың тұрақты тетігін дамыту жөніндегі шараларды;

6) жойылып кету қаупі төнген жерүсті су объектілерін қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды;

7) су мен қуаңшылықтың зиянды әсеріне ұшыраған аумақтардың картасын, сондай-ақ олардың алдын алу жөніндегі шараларды;

8) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Бассейндік жоспарда көзделген іс-шаралар:

1) экологиялық жүйелерді су шаруашылығы бассейнін орнықты дамыту негізі ретінде сақтауға;

2) қолда бар ең үздік технологияларды қолдану негізінде жерүсті және жерасты су ресурстарын үнемді және кешенді пайдалануға;

3) экономика салаларында су ресурстарының қайтарымсыз ысырабын және тазартылмаған сарқынды суларды ағызу көлемдерін азайтуға;

4) судың зиянды әсерінің алдын алуға және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбауға бағытталуға тиіс.

4. Бассейндік жоспарлар бюджет қаражаты есебінен он бес жыл мерзіммен ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді және оны уәкілеттік орган бекітеді.

32-бап. Су шаруашылығы баланстары

1. Су шаруашылығы балансы – белгілі бір объект үшін белгілі бір уақыт кезеңінде су ресурстарының болуы мен пайдаланылуы арасындағы арақатынасты көрсететін құжат.

Су объектісі немесе оның учаскелері, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, су шаруашылығы бассейні, Қазақстан Республикасы су шаруашылығы балансының объектілері болып табылады.

2. Су шаруашылығы баланстарының түрлері:

1) өткен есепті кезеңдегі деректер бойынша жасалатын және су шаруашылығындағы ахуалды талдауға арналған есепті баланс;

2) бас жоспар мен бассейндік жоспарды әзірлеуге арналған перспективалы баланс.

33-бап. Су ресурстарын пайдалану туралы ұлттық ақпараттық есеп

1. Су ресурстарын пайдалану туралы ұлттық ақпараттық есеп (бұдан әрі – ұлттық есеп) Қазақстан Республикасы су қорының жай-күйі, қорғалуы және пайдаланылуы туралы өткен күнтізбелік жылдағы талдамалық есеп болып табылады.

2. Ұлттық есепте мынадай:

1) су шаруашылығы балансының кіріс және шығыс бөліктерінің қысқаша сипаттамасы бар негізгі өзендердің сулылығы, трансшекаралық және өңірлік деңгейлерде су режимін реттеу бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтер;

2) су шаруашылығы бассейндері, өңірлер және экономика салалары бөлінісінде су ресурстарын пайдалануды талдау;

3) су объектілерінде, оның ішінде мемлекетаралық су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың саны мен жай-күйі;

4) су қорын қорғау бойынша іске асырылған іс-шаралар;

5) су қорын қорғау және пайдалану, су шаруашылығын дамыту саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру туралы, сондай-ақ қолда бар ең үздік технологиялар ендіру және гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі жөніндегі мәліметтер;

6) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы өзге де мәліметтер көрсетіледі.

3. Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар уәкілетті органның сұрау салуы бойынша қажетті мәліметтерді есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін ұсынады.

4. Ұлттық есеп жыл сайын 1 мамырдан кешіктірілмей уәкілетті органның интернет ресурсында жарияланады.

34-бап. Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі

1. Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесі су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды, стратегиялық және жедел шешімдер қабылдауды ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ су пайдаланушылардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету үшін құрылады.

2. Су қатынастары субъектілері уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде және нысанда су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін жүргізу және жаңартып отыру мақсатында су объектілері, су ресурстары, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар туралы мәліметтерді жинауды, өңдеуді және уәкілетті органның ведомствосына беруді қамтамасыз етеді.

3. Су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесін әзірлеуді, дамытуды, қолдап отыруды, оның үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыруды және оны өзге де

ақпараттандыру объектілерімен интеграциялауды, сондай-ақ су ресурстары жөніндегі деректерді талдауды және өңдеуді, аппараттық-бағдарламалық кешендерге жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымдары орындайды.

2-параграф. Су қорын мемлекеттік есепке алу

35-бап. Су қорын мемлекеттік есепке алу

1. Су қорын мемлекеттік есепке алу су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі, жерүсті су объектілерін геологиялық зерттеу, жерасты суларын іздеу және бағалау, сондай-ақ ғылыми зерттеулер нәтижесінде алынған деректерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

2. Су қорын мемлекеттік есепке алудың негізгі мақсаттары Қазақстан Республикасының су қоры туралы толық және анық ақпарат қалыптастыру және мүдделі субъектілерді осы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Су қорын мемлекеттік есепке алу деректері жерүсті және жерасты су объектілерінің жай-күйін сапалық және сандық көрсеткіштері, олардың зерттелу және пайдаланылу дәрежесі бойынша сипаттайды.

36-бап. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі

1. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі су объектілері жай-күйінің көрсеткіштеріне қатысты алынған деректерді байқаудың, өлшеудің, жинаудың, жинақтаудың, сақтаудың, есепке алудың, жүйелеудің, қорытудың, өңдеудің және талдаудың мемлекет қамтамасыз ететін кешенді жүйесін білдіреді.

3. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі мынадай:

1) су ресурстарының саны мен сапасын есепке алу, бағалау және болжау;

2) су ресурстарын қорғау мен пайдалануды жоспарлау;

3) судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау;

4) су ресурстарын жылдың сулы болуына және су шаруашылығы жағдайына қарай пайдалануды жедел реттеу;

5) су қорын қорғау және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүргізу мақсатында;

6) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы басқа да мақсаттарда жүргізіледі.

4. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі:

1) жерүсті су объектілері түбінің, жағалауының, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жай-күйіне;

2) жерүсті және жерасты су объектілері су ресурстарының сандық және сапалық сипаттамаларына;

3) су ресурстарының пайдаланылуына жүргізіледі.

5. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингі үшін:

1) мемлекеттік және жеке байқау желілерінің байқау пункттеріндегі жүйелі байқаулардың нәтижелері;

2) су объектілерін далалық зерттеулердің нәтижелері;

3) Жерді қашықтан зондтаудың нәтижелері;

4) Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет жүргізетін гидрологиялық мониторинг пен басқа да мониторинг түрлерінің нәтижелері;

5) санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің нәтижелері;

6) жер қойнауына мемлекеттік мониторингтің нәтижелері;

7) төтенше экологиялық ахуал аймақтары мен экологиялық зілзала аймақтарындағы экологиялық жағдайға мониторингтің нәтижелері;

8) сел және көшкін жағдайына мониторингтің нәтижелері;

9) су объектілері мен су ресурстары туралы архив деректері;

10) су объектілері мен су ресурстарының сандық және сапалық жай-күйі туралы басқа да мәліметтер ақпарат көзі болып табылады.

6. Су объектілері мен су ресурстарының мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

37-бап. Мемлекеттік су кадастры

1. Мемлекеттік су кадастры – су объектілерінің саны және жай-күйі, су ресурстарының саны, сапасы және пайдаланылуы, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлардың саны мен жай-күйі, су пайдаланушылар туралы ресми деректердің жүйеленген жиынтығы.

Мемлекеттік су кадастрына енгізілген жерүсті су объектісінің паспорты болады, онда тіркеу нөмірі, атауы және сандық, сапалық, техникалық, құқықтық және экономикалық көрсеткіштерді қамтитын кешенді сипаттамасы көрсетіледі.

Жерасты сулары көздерінің немесе учаскесінің паспортында тіркеу нөмірі, су тарту жобасы орталығының географиялық координаттары бар орналасқан жері және жерасты суларының су тұтқыш белдеулерін, қорларын, химиялық және физикалық қасиеттерін қамтитын негізгі гидрогеологиялық параметрлері, сондай-ақ жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес қимасы бар схемалық гидрогеологиялық карта көрсетіледі.

2. Мемлекеттік су кадастрының деректері:

1) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды, су қорын қорғауға және пайдалануға байланысты көліктік, өнеркәсіптік және басқа да кәсіпорындар мен құрылысжайларды жобалау;

2) су қорғау және су шаруашылығы іс-шараларын жоспарлау;

3) инвестициялық және кәсіпкерлік қызметті жоспарлау;

4) жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын жоспарлау;

5) экологиялық су ағынын және су пайдалану лимиттерін айқындау;

6) су шаруашылығы баланстарын әзірлеу;

7) бас жоспар мен бассейндік жоспарды әзірлеу;

8) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жоспарлау;

9) трансшекаралық су объектілері бойынша мемлекетаралық ынтымақтастық шеңберінде халықаралық міндеттемелерді орындау кезінде қолданылады.

3. Мемлекеттік су кадастры жазбаша түрде және электрондық нысанда тұрақты негізде жүргізіледі. Мемлекеттік су кадастрын жүргізу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

4. Су объектісі жойылған жағдайда су қорының жерін Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес басқа санаттағы жерлерге ауыстыру кезінде мемлекеттік су кадастрына тиісті су объектісінің жойылу себебі мен уақыты туралы ақпарат енгізіледі.

3-параграф. Су қорын қорғау және пайдалану саласында нормалау және сараптама жүргізу

38-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы нормалау

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы нормалаудың бірыңғай жүйесі су ресурстарының сапасына, суды пайдалануға, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне, өндірістік және өзге де қызметтің су объектілеріне әсер ету шектерін реттеуге қойылатын талаптарды регламенттеу мақсатында белгіленеді.

2. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы нормалауды уәкілетті орган және басқа да мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

39-бап. Экологиялық су ағыны

1. Экологиялық су ағыны – өзен, көл және теңіз экологиялық жүйесін сақтауға арналған және табиғатта қалдыруға жататын өзен ағынының міндетті үлесі.

2. Экологиялық су ағыны басымдықта болады және сақталуы міндетті болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

39-баптың 3-тармағы осы Кодекстің 134-бабы 1-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Экологиялық су ағыны әрбір өзен бассейні үшін айқындалады және жылдың сулы болуына және өзен ағынының жыл ішінде бөлінуіне байланысты болады.

40-бап. Су пайдалану лимиттері

1. Су пайдалану лимиттері – халықтың және экономика салаларының суға қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін су ресурстарын алудың (алып қоюдың) шекті рұқсат етілген көлемі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

40-баптың 2-тармағы осы Кодекстің 134-бабы 1-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Су пайдалану лимиттері экологиялық су ағыны айқындалғаннан кейін қалған су көлемі шегінде есептеледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

40-баптың 3-тармағы осы Кодекстің 134-бабы 1-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Су пайдалану лимиттері перспективалы және жедел лимиттер болып бөлінеді.

Су пайдаланудың перспективалы лимиттері ғылыми негіздемелер мен бассейндік жоспарлар негізінде су пайдаланушылар санаттары үшін су объектілері немесе олардың учаскелері, су шаруашылығы бассейндері және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бөлінісінде перспективалы су шаруашылығы баланстарын әзірлеу кезінде он жылдық кезеңге айқындалады және оларды уәкілетті орган белгілейді.

Бассейндік су инспекциялары су пайдаланудың жедел лимиттерін су пайдаланушылар санаттары үшін су шаруашылығы бассейнінің ішіндегі әкімшілік-аумақтық бірліктер бөлінісінде айлар бойынша бөле отырып, су пайдаланудың перспективалы лимиттері шеңберінде жыл сайын айқындайды. Бассейндік су инспекциялары су пайдаланудың жедел лимиттерін ағымдағы жылдың сулы болу болжамы, су объектілерінің экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйі және су пайдаланушылардың өтінімдері негізінде белгілейді.

4. Су ресурстарына қажеттілік су пайдаланушылардың өтінімдері негізінде жыл сайын қалыптастырылады.

5. Бассейндік су инспекциялары су аз болған жылы және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде су пайдаланудың жедел лимиттерін түзетеді және арнаулы су пайдалануға рұқсаттарда айқындалған су пайдалану көлемдерін азайтады.

Су пайдаланудың жедел лимиттерін түзету осы баптың 6-тармағының ережелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте тиісті бассейндік кеңестің ұсынымдарын

ескере отырып уәкілетті орган бекітетін, су пайдаланушылардың санаттары бөлінісінде су пайдалану лимиттері түзетіледі.

Су пайдаланушылардың бір санаты шеңберінде арнаулы су пайдалануға рұқсаттарда айқындалған су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайту тиісті бассейндік кеңестің ұсынымдарын ескере отырып уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, су ысырабын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын олардың орындауы ескеріліп жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген мәселелер бойынша бассейндік кеңестің ұсынымдары қабылданбаған жағдайда, уәкілетті орган уәжді негіздеме береді.

Бассейндік су инспекциялары жедел лимитке жүргізілген түзету қорытындылары бойынша су пайдаланушыларға он жұмыс күні ішінде арнаулы су пайдалану құқығын шектеу туралы хабарлама жібереді.

6. Ауызсумен жабдықтау үшін су объектісінен су алу кезінде арнаулы су пайдалану құқығын шектеуге не тоқтата тұруға болмайды.

Су аз болған жылдарда кепілдікті қамтамасыз етуге есептелген өнеркәсіп және аквашаруашылықты жүргізу мақсаттары үшін сумен жабдықтау, судың аздығы орташа болған жылдарда кепілдікті қамтамасыз етуге есептелген суармалы егіншілік және орташа сулы болған жылы кепілдікті қамтамасыз етуге есептелген жайылма суару ауызсумен жабдықтаудан кейінгі басымдықтар болып табылады.

41-бап. Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі

1. Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – сыныптаудың бірыңғай жүйесі) жерүсті су объектілерінің экологиялық әлеуетін су сапасының сыныбын және су пайдаланудың ұсынылатын түрлерін айқындау арқылы бағалауға арналған.

Сыныптаудың бірыңғай жүйесін жеке және заңды тұлғалардың қызметін реттеуге байланысты өзге де мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.

2. Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасының сыныптары су сапасын сипаттайтын сандық мәндерге қарай айқындалады және түрлері мен су пайдаланушылардың санаттарына қарай су пайдалану мақсаттары үшін оларды пайдалану жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

3. Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасының сыныптары су объектілері мен су ресурстарына мемлекеттік мониторинг барысында айқындалады.

4. Сыныптаудың бірыңғай жүйесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекітеді.

42-бап. Су тұтыну мен су бұрудың ірілендірілген және үлестік нормалары

1. Су тұтыну мен су бұруды нормалау – су ресурстарын үнемді және тиімді пайдалану мақсатында өнім бірлігін өндіру, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету үшін қажетті су мөлшерін ғылыми-негізделген айқындау.

Су тұтыну мен су бұруды нормалау су тұтыну мен су бұрудың ірілендірілген және үлестік нормаларын әзірлеуді қамтиды.

2. Су тұтыну мен су бұрудың ірілендірілген нормалары бас жоспар мен бассейндік жоспарды әзірлеуге, салынып жатқан және реконструкцияланатын сумен жабдықтау, суару жүйелерін және өнеркәсіптік объектілерді жобалауға арналған және оларды уәкілетті орган бекітеді.

3. Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын су пайдаланушылар су ысырабын азайту және арнаулы су пайдалануға одан әрі рұқсат алу үшін бес жылдық мерзімге су тұтыну мен су бұру көлемін негіздеу үшін есептейді.

Су пайдаланушы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді өнеркәсіптік су тұтынушыларға ұсынған жағдайда, шартта өнеркәсіптік мұқтаждықтарға су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын өнеркәсіптік су тұтынушының әзірлеуі және ұсынуы жөніндегі талаптар көрсетіледі.

4. Мынадай:

- 1) орталықтандырылған ауызсумен жабдықтау үшін су ресурстарын алып қоюды;
- 2) жерүсті ағынын реттеу жөніндегі қызметті;
- 3) су объектілерін олардан су ресурстарын алып қоймай пайдалануды;

4) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ілеспе алынған жерасты суларын (шахта, карьер, кеніш суларын, көмірсутектермен ілесіп өндірілген қабаттық суларды) ағызуды;

5) айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйелерін қоректендіру үшін ғана су ресурстарын алып қоюды жүзеге асыратын су пайдаланушылар мен су тұтынушылар үшін су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын әзірлеу талап етілмейді.

43-бап. Су шаруашылығы ұйымдарының нормалары мен нормативтері

1. Су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалануды материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормаларын су шаруашылығы ұйымдары оларды тиісінше пайдалану мақсатында материалдарға, жабдыққа, техникаға және басқа да жабдыққа (шығыс материалдарына) үлестік қажеттілікті айқындау үшін әзірлейді.

2. Су шаруашылығы ұйымының инженерлік-техникалық жұмыскерлері санының нормативтерін олар су шаруашылығы құрылысжайын тиісінше пайдалануды қамтамасыз ете алатын еңбек ресурстарының үлестік санын анықтау үшін әзірлейді.

44-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы сараптама

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласында мынадай сараптама түрлері жүргізіледі:

1) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттама бойынша объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама (бұдан әрі – ведомстводан тыс кешенді сараптама);

2) жерасты сулары учаскелерінің қорына мемлекеттік сараптама;

3) мемлекеттік экологиялық сараптама;

4) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама.

2. Объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жобалау шешімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалауға арналған бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына сәйкестігін (сәйкес еместігін) анықтау, сондай-ақ жобалау шешімдері мен есептеулерінде қала құрылысы регламенттері мен техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтау жолымен жобалардың сапасына талдау мен бағалауды жүргізу мақсатында жүзеге асырылады.

Бөгеттерді салуға немесе реконструкциялауға арналған жобалау құжаттамасы олардың гидравликалық модельдік зерттеулерінің нәтижелері болған кезде немесе мұндай зерттеулердің қажетсіздігін негіздеген кезде ғана сараптамаға ұсынылуы мүмкін.

Ведомстводан тыс кешенді сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

3. Жерасты сулары учаскелерінің қорына мемлекеттік сараптаманы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

4. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

4-параграф. Рұқсаттар мен келісулер

45-бап. Арнаулы су пайдалану туралы жалпы ережелер

1. Арнаулы су пайдалануды жеке және заңды тұлғалар арнаулы су пайдалануға рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) негізінде жүзеге асырады.

2. Мыналар арнаулы су пайдалануға жатады:

1) тікелей жерүсті су объектісінен су ресурстарын алу;

2) жерасты суларын алу;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, сондай-ақ құрылыс қызметін жүргізу кезінде дренаждық суларды немесе ілеспе алынған жерасты суларын пайдалану;

4) тазартылған сарқынды суларды жерүсті су объектілеріне, жер қойнауына, сарқынды суларды жинақтағыштарға және жергілікті жер бедеріне ағызу;

5) жерүсті су ағынын реттеу.

3. Мыналар арнаулы су пайдалануға жатпайды:

1) елді мекендерді орталықтандырылған ауызсумен жабдықтау үшін пайдаланылмайтын, жер бетінен бірінші су тұтқыш белдеудегі шахта құдықтарын, құбырлы сүзгіш құдықтарды, шегендеу құрылысжайларын пайдалану кезінде су ресурстарын алу;

2) кемеңің және оның технологиялық жабдықтарының жұмысын қамтамасыз ету үшін су объектілерінен кемелермен су алу;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, сондай-ақ құрылыс қызметін жүргізу кезінде ілеспе алынған жерасты суларын (шахта, карьер, кеніш суларын, дренаждық суларды) одан әрі пайдаланбау шартымен алу (айдау);

4) елді мекендерді орталықтандырылмаған ауызсумен жабдықтау кезінде су объектілерінен тәулігіне бес текше метрге дейінгі көлемде су алу;

5) жайылымдарды суландыру үшін жерүсті және жерасты су объектілерінен су ресурстарын алу;

6) осы Кодекстің 113-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген шарттарда еріген, нөсер және тасқын сулардың жинақталуы.

4. Жеке және заңды тұлғалар қызметінің мынадай рұқсат беру талаптарына сәйкестігі:

1) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларға және (немесе) арнаулы су пайдалануды жүзеге асыруға көмек болатын техникалық құрылысқа меншік құқығы немесе оларды пайдалану құқығы негіздерінің болуы;

2) су шаруашылық құрылысжайының паспорты мен оны пайдалану қағидаларының, ал қауіптілігі ықтимал гидротехникалық құрылысжайлар үшін қауіпсіздік декларациясының да болуы;

3) су пайдалану көлемінің су пайдаланудың бекітілген жедел лимитіне, оның ішінде осы Кодекстің 40-бабының 5-тармағына сәйкес түзетілген лимитіне сәйкестігі;

4) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тұрған, алынған су ресурстары мен ағызылған тазартылған сарқынды сулардың көлемін өлшеу құралдарының болуы;

5) шаруашылық сумен және ауызсумен жабдықтау үшін жерүсті және (немесе) жерасты суларын алу кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы, сондай-ақ ауызсумен жабдықтайтын су тарту құрылысжайларының санитариялық қорғау аймақтарының болуы;

6) су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын келісудің болуы, ал осы Кодекстің 42-бабы 4-тармағының 1-тармақшасында аталған тұлғалар үшін – су тұтыну мен су бұру көлемдерін негіздеу есеп-қисабының болуы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақтың 7) тармақшасы осы Кодекстің 134-бабы 1-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

7) тікелей жерүсті су объектісінен су ресурстарын алып қоймай пайдалануды жүзеге асыратын не қолда бар ең үздік технологияларды толық ендірген және судың өнімсіз ысырабын азайтқан су пайдаланушыларды қоспағанда, су ысырабын азайту және қолда бар ең үздік технологияларды ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуы (кемінде бес жыл);

8) тазартылған сарқынды сулар мен өндірістік суларды жерүсті су объектілеріне, жер қойнауына, сарқынды суларды жинақтағыштарға және жергілікті жер бедеріне ағызу кезінде I және II санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсаттың не III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсері туралы декларацияның болуы су объектілерінен су алу және (немесе) тазартылған сарқынды суларды ағызу кезінде рұқсат беру және кейіннен арнаулы су пайдалануды жүзеге асыру шарты болып табылады. Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектілерді I, II немесе III санаттағы объектілерге жатқызу Қазақстан Республикасының Экология кодексіне 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады;

9) осы Кодекстің 67-бабына сәйкес су ресурстарын пайдаланғаны үшін уақтылы және анық өндірістік бақылауды жүргізу су объектілерінен су алу және (немесе) тазартылған сарқынды суларды ағызу кезінде рұқсат беру және кейіннен арнаулы су пайдалануды жүзеге асыру шарты болып табылады.

5. Жеке және заңды тұлғалар қызметінің осы баптың 4-тармағында көрсетілген рұқсат беру талаптарына қосымша мынадай рұқсат беру талаптарына сәйкестігі:

1) осы Кодекстің 93-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкестігі;

2) мынадай:

минералды жерасты суларын алғанда – кез келген көлемде алып қою кезінде;

жерасты суларының өзге түрлерін алғанда – тәулігіне елу текше метрден астам көлемде алып қою кезінде жерасты сулары учаскелерінің бекітілген қорының болуы;

3) ұңғымалардағы су деңгейін өлшеуге арналған аспаптардың немесе манометрлердің (су өздігінен ағып шығатын ұңғымалар үшін) болуы;

4) тәулігіне бір мың текше метрден астам көлемде жерасты суларын алу кезінде:

жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісілген, байқау желісінің құрамы мен конструкциясы, жерасты суларының шығысы, динамикалық және статикалық деңгейлері, химиялық құрамын байқаудың кезеңділігі мен тәртібі көрсетілген жерасты суларын мониторингтеу бағдарламасының болуы;

жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісілген жерасты суларын алу жобасының болуы жерасты суларын алу кезінде рұқсат беру және кейіннен арнаулы су пайдалануды жүзеге асыру шарты болып табылады.

Жерасты суларын алу жобасын және жерасты суларын мониторингтеу бағдарламасын әзірлеу және келісу тәртібін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекітеді.

6. Балық қорғау және (немесе) балық жіберу құрылғысының болуы, осы баптың 4-тармағында көрсетілген талаптардан басқа, жерүсті су объектілерінен су ресурстарын алу кезінде рұқсат берудің және кейіннен арнаулы су пайдалануды жүзеге асырудың қосымша шарты болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

45-баптың 7-тармағы осы Кодекстің 134-бабы 1-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйелері бар өнеркәсіптік ұйымдар мен жылу өндіретін субъектілерді қоспағанда, осындай сумен жабдықтау жүйелеріне кезең-кезеңімен (бес жылдан асырмай) көшу жоспарының болуы өнеркәсіптік ұйымдар мен жылу өндіретін субъектілер жерүсті су объектілерінен су ресурстарын алған кезде рұқсат берудің және кейіннен арнаулы су пайдалануды жүзеге асырудың қосымша шарты болып табылады.

8. Жеке және заңды тұлғаларда осы баптың 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген рұқсат беру талаптарына қосымша жерүсті су ағынын реттеу кезінде гидротехникалық құрылысжай жұмысының бекітілген су режимінің болуы жерүсті су ағынын реттеу кезінде рұқсат беру және кейіннен арнаулы су пайдалануды жүзеге асыру шарты болып табылады.

46-бап. Рұқсатты ресімдеу

1. Өтініш беруші рұқсат алу үшін осы Кодекстің 45-бабының 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, бассейндік су инспекциясына өтініш береді.

2. Су пайдаланушылар су ресурстарына қажеттілікті – су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын негізге ала отырып, ал орталықтандырылған ауызсумен жабдықтау үшін су тұтыну мен су бұру көлемін негіздейтін есеп-қисаптарға сүйене отырып есептейді.

Бассейндік су инспекциялары осы Кодекстің 40-бабының ережелеріне сәйкес су пайдалану лимиттерін негізге ала отырып, су пайдалану көлемін айқындайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың қолданысы 01.01.2028 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде бұл тармақ осы Кодекстің 134-бабы 3-т. редакциясында қолданылады.

3. Жерасты суларының бекітілген баланстық қорлары болмаған және суға мәлімделген қажеттілік тәулігіне бір мың текше метрге дейін болған жағдайда, бассейндік су инспекциялары пайдалану тәжірибесі бойынша жерасты суларының қорын бағалау және сараптама жүргізу мақсатында берілген рұқсат шеңберінде мониторингтік зерттеулер жүргізу шартымен үш жылға дейінгі мерзімге арнаулы су пайдалануға рұқсат береді.

4. Бассейндік су инспекциялары рұқсатты барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

5. Рұқсат мынадай:

1) өтініш беруші аз мерзімді көрсеткен;

2) жерасты суларының бекітілген баланстық қорларының қолданылу мерзімі өтініш беруші сұратқан рұқсаттың қолданылу мерзімінен бұрын аяқталатын;

3) жерасты суларының бекітілген баланстық қорлары болмаған жағдайларды қоспағанда, бес жыл мерзімге беріледі.

Жерасты суларының бекітілген баланстық қорлары болмаған кезде рұқсат үш жыл мерзімге беріледі.

6. Көрсетілетін қызметті берушілердің "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартуы негіздерінен басқа, рұқсат беруден осы Кодекстің 48 және 49-баптарында белгіленген тәртіппен арнаулы су пайдалануды жүзеге асыруға тыйым салу (тоқтата тұру) түрінде арнаулы су пайдалану құқығының шектелуіне байланысты бас тартылуы мүмкін.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 254-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-бап. Рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту және оны қайта ресімдеу

1. Заңды тұлға атауының өзгеруі және (немесе) оның орналасқан жерінің өзгеруі, жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта

көрсетілсе) өзгертуі, дара кәсіпкерді қайта тіркеу өтініш негізінде рұқсатты қайта ресімдеу қажеттілігіне алып келеді.

Бассейндік су инспекциясына өтініш растайтын құжаттар қоса беріліп, өзгерістер болған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жіберіледі.

2. Егер су пайдалану шарттары және су тұтыну мен су бұрудың үлес нормалары өзгеріссіз қалса, рұқсаттың қолданылу мерзімі осы Кодекстің 45-бабының 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келетін шарттарда су пайдаланушының өтініші негізінде ұзартылуы мүмкін.

Бассейндік су инспекциялары рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартуды өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынған барлық қажетті құжаттармен өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

3. Рұқсаттың қолданысы осы Кодекстің 46-бабының 5-тармағында көрсетілген мерзімдерге ұзартылады.

Жерасты суларын алуға рұқсаттың қолданысын ұзарту мерзімі жерасты суларының қорын бекіту мерзімінің аяқталу күнімен шектеледі.

48-бап. Арнаулы су пайдалану құқығын шектеу

1. Арнаулы су пайдалану құқығы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғанысын, халықтың денсаулығын, қоршаған ортаны, тарихи-мәдени мұраны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ су аз болған жылдары және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен уақытша шектелуі мүмкін.

Арнаулы су пайдалану құқығын шектеу халықты ауызсумен қамтамасыз ету жағдайларын нашарлатпауға тиіс.

2. Арнаулы су пайдалану құқығын шектеу арнаулы су пайдалану құқығын жүзеге асыруға тыйым салу (тоқтата тұру) немесе су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайту түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Арнаулы су пайдалануды жүзеге асыруға тыйым салу (тоқтата тұру) арнаулы су пайдалану құқығын беруге өтініштерді қабылдауды тоқтата тұрудан және (немесе) шектеу енгізу кезінде қаралып жатқан өтініштер бойынша осы құқықты беруден бас тартудан және берілген рұқсаттардың қолданысын уақытша тоқтата тұрудан тұрады.

4. Арнаулы су пайдалануды жүзеге асыруға тыйым салу (тоқтата тұру) енгізілетін құқықтық шектеу шаралары мен олардың кеңістіктегі және уақыттағы әрекетін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша енгізіледі.

5. Бассейндік су инспекциялары су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайтуды осы Кодекстің 40-бабының 5-тармағына сәйкес су пайдаланудың жедел лимиттері түзетілгеннен кейін қолданыстағы рұқсаттар бойынша жүзеге асырады.

6. Арнаулы су пайдалану құқығын шектеуді бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

49-бап. Рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру, тоқтату және одан айыру

1. Бассейндік су инспекциясы рұқсаттың қолданысын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мынадай:

1) Қазақстан Республикасы су заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған;

2) рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда тоқтата тұрады.

2. Бассейндік су инспекциясы су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау барысында осы баптың 1-тармағында көрсетілген фактілер анықталған кезде мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою туралы нұсқама береді. Бассейндік су инспекциясы анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпарат ұсынылмаған және (немесе) бұзушылық жойылмаған жағдайда, бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалу фактісін анықтау тұрғысынан жоспардан тыс тексеру жүргізеді.

Бассейндік су инспекциясы жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болатын бұзушылықтар жойылмаған кезде рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру түрінде жедел ден қою шарасын қолдану туралы нұсқама шығарады.

3. Рұқсат мынадай жағдайларда:

1) су пайдаланушы арнаулы су пайдалану құқығынан бас тартқан;

2) арнаулы су пайдалану мерзімі өткен және (немесе) жерасты суларының қорын бекіту мерзімі өткен;

3) су пайдаланушы – жеке тұлға қайтыс болған;

4) су пайдаланушы – заңды тұлға таратылған;

5) су объектілері ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына қосылған;

6) су объектілері табиғи немесе жасанды түрде жойылып кеткен;

7) рұқсаттан айырылған (рұқсат кері қайтарып алынған) жағдайларда, тоқтатылуға жатады.

4. Бассейндік су инспекциясы осы баптың 3-тармағының 1), 2), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер басталған жағдайда, су пайдаланушыға рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабархат жібереді.

5. Рұқсаттан айыру (рұқсатты кері қайтарып алу):

1) ауызсумен жабдықтауға арналған су объектілерін (су ресурстарын) бір жыл бойы пайдаланбаған;

2) су объектілерін (су ресурстарын) үш жыл бойы пайдаланбаған;

3) рұқсаттың қолданысын тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтар жойылмаған жағдайларда жүргізіледі.

Рұқсаттан айыру (рұқсатты кері қайтарып алу) үшін негіздер су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау барысында анықталады.

Рұқсаттан айыру (рұқсатты кері қайтарып алу) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

50-бап. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылысжайлар мен басқа да объектілерді орналастыруды, жобалауды және салуды, реконструкциялауды, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды жүргізу шарттарын келісу

1. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылысжайлар мен басқа да объектілерді орналастыруды (тұстаманы таңдауды) келісу жобалаудың бастапқы сатысында жүргізіледі.

Су тұтынуға және (немесе) сарқынды суларды ағызуға байланысты жаңа құрылысжайлар мен объектілерді салу жобаларында, сондай-ақ осындай құрылысжайлар мен объектілерді реконструкциялау кезінде жеке бөліммен арнаулы су пайдалану шарттары мен суды пайдаланудың алдын ала көлемдері қарастырылады.

Су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды жүргізу осы Кодекстің 86-бабы 1, 2 және 3-тармақтарының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген жобалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органдармен олардың құзыреті шегінде келісіледі.

Жобалау құжаттамасын қарау, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды қоспағанда, жер учаскесін беру келісілгеннен кейін және ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізілгенге дейін жүзеге асырылады.

3. Су объектілерінде және (немесе) су қорғау аймақтарында жаңа объектілерді (ғимараттарды, құрылысжайларды, олардың кешендері мен коммуникацияларын) жобалау, салу және орналастыру, сондай-ақ объектілер алып жатқан жер учаскелерін су қорғау аймақтары мен белдеулеріне жатқызғанға дейін тұрғызылған объектілерді реконструкциялау (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу) бассейндік су инспекцияларымен келісіледі.

4. Көрсетілетін қызметті берушілердің "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуы негіздерінен басқа,

бассейндік су инспекциялары пайдалануға болатын су ресурстары немесе жерасты суларының бекітілген қоры болмаған немесе жоспарланатын қызмет жобасы осы Кодекстің 86-бабының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, құжаттардың жобаларын келісуден бас тартады.

5. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылысжайлар мен басқа да объектілерді орналастыруды, жобалауды және салуды, реконструкциялауды, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, ұнғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды жүргізу шарттарын келісу қағидаларын уәкілетті орган бекітеді

Ескерту. 50-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 254-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-параграф. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

51-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы жалпы ережелер

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау осы Кодекске және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде өз бетінше су пайдалануға жол берілмеуін және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға осы Кодексте белгіленген тыйым салулардың сақталуын, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының су қорын қорғау және пайдалану саласында өздеріне жүктелген функцияларды сақтауын мемлекеттік бақылау осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Каналдар арқылы су беру, суару үшін су беру бойынша және тірек гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жерүсті су ағынын реттеу бойынша көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің

қызметін мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Уәкілетті органның ведомствосы бассейндік су инспекцияларының су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Уәкілетті орган ведомствосының және бассейндік су инспекциясының мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттілік берілген лауазымды адамдары мемлекеттік су инспекторлары болып табылады.

3. Бассейндік су инспекциялары:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының су қорын қорғау және пайдалану саласында өздеріне жүктелген функцияларды сақтауын;

2) арнаулы су пайдалануға рұқсаттың болуын;

3) жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары шегінде, сондай-ақ тікелей су объектілерінде шаруашылық қызметтің белгіленген режимінің сақталуын, оның ішінде:

су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде судың жай-күйіне әсер ететін құрылысжайлар мен басқа да объектілерді орналастыруды, жобалауды және салуды, реконструкциялауды бассейндік су инспекциясымен келісудің болуын;

су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды жүргізу шарттарын келісудің болуын;

мынадай:

су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылысжайларды және судың жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілерді салуға, реконструкциялауға арналған, бассейндік су инспекциясымен келісілген жобалау құжаттамасы;

су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс қызметіне, ағаш өсіруге, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясына, ауыл шаруашылығы жұмыстары мен өзге де жұмыстарға байланысты жұмыстарды жүргізу шарттарын бассейндік су инспекциясымен келісу шарттарының сақталуын;

4) рұқсатта белгіленген шарттар мен талаптардың сақталуын;

5) суды бастапқы есепке алуды жүргізу және ол бойынша есептілікті уақтылы ұсыну жөніндегі талаптардың сақталуын;

6) алынған су ресурстары мен тазартылған сарқынды суларды ағызу көлемін есепке алуға арналған өлшеу құралдарының болуын, жарамды күйде болуын (жарамдылығын) және оларды тексеру мерзімдерінің сақталуын;

7) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану қағидаларының сақталуын;

8) гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады.

4. Осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау осы Кодекстің 52-бабына сәйкес жүзеге асырылады

Осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасында және 3) тармақшасының бірінші, екінші және үшінші абзацтарында көзделген су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау осы Кодекстің 53-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы баптың 3-тармағы 3) тармақшасының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарында, 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қоғамдық қауіпті зардаптардың туындауын болғызбау мақсатында су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша осы Кодексте және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген тәртіппен жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін.

52-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының су қорын қорғау және пайдалану саласында өздеріне жүктелген функцияларды сақтауын мемлекеттік бақылау

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының су қорын қорғау және пайдалану саласында өздеріне жүктелген функцияларды сақтауын мемлекеттік бақылауды бассейндік су инспекциялары бақылау субъектісін алдын ала хабардар етпей және тексеруді тағайындау туралы актіні тіркемей тексеру нысанында, сондай-ақ осы бапта көзделген мемлекеттік бақылау нысанасына қатысты мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында қамтылған есептер мен ақпаратқа талдау жүргізу арқылы жүзеге асырады.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жүктелген:

1) бассейндік жоспарларды іске асыру үшін су қорын қорғау, су ресурстарын пайдалану, су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

2) жерүсті су объектілерін санациялау;

3) су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу;

4) жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін жыл сайын айқындау;

5) бассейндік кеңестердің ұсынымдарын орындау бойынша шаралар қабылдау;

6) тасқын және еріген сулардан қорғау және (немесе) оларды су қоймаларын, көл жүйелерін және жерасты суларының көздерін толықтыруға бұру және (немесе) қайта бөлу үшін елді мекендерді, өнеркәсіптік объектілерді, ауыл шаруашылығы алқаптарын, көлік инфрақұрылымы объектілерін, қауіпті өндірістік объектілерді қорғаудың инженерлік жүйелерін құруды ұйымдастыру;

7) бассейндік жоспарлардың тұжырымдарына сәйкес судың зиянды әсерінің алдын алу және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау үшін жерүсті су объектілерінің су жайылатын учаскелеріне орман өсіруді, өздерінің функционалдық қарамағындағы аумақтарда егісті қорғау үшін ағаш өсіруді ұйымдастыру;

8) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларын, сондай-ақ тиісті аумақтағы иесіз қалған су шаруашылығы құрылысжайларын есепке алу жөніндегі функциялардың сақталуы мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылады.

3. Мыналар мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады:

1) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар;

2) облыстардың жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар.

4. Мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында қамтылған есептілік пен ақпаратты нақтылау үшін оларды талдау барысында бассейндік су инспекциялары осы Кодекстің 27-бабында көзделген функцияларға қатысты ресми ақпаратты мемлекеттік бақылау субъектілерінен сұратуға құқылы. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары сұратылған ақпаратты өз құзыреті шегінде беруге міндетті.

5. Бассейндік су инспекциясы есептер мен ақпаратты талдау қорытындылары бойынша мемлекеттік бақылау субъектілерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) бұзушылықтар анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдар әзірлейді және оларды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органына қарау үшін жібереді. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдардың көшірмесі уәкілетті органға жіберіледі.

6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары есептер мен ақпаратты талдау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтармен не ұсынымдарда көрсетілген жекелеген ережелермен келіспеген

жағдайда, ұсыным табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өз қарсылықтарын бассейндік су инспекциясына жіберуге құқылы.

7. Тексерулер:

- 1) жоспарлы;
- 2) жоспардан тыс болып бөлінеді.

8. Жоспарлы тексерулер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірілмей, уәкілетті органның ведомствосы бекітетін жылдық жоспарға сәйкес жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі, онда мыналар:

- 1) бекіту күні мен нөмірі;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексерілетін субъектінің атауы;
- 4) тексерілетін субъектінің (объектінің) тұрған жері;
- 5) тексеру нысанасы;
- 6) тексеруді жүргізу мерзімдері;
- 7) жоспарға қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы қамтылады.

Тексерулердің жылдық жоспары уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Жоспарлы тексеруді жүргізу мерзімі он бес жұмыс күнін құрайды.

Бақылау субъектісі таратылған, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген немесе мемлекеттік бақылау субъектілері арасында өкілеттіктер қайта бөлінген жағдайларда, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, эпидемияның, карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың таралуы, уланулар, радиациялық авариялар және соларға байланысты шектеулер туындаған немесе олардың туындау қатері төнген кезде төтенше жағдай режимі енгізілген жағдайларда, жоспарлы тексерулер жүргізудің жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жүзеге асырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар басталған кезде жоспарлы тексеру табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай режимі немесе төтенше жағдай жойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы не тоқтатыла тұруы мүмкін.

9. Жоспардан тыс тексеру:

1) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен, Қазақстан Республикасының су қорын қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу туралы расталған жолданымдар болған кезде;

2) тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуына бақылау жүргізу мақсатында;

3) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүддесіне зиян келтірілгені не зиян келтіру қатері туралы нақты фактілермен прокурордың талабы бойынша;

4) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық қудалау органының тапсырмасымен жүргізіледі.

Анонимді жолданымдар болған жағдайда, жоспардан тыс тексерулер жүргізілмейді.

Жоспардан тыс тексеруді жүргізу мерзімі бес жұмыс күніне дейін ұзартыла отырып, бес жұмыс күнінен аспайды. Бұл мерзім бір реттен асырмай ұзартылуы мүмкін.

10. Тексерулер бассейндік су инспекциясының тексеруді тағайындау туралы актісі негізінде жүргізіледі, онда:

1) күні мен нөмірі;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) тексеру жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер;

5) тексерілетін субъектінің атауы;

6) тексеру түрі;

7) тағайындалған тексерудің нысанасы;

8) тексеруді жүргізу мерзімі;

9) тексеруді жүргізу негіздері;

10) тексерілетін кезең;

11) актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы;

12) мемлекеттік бақылау субъектісі басшысының не оның уәкілетті адамының (уәкілетті адамдарының) актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы қамтылады.

11. Бассейндік су инспекциясының лауазымды адамы тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы акт және бұзушылықтар болған жағдайда, оларды жою туралы нұсқама жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

1) тексеруді жүргізу және актіні жасау орны, күні және уақыты;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) мемлекеттік бақылау субъектісінің атауы, тексеру жүргізу кезінде қатысқан өкілдің лауазымы;

5) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;

6) мемлекеттік бақылау субъектісі өкілдерінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың тексеру нәтижелері туралы актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;

7) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) қолтаңбасы қамтылады.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада:

1) тексеруді жүргізу және нұсқаманы жасау орны, күні және уақыты;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) мемлекеттік бақылау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеру жүргізу кезінде қатысқан өкілінің лауазымы;

5) жою мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар;

6) мемлекеттік бақылау субъектісі өкілдерінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың бұзушылықтарды жою туралы нұсқамамен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;

7) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) қолтаңбасы қамтылуға тиіс.

12. Тексеру нәтижелері туралы акт және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама екі данада жасалады. Бір данасы мемлекеттік бақылау субъектісіне беріледі, екіншісі бассейндік су инспекциясында қалады.

Тексеру нәтижелері туралы актінің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысанын уәкілетті орган бекітеді.

13. Бассейндік су инспекциясының лауазымды адамдарының тексеруді жүргізу кезінде:

1) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын көрсеткен кезде мемлекеттік бақылау объектісінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тігу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін алуға;

3) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға құқығы бар.

14. Бассейндік су инспекциясының тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдарына тексеру нысанына жатпайтын талаптар қоюға және өтінулермен жүгінуге тыйым салынады.

Бассейндік су инспекциясының лауазымды адамдары тексеруді жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік бақылау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүддесін сақтауға;

2) тексеруді осы Кодексте белгіленген тәртіп негізінде және соған қатаң сәйкестікте жүргізуге;

3) тексеруді жүргізу кезеңінде мемлекеттік бақылау субъектілерінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

5) мемлекеттік бақылау субъектісіне не оның уәкілетті өкіліне тексеруді жүргізу кезінде қатысуға кедергі келтірмеуге, тексеру нысанасына жататын мәселелер бойынша түсіндірме беруге;

6) мемлекеттік бақылау субъектісіне тексеру нысанасына жататын қажетті ақпаратты беруге;

7) мемлекеттік бақылау субъектісіне – тексеру нәтижелері туралы актіні, бұзушылықтар анықталған жағдайларда, тексеру аяқталған күні оның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы табыс етуге;

8) тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

15. Мемлекеттік бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеруді жүзеге асыру кезінде:

1) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын көрсеткен бассейндік су инспекциясының лауазымды адамдарының тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының осы баптың 13-тармағында көзделген құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге міндетті.

16. Мемлекеттік бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеруді жүзеге асыру кезінде:

1) қызметтік куәлігі не сәйкестендіру картасы жоқ адамдарды тексеруге жібермеуге;

2) өз ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын жазбаша түрде баяндауға және оларды тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беруге;

3) бассейндік су инспекциясының және олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

17. Мемлекеттік бақылау субъектісінің су қорын қорғау және пайдалану саласында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуының анықталған фактілері бойынша бассейндік су инспекциясының лауазымды адамы (лауазымды адамдары) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктер шегінде, анықталған бұзушылықтарды жою және бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа

тарту бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

18. Бассейндік су инспекциясы мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органды жүргізілген мемлекеттік бақылау нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындаған тәртіппен хабардар етеді.

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

53-бап. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде өз бетінше су пайдалануға жол берілмеуін және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға осы Кодексте белгіленген тыйым салулардың сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Осы мемлекеттік бақылау тексеру басталғанға дейін тексеруді тағайындау туралы актіні тіркемей объектілерді тексеру нысанында жүзеге асырылады.

2. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде өз бетінше су пайдалануды және (немесе) тыйым салынған шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады.

Осы Кодекстің 11-бабында көрсетілген су қатынастары объектілері, сондай-ақ мемлекеттік бақылау субъектілерінің меншік құқығында немесе оларда өзге де заңды негізде болатын, пайдаланылуы су қатынастары объектілеріне байланысты мүлік мемлекеттік бақылау объектілері (бұдан әрі – бақылау объектілері) болып табылады.

3. Бассейндік су инспекциялары тексеруді жүргізу үшін су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде өз бетінше су пайдаланудың және шаруашылық қызметті жүзеге асыруға осы Кодексте белгіленген тыйым салулардың сақталмауының ықтимал жоғары тәуекелдері бар су объектілеріне болжамды бағалауды алдын ала жүргізеді, ол үшін:

1) жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен ақпаратты талдау;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;

3) Жерді қашықтан зондтау негізге алынады.

4. Бассейндік су инспекциясы осы баптың 3-тармағында көзделген, су объектілеріне жүргізілген болжамды бағалау негізінде тексеру үшін су объектілерінің тізбесін қалыптастырады, сондай-ақ оларды жүргізу мерзімдері мен ұзақтығын айқындайды.

Бұл ретте тексеру барысында арнаулы су пайдалануға рұқсаты және (немесе) бассейндік су инспекциясымен келісілген, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде қызметті жүзеге асыруға арналған құжаттары бар мемлекеттік бақылау субъектілеріне қатысты бақылау жүргізуге тыйым салынады.

5. Тексеру үшін бақылау объектісіне келген бассейндік су инспекциясының лауазымды адамы (лауазымды адамдары) тексеруді жүзеге асыру үшін қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын ұсынады.

6. Бассейндік су инспекциясының лауазымды адамы тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы акт жасайды, онда:

- 1) тексеруді жүргізу және актіні жасау орны, күні және уақыты;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;
- 4) мемлекеттік бақылау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеру жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;
- 5) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;
- 6) мемлекеттік бақылау субъектісі өкілдерінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың тексеру нәтижелері туралы актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;
- 7) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) қолтаңбасы қамтылады.

Тексеру нәтижелері туралы акт екі данада жасалады. Бір данасы мемлекеттік бақылау субъектісіне беріледі, екіншісі бассейндік су инспекциясында қалады.

Уәкілетті орган тексеру нәтижелері туралы актінің нысанын бекітеді.

7. Мемлекеттік бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуының анықталған фактілері бойынша бассейндік су инспекциясының лауазымды адамы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктер шегінде, анықталған бұзушылықтарды жою және бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

8. Бассейндік су инспекциясы лауазымды адамдарының тексеруді жүргізу кезінде:

- 1) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын көрсеткен кезде мемлекеттік бақылау объектісінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;
- 2) тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тігу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін алуға;
- 3) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға құқығы бар.

9. Бассейндік су инспекциясының лауазымды адамдары тексеруді жүргізу кезінде:

- 1) тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған құжаттардың (мәліметтердің) сақталуын қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік бақылау субъектісіне тексеру нәтижелері туралы актіні табыс етуге міндетті.

10. Мемлекеттік бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеруді жүзеге асыру кезінде:

1) қызметтік куәліктерін не сәйкестендіру карталарын көрсеткен бассейндік су инспекциясы лауазымды адамдарының тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының осы баптың 8-тармағында көзделген құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге міндетті.

11. Мемлекеттік бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеруді жүзеге асыру кезінде:

1) қызметтік куәлігі не сәйкестендіру картасы жоқ адамдарды тексеруге жібермеуге;

2) өз ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын жазбаша түрде баяндауға және оларды тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беруге;

3) жоғары тұрған мемлекеттік органдарға немесе сотқа тексеру нәтижелеріне шағым жасауға құқылы.

54-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Мыналар су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар болып табылады:

1) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы;

2) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары;

3) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының аға мемлекеттік инспекторлары;

4) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік инспекторлары;

5) су шаруашылығы бассейндерінің бас мемлекеттік инспекторлары;

6) су шаруашылығы бассейндері бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары;

7) су шаруашылығы бассейндерінің аға мемлекеттік инспекторлары;

8) су шаруашылығы бассейндерінің мемлекеттік инспекторлары.

2. Уәкілетті органның бірінші басшысының орынбасары су қорын қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

Уәкілетті орган ведомствосының бірінші басшысы су қорын қорғау және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары болып табылады.

Осы баптың 1-тармағының 3) – 8) тармақшаларында аталған лауазымды адамдарды уәкілетті орган тағайындайды.

Уәкілетті органның мемлекеттік бақылау жасайтын құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілерінің санаттарын осы баптың 1-тармағында аталған лауазымды адамдарға жатқызу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Уәкілетті органның табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері каналдар арқылы су беру, суару үшін су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ тірек гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жерүсті су ағынын реттеу бойынша көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар болып табылады.

55-бап. Жедел ден қою шаралары және оларды қолдану тәртібі

1. Осы бапта түрлері көзделген, тексеруді және (немесе) мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу барысында және (немесе) соның нәтижелері бойынша қолданылатын мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) ықпал ету тәсілдері жедел ден қою шаралары болып табылады.

2. Жедел ден қою шаралары мынадай түрлерді қамтиды:

- 1) су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту;
- 2) арнаулы су пайдалануға рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру;
- 3) арнаулы су пайдалануға рұқсаттан айыру.

3. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтар жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылады.

4. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жедел ден қою шаралары бассейндік су инспекцияларының немесе олардың лауазымды адамдарының профилактикалық бақылау немесе тексеру шеңберінде анықталған мынадай:

1) осы Кодекстің 66-бабының 2-тармағына сәйкес бассейндік келісімдерде көзделген міндеттемелерді белгіленген мерзімдерде орындамау;

2) басқа су пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүддесінің бұзылуына алып келетін су пайдаланудың рұқсат етілген көлемінен асыру;

3) осы Кодекстің 45-бабы 4-тармағының 7) тармақшасында көзделген суды алу және ысырап ету көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын орындамау не бұзу ;

4) су шаруашылығы құрылысжайлары мен судың жай-күйіне әсер ететін техникалық құрылғыларды ақаулы күйде ұстау;

5) су тарту және су ағызу құрылысжайларында өлшеу құралдарының немесе су өлшеу аспаптарының болмауы;

6) су пайдаланғаны үшін төлемақыны уақтылы жүзеге асырмау негіздерінің бірі бойынша су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту құқығын көздейді.

5. Бассейндік су инспекциясы осы баптың 4-тармағының 1), 3) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда, су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайтуды осы Кодекстің 40-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып, жедел лимиттерді жыл сайын айқындаған кезде жүзеге асырады.

Осы баптың 4-тармағының 2), 4) және 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда, бассейндік су инспекцияларының лауазымды адамдарының су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайтуға құқығы бар.

Бұл ретте осы баптың 4-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда (егер бұл жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесіне нұқсан келтіру, қоршаған ортаға залал келтіру қаупін төндірсе), бассейндік су инспекцияларының лауазымды адамдары берген су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайту түріндегі жедел ден қою шарасын қолдану туралы қаулыны мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісіне қаулы табыс етілген кезден бастап мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісі дереу орындауға тиіс.

6. Су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайту мөлшерлері уәкілетті орган айқындаған су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін азайту тәртібіне сәйкес қабылданады.

7. Бассейндік су инспекциясының лауазымды адамы тексеруді және (немесе) мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын талаптарды бұзу фактісі анықталған кезде уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны ресімдейді.

Жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 153-бабына сәйкес ресімделеді және мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісіне табыс етіледі.

8. Жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны қолма-қол табыс еткен кезде оны қабылдаудан бас тартылған жағдайда, оған тиісті жазба енгізіледі және жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны қабылдаудан бас тарту фактісін тіркеп-белгілейтін бейнежазба жүзеге асырылады.

Жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулы мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісінің заңды мекенжайы, тұрған жері немесе нақты мекенжайы бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен жіберіледі.

9. Жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны алудан бас тарту оны орындамауға негіз болып табылмайды.

10. Тексеруді және (немесе) мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша анықталған, жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын талаптарды бұзушылықтар тексеру және (немесе) мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері туралы актіде, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы қаулыда көрсетіледі.

11. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісі жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болатын талаптардың анықталған бұзушылықтарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген мерзімдерде жоюға міндетті.

12. Тексеру және (немесе) мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған талаптарды бұзушылықтарды жою мерзімдері өткен соң жедел ден қою шарасын қолдануға негіз болатын талаптардың анықталған бұзушылықтарының жойылуын бақылау бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Мемлекеттік су инспекторы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 5-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актінің негізінде, жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын талаптардың анықталған бұзушылықтарының жойылуын растаған жағдайда, жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулының күші тоқтатылады.

13. Жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын талаптардың анықталған бұзушылықтары жойылмаған жағдайда, жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тарту шаралары қабылданады.

14. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көзделген мерзімдер өткенге дейін бұзушылықтарды жою фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса бере отырып, талаптардың анықталған бұзушылықтарын жою туралы ақпарат беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ақпарат берілген жағдайда, осы баптың 12-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

15. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісі жедел ден қою шараларын қолдануға алып келген тексерудің және (немесе) мемлекеттік бақылау мен қадағалау

субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны жарамсыз деп тану және оның күшін жою туралы шағым бере алады.

Шағым Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 29-тарауында көзделген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа беріледі.

Шағым беру жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулының орындалуын тоқтата тұрмайды.

16. Жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулыны жарамсыз деп тану және оның күшін жою үшін:

- 1) жедел ден қою шараларын қолдану үшін негіздердің болмауы;
- 2) жедел ден қою шарасын осы шараға сәйкес келмейтін негіз бойынша қолдану;
- 3) бассейндік су инспекциясының өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қолдануы;
- 4) Кәсіпкерлік кодекстің 153-бабында белгіленген жедел ден қою шараларын келісу және қабылдау тәртібін сақтамау негіз болып табылады.

17. Жедел ден қою шарасының қолданылуы туралы ақпарат мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындаған тәртіппен жіберіледі.

56-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау (бұдан әрі – бармай профилактикалық бақылау) ескертпе-профилактикалық сипатта болады және қызмет саласы тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жүргізіледі.

2. Бармай профилактикалық бақылау:

- 1) Қазақстан Республикасы су заңнамасының талаптарына сәйкес жеке және заңды тұлғалар беретін ақпарат пен есептілікті;
- 2) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін, Қазақстан Республикасының су заңнамасын сақтау мәселелеріне қатысты ақпаратты;
- 3) Жерді қашықтан зондтау деректерін талдау арқылы жүргізіледі.

3. Бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бассейндік су инспекциясы бұзушылықтар

анықталған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды ресімдейді және жібереді.

4. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген, бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – алғаны туралы белгі қойылып;

2) поштамен – хабарламасы бар тапсырысты хатты жіберу арқылы;

3) электрондық тәсілмен – бассейндік су инспекциясының мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бұрын уәкілетті органға және (немесе) уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) бассейндік су инспекциясына ұсынған құжаттарда көрсетілген мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) электрондық мекенжайына не пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жіберуі арқылы тиісінше табыс етілді (алынды) деп есептеледі.

5. Бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды орындау мерзімі ол табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап кемінде он жұмыс күнін құрауға тиіс.

6. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған және бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген мемлекеттік органға ұсыным табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылықты жіберуге құқылы.

7. Бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуге арналған жартыжылдық тізімге мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) енгізуге алып келеді.

8. Бармай профилактикалық бақылау жүргізу жиілігі қажеттілігіне қарай айқындалады, бірақ ол Қазақстан Республикасының су заңнамасында көзделген ақпарат пен есептілікті беру кезеңділігінен жиі болмауы керек.

9. Бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесінде есепке алынуға тиіс.

7-тарау. СУ ҚОРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ СҰРАНЫСТЫ БАСҚАРУ

57-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы сұранысты басқару жөніндегі жалпы ережелер

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы сұранысты басқару мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың су пайдаланушылар мен су тұтынушыларды су ресурстарын тиімді және үнемді пайдалануға, су тапшылығын болғызбауға және болашақ ұрпақ үшін су объектілерін үнемдеуге ынталандыруға бағытталған қызметі болып табылады.

2. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы сұранысты басқару су пайдалану лимиттерін белгілеуге, реттеліп көрсетілетін қызметтердің өтемділігіне, жерүсті және жерасты су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін салық салуға, су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын жоспарлы түрде төмендетуге және су үнемдеуге экономикалық ынталандыру шараларын қолдануға негізделген.

3. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы сұранысты басқаруды су шаруашылығы ұйымдары, жергілікті атқарушы органдар және су пайдаланушылар осы Кодекстің 40-бабына сәйкес белгіленген су пайдаланудың лимиттері мен рұқсат етілген көлемдері шеңберінде жүзеге асырады.

58-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы экономикалық реттеу нысандары

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы сұранысты реттеудің негізгі нысандары мыналар болып табылады:

- 1) жерүсті және жерасты су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін салық салу;
- 2) реттеліп көрсетілетін қызметтердің өтемділігі;
- 3) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қызметті мемлекеттік қолдау.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген су қорын қорғау және пайдалану саласындағы экономикалық реттеу нысандары су пайдаланушыларды су үнемдеуге ынталандыруға тиіс.

3. Мемлекет қолда бар ең үздік технологияларды сатып алуға және ендіруге жұмсалатын шығындарды субсидиялау арқылы су қорын қорғау және пайдалану саласында қолда бар ең үздік технологияларды ендіруді қолдайды.

59-бап. Су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы және салық

1. Жерүсті су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы және жерасты суларына пайдалы қазбаларды өндіру салығы арнаулы су пайдалану кезінде алынады.

2. Ортақ су пайдалану өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

3. Бас жоспар мен бассейндік жоспарларда бюджет қаражатының шығындарын бағалау, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және климаттық жағдайлардың

ерекшеліктерін талдау көзделеді, оның қорытындысы бойынша жерүсті және жерасты су объектілерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер мен салықтардың мөлшерлерін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

4. Бюджетке төленетін төлемдер мен салықтарды есептеу, төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

60-бап. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің өтемділігі

1. Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген үлгілік шарт негізінде, су пайдаланушы мен су тұтынушы арасында жасалатын шартқа сәйкес көрсетіледі.

Су беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шартта су пайдалану жоспарларын әзірлеу бойынша су тұтынушыға қойылатын талаптар көрсетіледі.

2. Су тұтынушы су ресурстарының мөлшерін (көлемін) объективті есепке алу мақсатында су бөлу орнында "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өлшеу құралдарының типін бекітуден немесе метрологиялық аттестаттаудан өткен су ресурстарын есепке алу аспаптарын орнатуға міндетті.

3. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін қызметтерді беруші әзірлейді.

61-бап. Су шаруашылығын мемлекеттік қолдау, су қорын қорғау және пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы инновациялық, инвестициялық қызметті және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті мемлекеттік қолдау

1. Су қорын қорғау және пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы инновациялық, инвестициялық қызмет және мемлекеттік-жекешелік әріптестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады және:

1) құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларды қалыптастырумен;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етіледі.

2. Су қорын қорғау және пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы инвестициялық саясаттың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) орталықтандырылған инвестициялар есебінен, мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды дамытуды мемлекеттік қолдау;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы инвестициялар тартуды ынталандыру;

3) қарыздарды, оның ішінде мемлекеттік кепілдіктермен тарту практикасын кеңейту ;

4) инвестицияларға жіберілетін бюджет қаражатының жұмсалуды мемлекеттік бақылау.

3. Су қорын қорғау және пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік қолдаудың негізгі түрлері мыналар болып табылады:

1) мемлекеттік меншіктегі және су беруге байланысты емес су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану шығындарын қаржыландыру;

2) мемлекетаралық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды салу және пайдалану шығындарын қаржыландыру;

3) суарылатын жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау шығындарын қаржыландыру;

4) мемлекеттік меншіктегі тірек гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру;

5) табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүзеге асыру шығындарын қаржыландыру;

6) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру;

7) су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік мекемелерді күтіп-ұстау;

8) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды реконструкциялауға және дамытуға қаржы ресурстарын, оның ішінде қарыз қаражатын тарту;

9) су үнемдеу (қолда бар ең үздік технологиялар), су ысырабын азайту жобаларын ендіруге қаржы ресурстарын, оның ішінде қарыз қаражатын тарту;

10) ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау;

11) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеу және субсидиялау;

12) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау;

13) суарудың су үнемдейтін технологияларын ендіруге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау;

14) Қазақстан Республикасының су қоймаларын, каналдары мен гидротехникалық құрылысжайларын дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша өтеу, қызмет көрсету және қоса қаржыландыру жөніндегі шығыстарды жабуға бюджеттен субсидиялар бөлу және субсидияларды төлеу;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеңілдікті және ұзақ мерзімді кредиттер мен басқа да преференциялар беру.

62-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қолда бар ең үздік технологиялар

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қолда бар ең үздік технологиялар (бұдан әрі – қолда бар ең үздік технологиялар) – су үнемдеу, су шығыстарының үлестік нормаларын төмендету, су төгінділерін азайту немесе шектеу үшін нақты шара ретінде өзінің практикалық жарамдылығын дәлелдеген, су қорын қорғау және пайдалану саласында қолданылатын техникалық құрылғыларды, аспаптарды, аппараттарды, құрылысжайларды пайдалану процестері мен әдістерін әзірлеудегі соңғы жетістіктер.

2. Қолда бар ең үздік технологияларды іріктеу өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) су ресурстарын ұтымды пайдалану бөлігінде соңғы үш жылда сәтті сынамаланған техникалық құрылғыларды, аспаптарды, аппараттарды, құрылысжайларды пайдалану процестері мен әдістері;

2) экономикалық тұрғыдан орындылығын ескере отырып, осындай технологияны қолдану мүмкіндігі;

3) осы технологияларды қысқа мерзімде орнату мүмкіндігі;

4) суды аз пайдаланатын немесе суды пайдаланбайтын технологияларды қолдану;

5) сарқынды суларда ластағыш заттардың концентрациясын азайту.

3. Уәкілетті орган қолда бар ең үздік технологиялардың тізбесін қалыптастырады және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

4-БӨЛІМ. СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРЫ МЕН ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАР. ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ, БАССЕЙНДІК КЕҢЕС ЖӘНЕ БАССЕЙНДІК КЕЛІСІМДЕР

8-тарау. СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҰЙЫМДАРЫ. ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ, БАССЕЙНДІК КЕҢЕС ЖӘНЕ БАССЕЙНДІК КЕЛІСІМДЕР

63-бап. Су шаруашылығы ұйымдары

1. Су шаруашылығы ұйымдары өз қызметін осы Кодекске, Қазақстан Республикасының заңнамасына, ұйымның жарғысына және тараптардың шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Су шаруашылығы ұйымдары меншік түрлері бойынша мемлекеттік (республикалық және коммуналдық) және жеке меншік болып бөлінеді.

3. Су шаруашылығы ұйымдары:

1) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды күтіп-ұстау, пайдалану, жөндеу, реконструкциялау, сондай-ақ қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;

2) мемлекетаралық су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды жөндеуге үлестік қатысу;

3) су пайдаланушылар мен су тұтынушыларға суды уақтылы және үздіксіз беру;

4) сарқынды сулар мен дренаждық суларды жинау, тазарту және ұйымдасқан түрде ағызу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызметті орындау мақсатында құрылады.

4. Су шаруашылығы ұйымдары:

1) су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды техникалық жарамды күйде күтіп-ұстауға, сондай-ақ оларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге;

2) белгіленген мерзімдерде су пайдаланушылар мен су тұтынушыларды шартқа сәйкес сумен қамтамасыз етуге;

3) су объектілерінің ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын және судың зиянды әсерін болғызбайтын шаралар қабылдауға;

4) белгіленген су режимінің және су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

5) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

64-бап. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау

1. Су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау "Қоғамдық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық бақылауды су қорын қорғау және пайдалану саласындағы актілер мен шешімдердің қоғамдық мүддеге сәйкестігін талдау және бағалау мақсатында, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға өкілеттіктер берілген Қазақстан Республикасының азаматтары, коммерциялық емес ұйымдар және өзге де қоғамдық бақылау субъектілері жүзеге асыра алады.

3. Уәкілетті орган су қорын қорғау және пайдалану саласындағы объектілерге қоғамдық бақылауды жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз етеді.

4. Қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша "Қоғамдық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шаралар қабылданады.

65-бап. Бассейндік кеңес

1. Бассейндік кеңес – тиісті бассейннің су объектілері шегінде құрылатын консультативтік-кеңесші орган. Бассейндік кеңестің құрамы мен қызметі туралы ережені тиісті бассейндік су инспекциясы бекітеді.

2. Бассейндік кеңес су пайдаланушылар өкілдерінен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының басшыларынан, осы Кодекстің 25-бабында аталған мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, аквашаруашылық саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің басшыларынан мүдделер теңгерімі негізінде қалыптастырылады. Бассейндік кеңестің құрамына сарапшылар, су пайдаланушылардың қоғамдық бірлестіктерінің не өзге де жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өкілдері де кіруі мүмкін.

Бассейндік кеңестің құрамы су шаруашылығы бассейнінің шегінде орналасқан әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктің өкілдерінен тең арақатынаста қалыптастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған жергілікті өкілді және атқарушы органдардың және мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары бассейндік кеңестердің отырыстарына қатысуға міндетті.

3. Бассейндік кеңестің жұмысын ұйымдастыру бассейндік су инспекциясына жүктеледі. Бассейндік кеңестің отырыстары жылына кемінде екі рет өткізіледі.

4. Бассейндік кеңес су қорын қорғау және пайдалану саласындағы өзекті мәселелерді, атап айтқанда бекіту жоспарланып отырған су пайдаланудың жедел лимиттерін, су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдерді іске асыру барысын қарайды, уәкілетті органға және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша ұсынымдар (бұдан әрі – ұсынымдар), оның ішінде:

су пайдаланушылардың түріне, сумен қамтамасыз етілуіне және бассейндегі гидрологиялық жағдайға байланысты су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту тәртібі;

судың зиянды әсерінің алдын алу және жою және (немесе) жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау жөніндегі шаралар;

жергілікті атқарушы органдардың су қорын қорғау және пайдалану саласында өздеріне осы Кодекспен жүктелген функциялардың жол берілген бұзушылықтарын жоюы жөніндегі шаралар;

бассейндік жоспарларды жаңарту туралы ұсынымдар енгізеді.

5. Бассейндік кеңестің отырыстары хаттамамен ресімделеді, отырыстың қорытындысы бойынша ұсынымдар шығарылады. Хаттамаға бассейндік кеңестің төрағасы қол қояды.

6. Бассейндік кеңестердің ұсынымдары уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

7. Бассейндік кеңестің ұсынымдары бас жоспар мен бассейндік жоспарды, сондай-ақ аумақтық және салалық даму жоспарлары мен бағдарламаларын, ғылыми зерттеулер мен кадрлар даярлау жоспарларын әзірлеу кезінде ескеріледі.

66-бап. Су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдер

1. Су объектілерін қалпына келтіру және қорғау туралы бассейндік келісімдер (бұдан әрі – бассейндік келісімдер) су объектілерін қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында бассейндік су инспекциялары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары және су пайдаланушылар, сондай-ақ тиісті бассейннің су объектілері шегінде орналасқан су қатынастарының басқа да субъектілері арасында жасалады.

2. Су пайдаланушылар бассейндік келісім шеңберінде нақты су қорғау іс-шараларын іске асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды, бұл ретте олардың орындалу мерзімдері және:

- су үнемдеу технологияларын ендіру;

- су ысырабын азайту;

- тазарту құрылысжайларының тиімділігін арттыру, су объектілеріне ластағыш заттардың ағызылуын азайту;

- айналымды және қайталама су пайдалану жүйелерін ендіру;

- судың зиянды әсерінің алдын алу мен жою және жасанды түрде болатын қуаңшылықты болғызбау;

су объектілерін қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі басқа да іс-шаралар бойынша күтілетін нәтижелер көрсетіледі.

3. Бассейндік су инспекциялары бассейндік келісімдерде су пайдаланушыларға су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын жоспарлы түрде біртіндеп төмендетуді, су ресурстарын пайдалану кезінде өнімсіз ысырабын азайтуды және төгілетін су сапасын арттыруды ескеретін, жылдар бойынша бөлінген су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін айқындайды.

4. Бассейндік келісімдерді дайындау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, бас жоспар және бассейндік жоспар, ғылыми және жобалық әзірлемелер, су пайдаланушылардың, сарапшылардың, жұртшылықтың ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

Бассейндік келісімді іске асыру жоспарларын әзірлеуге жергілікті өкілді және атқарушы органдар, коммерциялық емес ұйымдар мен су пайдаланушылар тартылады.

5. Бассейндік келісімдер уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

67-бап. Су ресурстарының пайдаланылуын өндірістік бақылау

1. Су ресурстарының пайдаланылуын өндірістік бақылауды (бұдан әрі – өндірістік бақылау) уәкілеттік орган бекітетін суды бастапқы есепке алу қағидаларына сәйкес арнаулы су пайдалануға рұқсаты бар жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Өндірістік бақылау барысында алынған деректер су пайдаланушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес ұсынатын, суды алу, пайдалану және су бұру туралы статистикалық ақпаратты қалыптастыру көзі болып табылады.

2. Өндірістік бақылау "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өлшеу құралдарының типін бекітуден және оларды метрологиялық аттестаттаудан өткен суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады.

3. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдардың ауызсу мен тазартылған сарқынды сулардың сапасын өндірістік бақылауын Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады.

4. Жерасты суларын алу кезіндегі өндірістік бақылау су шығысын, су тарту ұңғымаларындағы статикалық және динамикалық деңгейлерді, су өздігінен ағып шығатын ұңғымалардағы су арынын байқаудан тұрады.

9-тарау. СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРЫ МЕН ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

1-параграф. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдалануға қойылатын жалпы талаптар

68-бап. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың жалпы ережелері

1. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайлар (бұдан әрі осы тараудың мақсаттары үшін – құрылысжайлар) оларды жобалау кезінде көзделген пайдалану шарттары сақталған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптар орындалған кезде пайдаланылады.

2. Құрылысжайларды пайдалану мақсатына сәйкес және құрылысжайдың паспорты болған кезде жүзеге асырылады.

69-бап. Құрылысжайлардың тізілімі

1. Құрылысжайлардың тізілімін уәкілетті орган мынадай:

1) құрылысжайларды есепке алу;

2) құрылысжайлардың сандық және сапалық көрсеткіштері, техникалық жай-күйі, оларды пайдалану шарттары туралы ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану;

3) су қорын қорғау және пайдалану, құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды ақпараттық қамтамасыз ету;

4) жұртшылықты құрылысжайлардың техникалық жай-күйі және оларды пайдалану шарттары туралы ақпараттық қамтамасыз ету мақсаттарында қалыптастырады және жүргізеді.

2. Құрылысжайлардың тізілімінде құрылысжайлардың атауы, орналасқан жері, меншік иесі (иеленушісі), нысаналы мақсаты, техникалық сипаттамалары, пайдалану шарттары, техникалық жай-күйі туралы ақпарат қамтылады.

Осы Кодекстің 70-бабында көрсетілген гидротехникалық құрылысжайлар бойынша гидротехникалық құрылысжайлар қауіпсіздігінің декларациясы туралы ақпарат енгізіледі.

3. Құрылысжайлардың тізілімі құрылысжайлардың паспорттары негізінде жүргізіледі және су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

2-параграф. Қауіптілігі ықтимал құрылысжайларды пайдалану ерекшеліктері

70-бап. Қауіптілігі ықтимал құрылысжайлар туралы жалпы ережелер

1. Құрылысжайлардағы авария адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, жеке және заңды тұлғаларға материалдық залал келтіру қаупін төндіретін гидротехникалық құрылысжайлардың жекелеген түрлері қауіптілігі ықтимал құрылысжайлар деп түсініледі.

2. Қауіптілігі ықтимал құрылысжайларға жатқызылған гидротехникалық құрылысжайлардың түрлері, жобалауға, салуға, пайдалануға, реконструкциялауға, консервациялауға немесе жоюға қойылатын олардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптар уәкілетті орган бекітетін гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі туралы регламентте айқындалады.

71-бап. Гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану

1. Осы Кодекстің 70-бабында көрсетілген гидротехникалық құрылысжайларды пайдалануға:

1) гидротехникалық құрылысжайдың паспорты;

2) гидротехникалық құрылысжайды пайдалану қағидалары;

3) осы Кодекстің 72-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда гидротехникалық құрылысжайдың қауіпсіздігі декларациясы болған кезде жол беріледі.

2. Гидротехникалық құрылысжайдың паспорты мен оны пайдалану қағидаларын оның меншік иесі (иеленушісі) әзірлейді, бекітеді және түпнұсқасы меншік иесінде (иеленушіде) сақталады.

Гидротехникалық құрылысжайды пайдалану қағидаларын әзірлеу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

Меншік иесі (иеленуші) құрылысжайлардың тізіліміне енгізу үшін бассейндік су инспекциясына паспорты мен пайдалану қағидаларының электрондық нұсқаларын енгізуді қамтамасыз етеді.

3. Жаңадан салынатын гидротехникалық құрылысжайлар үшін паспорты мен пайдалану қағидалары жобалау сатысында әзірленеді.

Гидротехникалық құрылысжайға жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін оның паспорты мен пайдалану қағидалары қайта бекітілуге жатады.

72-бап. Гидротехникалық құрылысжайларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету

1. Осы Кодекстің 70-бабында көрсетілген гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелері (иеленушілері) оларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін мынадай:

1) техникалық жай-күйін, оның ішінде жұмыс істеуін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету объектілерінің жай-күйін зерттеп-қарау;

2) ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу, негізгі және қосалқы жабдықтарды ауыстыру;

3) суды тұтыну мен ағызуды есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратураларды жарамды күйде ұстап тұру және мемлекеттік аттестаттау мерзімдерін сақтау;

4) материалдық-техникалық ресурстардың қорларын құру шараларын;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану қағидаларында көзделген өзге де шараларды қабылдайды.

2. Гидротехникалық құрылысжайдың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу үшін меншік иесі (иеленуші) зерттеп-қарау графигі мен бағдарламасын әзірлейді.

Құрылысжайдың техникалық жай-күйін зерттеп-қарау қорытындысы бойынша жөндеу жұмыстарының жоспары жасалады, онда су ысырабын және оның ағып кетуін азайтуға бағытталған іс-шаралар да қамтылуға тиіс.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қауіптілігі жоғары гидротехникалық құрылысжайлар үшін техникалық жай-күйін зерттеп-қарау көпфакторлы зерттеп-қарау шеңберінде жүргізіледі. Көпфакторлы зерттеп-қарау әр бес жыл сайын жүргізіледі.

Көпфакторлы зерттеп-қарауды жүргізу үшін меншік иесі гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздік өлшемшарттарын айқындауды және олардың сақталуына жыл сайынғы мониторингті жүргізеді.

4. Гидротехникалық құрылысжайларды көпфакторлы зерттеп-қарау қорытындылары бойынша гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі декларациясы (бұдан әрі – декларация) әзірленеді.

Көпфакторлы зерттеп-қарауды жүргізуді және декларацияны әзірлеуді меншік иесі (иеленуші) дербес жүзеге асырады не оның қаражаты есебінен гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласында жұмыстарды жүргізу құқығына уәкілетті орган аттестаттаған бөгде ұйым жүзеге асырады.

Меншік иесі (иеленуші) өз бетінше көпфакторлы зерттеп-қарауды жүргізген және декларацияны әзірлеген жағдайда, көпфакторлы зерттеп-қарау нәтижелері мен декларация гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған ұйымда меншік иесінің қаражаты есебінен сараптама жүргізуге жатады. Аттестатталған ұйым көпфакторлы зерттеп-қарауды жүргізген және декларацияны әзірлеген жағдайда, орындалған жұмыстар мен декларацияға сараптаманы өзге аттестатталған ұйым жүргізеді.

5. Декларация бассейндік су инспекциясында тіркелуге тиіс.

Декларацияға тіркеу шифрын беру үшін өтініш беруші бассейндік су инспекциясына сараптама қорытындысының көшірмесімен бірге өтінішті және декларацияның көшірмесін ұсынады.

6. Бассейндік су инспекциясы ұсынылған құжаттарды қарап шығып, декларацияны тіркеу туралы шешім қабылдайды не уәжді бас тартуды ұсынады.

Тіркелген декларацияның көшірмесі бассейндік су инспекциясында сақталады.

7. Гидротехникалық құрылысжайлар мен декларацияларды тіркеген ұйымдардың тізбесі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

8. Гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін жағдайлар өзгерген жағдайда, декларация қайта қарауға жатады.

Декларацияға өзгерістер енгізілген кезде ол өзгерістер енгізілгеннен кейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қайтадан сараптама жүргізуге және тіркеуге жатады.

73-бап. Тірек гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың ерекше режимі

1. Декларацияда көрсетілген тірек гидротехникалық құрылысжай авария алдындағы немесе авариялық күйде болған не осы Кодекстің 72-бабының 3, 4, 5 және 8-тармақтарында көзделген шарттарға сәйкес келетін қолданыстағы декларация болмаған

, сондай-ақ меншік иесі (иеленуші) оның тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз ете алмаған жағдайларда, уәкілетті орган төтенше жағдайдың туындауының алдын алу мақсатында, су қоймасын су тасқыны алдындағы кезеңде босатуды және гидротехникалық құрылысжай арқылы суды транзиттік өткізуді қамтамасыз ететіндей тірек гидротехникалық құрылысжайды пайдаланудың ерекше режимін белгілеуге құқылы.

2. Тірек гидротехникалық құрылысжайды пайдаланудың ерекше режимін (гидротехникалық құрылысжайға зерттеп-қарауды немесе онда жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімдері, шарттары, өзара есеп айырысулар) уәкілетті орган нақты гидротехникалық құрылысжайға қатысты айқындайды.

74-бап. Гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелерінің (иеленушілерінің) жауапкершілігі

Гидротехникалық құрылысжайлардың меншік иелері (иеленушілері) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен гидротехникалық құрылысжайлардың тиісті жай-күйіне, оларды пайдалану қағидаларының сақталуына және олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге жауапты болады.

5-БӨЛІМ. СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚОРҒАУ

10-тарау. СУ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ

75-бап. Су объектілерін қорғау

1. Су объектілері:

- 1) антропогендік және табиғи факторлар салдарынан ластанудан;
- 2) қоқыстанудан;
- 3) сарқылудан қорғалуға жатады.

2. Су объектілері Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес:

- 1) халықтың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіруді;
- 2) су экология жүйелерінің экологиялық орнықтылығының бұзылуын;
- 3) су объектілерінің гидрологиялық, гидрогеологиялық және гидробиологиялық режимдерінің нашарлауын;
- 4) су объектілерінің табиғи молаю және тазару қабілетінің төмендеуін;
- 5) су объектілерінің физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттеріне теріс әсер ететін басқа да қолайсыз құбылыстарды болғызбау мақсатында қорғалуға жатады.

3. Су объектілерін қорғау:

- 1) осы Кодекстің 86-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында көзделген, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде шаруашылық қызметке қойылатын талаптарды сақтау;

2) жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, ауызсумен жабдықтау көздерін санитариялық қорғау аймақтарын белгілеу;

3) су қорын қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ қоғамдық бақылауды жүргізу;

4) су қатынастары субъектілеріне су қорын қорғау және пайдалану жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

4. Орталық мемлекеттік органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, су объектілерін қорғау, олардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау, сондай-ақ аталған құбылыстардың салдарын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5. Қызметі су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға және су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, технологиялық, гидротехникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және басқа да іс-шараларды жүргізуге міндетті.

76-бап. Жерүсті су объектілерін ластанудан қорғау

1. Су объектілерінің сапалық жай-күйін нашарлататын және пайдаланылуын қиындататын ластағыш заттардың су объектілеріне ағызылуы немесе өзге де тәсілмен түсуі жерүсті су объектілерінің ластануы деп танылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілеген шектерге дейін тазарту шартымен арнаулы су пайдалануға рұқсат болған кезде тазартылған сарқынды суларды жерүсті су объектілеріне ағызуға жол беріледі.

3. Тазартылған сарқынды суларды табиғи емдік қасиеттері бар, сондай-ақ емдік-профилактикалық мақсаттар үшін қолайлы жерүсті су объектілеріне ағызуға тыйым салынады.

77-бап. Жерүсті су объектілерін қоқыстанудан қорғау

1. Жерүсті су объектісінің гидрологиялық жай-күйінің нашарлауына алып келетін немесе алып келуі мүмкін және суды пайдалануды қиындататын қатты және ерімейтін қалдықтардың жерүсті су объектілеріне түсуі жерүсті су объектілерінің қоқыстануы деп танылады.

2. Жерүсті су объектілерін қоқыстауға және оларға қалдықтарды көмуге тыйым салынады.

78-бап. Су объектілерін сарқылудан қорғау

1. Өзендер ағынының, жерасты сулар қорының тұрақты түрде төмендеуі, жерүсті су объектілері акваториясының тұрақты түрде азаюы су объектілерінің сарқылуы деп танылады.

2. Су объектілерін сарқылудан қорғау:

1) су пайдалану лимиттерін белгілеу;

2) белгіленген су режимінің және су пайдаланудың рұқсат етілген көлемінің бұзылуына жол бермеу;

3) су қорын қорғау және пайдалану саласында қолда бар ең үздік технологияларды қолдану;

4) су қорғау іс-шараларын жүргізу;

5) су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде шаруашылық қызметке қойылатын талаптарды сақтау арқылы жүзеге асырылады.

79-бап. Шағын су объектілерін қорғау ерекшеліктері

1. Шағын су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері шегіндегі шектеулі шаруашылық қызмет режимін, сондай-ақ олардың ластануының, қоқыстануының және сарқылуының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды бассейндік су инспекцияларымен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, ал сел қаупі бар өңірлерде – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісу бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары шағын су объектілерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау мақсатында бас жоспар мен бассейндік жоспарға, бассейндік келісімдерге сәйкес шағын су объектілерін қорғау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жеке көздейді.

3. Шағын өзендерде су ресурстарының сарқылуын болғызбау үшін тасқын суларды өткізуге арналған түбінде су жібергіші және су ағызу құрылысжайлары жоқ су тежегіш тұйық бөгеттерді жобалауға және салуға тыйым салынады. Бөгетте мұндай құрылысжайлар болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын өзен арнасына табиғи атырабы мен жылғасы беріліп, жойылуға жатады.

4. Шаруашылық қызметі шағын су объектілерінің жай-күйі мен режиміне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар тиісті бассейндік су инспекцияларымен келісілген шағын су объектілерінің су ресурстарын қорғау және қалпына келтіру және олардағы судың тазалығын сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

80-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілерін қорғау ерекшеліктері

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру тәртібі, олардағы су объектілерін қорғау және пайдалану режимі, сондай-ақ олардағы қызмет шарттары Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасында белгіленеді.

81-бап. Мемлекеттік орман қорының су объектілерін қорғау ерекшеліктері

1. Мемлекеттік орман қорын құру тәртібі, олардағы су объектілерін қорғау режимі, сондай-ақ олардағы қызмет шарттары Қазақстан Республикасының су және орман заңнамасында белгіленеді.

2. Мемлекеттік орман қорының су объектілеріне жанасып жатқан аумақтарын қорғау режимдері су объектілерін санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін күйде ұстап тұруды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес жерүсті суларының ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау үшін белгіленеді.

3. Мемлекеттік орман қорының су объектілерінде су пайдалану құқығын беру осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

82-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғау ерекшеліктері

1. Қоршаған ортаға және өңірдің экономикасына үстем әсер ететін жаратылысы табиғи су объектілері, оның ішінде ауызсудың негізгі көзі ретінде жекелеген өңірлерді ауызсумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты суларының көздері мен учаскелері ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері деп танылады.

2. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғау кезінде:

1) уәкілетті орган:

су объектілерінің арналары бойынша табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулердің шаруашылық мақсатқа қарағанда басымдығын;

су объектілерін қорғау және қалпына келтіру, оның ішінде еріген сулар мен басқа да су көздерін пайдалану есебінен қалпына келтіру бойынша ғылыми зерттеулер мен басқа да жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастыруды;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

аймақтарға бөлуді және экологиялық нормативтерді аймақтар бойынша жеке белгілеуді;

су объектілеріне және олардың экологиялық жүйесіне антропогендік жүктемені нормалауды;

су объектісінің су жинау бассейнінің аумағын өндіріс, тұтыну қалдықтарымен және басқа заттармен ластанудан қорғауды;

3) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган:

су объектісі бассейнінің аумағын су және жел эрозиясынан, шөлейттенуден, батпақтанудан, қайта сортаңданудан қорғауды қамтамасыз етеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары осы Кодексте көзделген су қорын қорғау және пайдалану саласындағы функцияларды жүзеге асыру кезінде ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғау ерекшеліктерін ескереді.

83-бап. Сулы-батпақты алқаптарды қорғау ерекшеліктері

1. Сулы-батпақты алқаптарды өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластауға және қоқыстауға, мұнай өнімдерімен, улы химикаттармен және басқа да зиянды заттармен ластауға тыйым салынады.

2. Сулы-батпақты алқаптарды немесе олардың бөліктерін құрғатуға не өзгеше пайдалануға тыйым салынады.

3. Сулы-батпақты алқаптарда сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер түрлерін қоса алғанда, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі шаралар көзделеді.

84-бап. Мұздықтар мен көпжылдық қарды қорғау ерекшеліктері

1. Сарқынды суларды мұздықтарға, көпжылдық қарға санкцияланбаған ағызуға, сондай-ақ мұздықтарды, көпжылдық қарды өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластауға, мұнай өнімдерімен, улы химикаттармен және басқа да зиянды заттармен ластауға тыйым салынады.

2. Мұздықтардан мұзды алып қою (алу) су объектілерінің жай-күйіне жағымсыз әсер етпеуге және судың сарқылуына алып келмеуге тиіс.

85-бап. Жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

1. Жерүсті су объектілерін санитариялық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сай келетін күйде ұстап тұру үшін, жерүсті суларының ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры жерлерінің құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда, ерекше пайдалану жағдайлары бар су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленеді.

2. Су қорғау аймақтары, белдеулер, олардың шекаралары және оларды шаруашылыққа пайдалану режимі жобалау құжаттамасы негізінде белгіленеді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, ал елді мекендердің шегінен тыс жердегі жекелеген су объектілері немесе олардың учаскелері бойынша су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеуге мүдделі жеке және заңды тұлғалар да су қорғау аймақтары мен белдеулері жобалау құжаттамасының тапсырыс берушілері болып табылады.

Жобалау құжаттамасы уәкілетті орган бекіткен су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын белгілеу қағидаларына сәйкес әзірленеді.

Жобалау құжаттамасы бассейндік су инспекциясымен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, ал сел қаупі бар аудандарда – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органымен келісілуге тиіс. Жобалау құжаттамасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекітеді.

Жергілікті жерде су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын белгілеу су қорғау белгілерін орната отырып, жобалау құжаттамасында айқындалған координаталар бойынша жүзеге асырылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары белгіленген су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы кеңістіктік деректерді Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталында қалыптастыруды, жинауды, сақтауды және жаңартып отыруды интеграциялық өзара іс-қимыл жасау арқылы жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының жария кадастрлық картасында кейіннен жариялау үшін олардың шекараларын айқындай отырып қамтамасыз етеді.

3. Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары жерүсті су объектісінің шекаралары табиғи немесе жасанды түрде өзгерген жағдайда қайта қарауға жатады.

Ескерту. 85-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

86-бап. Жерүсті су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызметке қойылатын талаптар

1. Жерүсті су объектілерінде:

1) жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге;

2) радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 08.07.2026 № 340-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуға;

4) бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге;

6) бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге;

7) пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады.

2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар:

1) мыналарды:

су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникацияларын;

көпірлерді, көпір құрылысжайларын;

айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін;

балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды;

ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды;

су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану;

2) жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру;

3) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызмет кірмейді.

3. Су қорғау аймақтары шегінде:

1) жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға;

3) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көңді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі ;

4) тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға;

5) зираттарды орналастыруға;

6) жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

7) сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

4. Орналастырылуы осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін объектілер су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбайтын, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін техникалық сумен жабдықтаудың тұйық (ағынсыз) жүйелерімен және (немесе) құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуге тиіс.

5. Су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызмет тәртібі бассейндік су инспекцияларымен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жобалар шеңберінде айқындалады.

6. Көлік немесе инженерлік коммуникацияларды су объектілерінің аумағы арқылы салу жобалары тасқын сулардың өтуін, су объектілерін пайдалану режимін, сулардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізуді көздеуге тиіс.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

87-бап осы Кодекстің 134-бабы 1-тармағына сәйкес 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі.

87-бап. Су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленбеген елді мекендердің шекарасынан (шегінен) тыс жерүсті су объектілеріне іргелес жатқан аумақтардағы су объектілерін қорғау ерекшеліктері

1. Осы Кодекстің 86-бабында көзделген шаруашылық қызметке қойылатын талаптар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры жерлерінің құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда, су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленбеген елді мекендердің шекарасынан (шегінен) тыс жерүсті су объектілеріне іргелес жатқан аумақтарға қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген аумақтардың су қорғау аймақтарының сыртқы шекаралары деп – жоғары жатқан аумақтардың жерүсті су ағынын ұстап қалатын табиғи және жасанды кедергілер, ал олар болмаған кезде:

өзендерде су жайылған кезеңде орташа көпжылдық деңгейде су кемерінен немесе арналық су қоймаларындағы судың қалыпты көтерілген деңгейінен бес жүз метр;

акваториясы екі шаршы километрге дейін болған кезде су құйылатын су қоймаларындағы немесе көлдердегі судың орташа көпжылдық деңгейі кезінде су кемерінен – үш жүз метр не акваториясы екі шаршы километрден астам болған кезде бес жүз метр қашықтықта болатын жиегі танылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген аумақтардың су қорғау белдеулерінің сыртқы шекаралары деп – жоғары жатқан аумақтардың жерүсті су ағынын ұстап қалатын табиғи және жасанды кедергілер, ал олар болмаған кезде:

өзендерде су жайылған кезеңде орташа көпжылдық деңгей кезінде су кемерінен;

арналық су қоймаларындағы судың қалыпты көтерілген деңгейінен;

су құйылатын су қоймаларындағы немесе көлдердегі судың орташа көпжылдық деңгейінен отыз бес метр қашықтықта болатын жиегі танылады.

4. Егер осы баптың 3-тармағына сәйкес айқындалған су қорғау белдеулерінің ені:

отыз бес метрден аз болса, онда су қорғау белдеуінің ені отыз бес метрге тең деп қабылданады;

екі жүз метрден асатын болса, онда осы баптың 1-тармағында көрсетілген аумақтардың су қорғау белдеулерінің сыртқы шекарасы деп орташа көпжылдық сабалық деңгей кезінде су кемерінен екі жүз метр қашықтықта болатын жиегі танылады.

5. Осы баптың талаптарына сәйкес су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы айқындайды.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген аумақтардың су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы ақпарат осы Кодекстің 85-бабы 2-тармағы бесінші бөлігінің талаптарына сәйкес, су ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйесінде және жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының жария кадастрлық картасында орналастырылады.

6. Осы баптың талаптарына сәйкес айқындалған су қорғау аймақтары мен белдеулеріне осы Кодекстің 6-тарауының ережелері қолданылады.

7. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының ережелері елді мекендердегі құрылыс салу, су объектілеріне іргелес жатқан жергілікті жер учаскелерінің физикалық-географиялық, топырақтық, гидрологиялық және басқа да жағдайлары ескеріле отырып, су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларының өзге де көлемдері көзделуі мүмкін, осы Кодекстің 85-бабының 2-тармағында көзделген жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын белгілеу қағидаларын әзірлеуге және бекітуге қолданылмайды.

8. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарына сәйкес айқындалған көлемнен ерекшеленетін көлемдегі су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қажеттігіне мүдделі жеке және заңды тұлғалар өздерінің объектілері орналасқан жергілікті жер учаскелерінің нақты физикалық-географиялық, топырақтық, гидрологиялық және басқа да жағдайларын ескеретін су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жобалау құжаттамасына тапсырыс беруге, осы Кодекстің 85-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен оны келісуге және бекітуге құқылы.

88-бап. Санитариялық қорғау аймақтары және санитариялық қорғаныш белдеулері

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары ауызсумен жабдықтау, халықтың емдік, курорттық және өзге де сауықтыру мұқтаждықтары үшін пайдаланылатын суларды қорғау мақсаттарында санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық қорғаныш белдеулерін белгілейді.

89-бап. Жерүсті су объектілеріндегі төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтары

1. Шаруашылық қызмет немесе табиғи процестер салдарынан халықтың өмірі мен денсаулығына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, қоршаған ортаның жай-күйіне қауіп төндіретін жағымсыз өзгерістер болатын, жерүсті су объектілері алып жатқан аумақтар немесе олардың акваториясы төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтары деп жариялануы мүмкін.

2. Төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтарын жариялау тәртібі және олардың құқықтық режимі Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленеді.

90-бап. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі жер учаскелерін уақытша пайдалануға беру

1. Жерүсті су объектілерінің су қорғау белдеулеріндегі жер учаскелері осы Кодекстің 86-бабында белгіленген шаруашылық қызметке қойылатын талаптарды сақтау шартымен Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға берілуі мүмкін.

2. Жергілікті атқарушы органдар су қорғау аймақтарындағы ауыл шаруашылығы алқаптарын жеке және заңды тұлғаларға шөп шабу және ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жер пайдалануға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беруі мүмкін.

91-бап. Су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін объектілерді пайдалануға беруге тыйым салу

1. Мыналарды:

1) судың зиянды әсерін, ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ алынған және ағызылған су ресурстарының көлемін өлшеу құралдары жоқ жаңа және реконструкцияланатын объектілерді;

2) су тарту құрылысжайларын балық қорғау және (немесе) балық өткізу құрылғыларынсыз;

3) су объектілеріне немесе жергілікті жер бедеріне сарқынды суларды ағызуды жүзеге асыратын мал шаруашылығы фермалары мен басқа да өндірістік кешендерді сарқынды суларды тазарту құрылысжайларынсыз;

4) суару, суландыру және құрғату жүйелерін, су қоймаларын, бөгеттерді, каналдарды және басқа да гидротехникалық құрылысжайларды жобаларда көзделген, жерді су басуын, топан су басуын, жердің батпақтануын және сортаңдануын және топырақ эрозиясын болғызбайтын іс-шаралар жүргізілгенге дейін;

5) гидрогеологиялық ұңғымаларды су реттегіш құрылғыларымен және су тұтынуды есепке алу аспаптарымен жабдықтамай;

6) су тарту құрылысжайлары мен өзге де гидротехникалық құрылысжайларды жобалау құжаттамасында көзделген санитариялық қорғау аймақтарын белгілемей және су объектілері мен гидротехникалық құрылысжайлар жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерінсіз;

7) мұнай, химия заттарын және су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін басқа да заттарды тасуға және сақтауға арналған құрылысжайлар мен құрылғыларды судың ластануын болғызбауға арналған құралдармен жабдықтамай және тасу кезіндегі авариялардың салдарын жою жоспарларын бекітпей пайдалануға беруге тыйым салынады.

2. Сарқынды сулармен суару объектілерін осы сарқынды сулардың сапалық жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін құрмай пайдалануға беруге жол берілмейді.

3. Су шаруашылығы құрылысжайлары мен гидротехникалық құрылысжайларды – бүлінген жерлерді рекультивациялау жөніндегі жұмыстарды аяқтамай, ал су қоймаларын олардың табанын су басуға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырмай, пайдалануға беруге жол берілмейді.

4. Су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін объектілерді пайдалануға беруге тыйым салу туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

92-бап. Жерасты су объектілерін қорғау ерекшеліктері

1. Шаруашылық қызметі жерасты суларының жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін жеке және заңды тұлғалар жерасты суларының мониторингін жүргізуге және су ресурстарының ластануы мен сарқылуын және судың зиянды әсерін болғызбау жөнінде шараларды уақтылы қабылдауға міндетті.

2. Қорлары ауызсумен жабдықтау үшін бекітілген жерасты суларының көздері мен учаскелерінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында және Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген санитариялық қорғау аймақтарына қойылатын талаптар сақталуға тиіс.

3. Егер жерасты суларының жай-күйіне әсер етсе немесе әсер етуі мүмкін болса, жерді тазартылмаған сарқынды сулармен суаруға тыйым салынады.

4. Гидрогеологиялық ұңғымалар, оның ішінде су өздігінен ағып шығатын және барлау ұңғымалары, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымалар консервациялау құрылғыларымен жабдықталуға жатады немесе жойылады.

Гидрогеологиялық ұңғымаларды жоюды және консервациялауды ұңғымаларды иеленушілер жүзеге асырады.

Иесіз қалған, су өздігінен ағып шығатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жоюды және консервациялауды уәкілетті органның Ұлттық гидрологиялық қызметі жүзеге асырады. Иесіз қалған, су өздігінен ағып шығатын гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

5. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы жерасты суларын қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Ауызсумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты суларының көздері мен учаскелерінің аясында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге, радиоактивті және химиялық қалдықтардың көмінділерін, қоқыстарды, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суларының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

6. Жерасты суларының су тарту құрылысжайларын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жерасты суларының деңгейі мен сапасына мониторинг жүргізуге, қорлары ауызсумен жабдықтау үшін бекітілген жерасты суларының көздері мен учаскелерінде санитариялық қорғау аймақтарын ұйымдастыруға міндетті.

7. Жерасты суларын пайдалануға байланысты құрылысжайларды орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру кезінде олардың жерүсті су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс.

8. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жерасты суларының ластануы мен сарқылуының алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

6-БӨЛІМ. СУ РЕСУРСТАРЫ МЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

11-тарау. ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ

1-параграф. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелері

93-бап. Су объектілерін ауызсумен жабдықтау үшін пайдалану

1. Судың сапасы белгіленген экологиялық нормативтерге сәйкес келетін, ластанудан және қоқыстанудан қорғалған жерүсті және жерасты су объектілері ауызсумен жабдықтау үшін пайдаланылады. Ауызсумен жабдықтау көздерінде Қазақстан Республикасының су заңнамасына және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес оларды қорғау мен олардың жай-күйін бақылаудың арнаулы режимі белгіленеді.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін ауызсумен жабдықтау көздерін резервтеу жүзеге асырылады.

Ауызсумен жабдықтау көздерін резервтеу мүмкіндігі болмаған кезде гигиеналық нормативтерге сәйкес ауызсудың нормативтік сапасын қамтамасыз ету шартымен, судың сапасы белгіленген экологиялық нормативтерге сәйкес келмейтін су объектілері қаралады.

3. Ауызсумен жабдықтауға жарамды жерасты суларын сумен жабдықтаудың өзге көздері болмаған және осы жерасты сулары ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, өзге мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.

94-бап. Елді мекендердің ауызсумен жабдықтау жүйесі

1. Елді мекендердің ауызсумен жабдықтау жүйесі су тұтынушыларға ауызсу алу, дайындау, сақтау, тасу және беру үшін қызмет етеді.

Елді мекендердің ауызсумен жабдықтау жүйесі мынадай болып бөлінеді:

1) орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі – су тұтынушыларға ауызсу алуға, дайындауға, сақтауға, тасуға, беруге және таратуға арналған инженерлік желілер мен құрылысжайлар кешені;

2) орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жүйесі – ауызсуды құбыржолдар арқылы тасымал алуға, дайындауға, сақтауға және беруге арналған су тарту және су тазарту құрылысжайлары.

2. Елді мекеннің сумен жабдықтау жүйесінің құрамдас элементтері мыналар болып табылады:

- 1) су тарту құрылысжайлары;
- 2) су құбыржолы тазарту құрылысжайлары;
- 3) реттегіш науалар;
- 4) сорғы станциялары;
- 5) сутартқыштар;
- 6) тарату желілері;
- 7) ғимараттарға кіргізу орындары;
- 8) ішкі сумен жабдықтау жүйелері;
- 9) суды есепке алу тораптары.

3. Орталықтандырылған ауызсумен жабдықтау халықты, тамақ өнеркәсібі ұйымдарын, әлеуметтік мақсаттағы, денсаулық сақтау және елді мекеннің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету объектілерін ауызсумен бірінші кезекте қамтамасыз етуге арналған.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталмаған тұтынушыларды ауызсумен қамтамасыз етуге тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым айқындайтын жеткілікті су қорлары, сумен жабдықтау жүйесінің қуаты және техникалық мүмкіндігі болған кезде және инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттардың талаптары орындалған кезде жол беріледі.

4. Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға техникалық шарттарсыз ауызсумен жабдықтау жүйелеріне өз бетінше қосылуға тыйым салынады.

Жергілікті атқарушы органдар орталықтандырылмаған ауызсумен жабдықтау жүйелерін есепке алуды жүргізеді және су сапасының санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырады.

95-бап. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесі

1. Жергілікті атқарушы органдар елді мекендерде сумен жабдықтау мен су бұруды ұйымдастырады.

2. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесі елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің ажырамас кешені болып табылады.

3. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің меншік иесі (иеленушісі) халықты ауызсумен және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды бұрумен қамтамасыз етуге міндетті.

96-бап. Елді мекендердің техникалық сумен жабдықтау жүйесі

1. Елді мекендердің техникалық сумен жабдықтау жүйесі ауызсуды үнемдеу, су тұтынушыларды ішуге, тамақ дайындауға немесе тамақ өнімдерін өндіруге арналмаған техникалық сумен қамтамасыз ету үшін құрылады.

2. Елді мекендердің техникалық сумен жабдықтау жүйелерінен алынған су жеке және заңды тұлғалардың өндірістік мұқтаждықтарын қамтамасыз ету, өрт сөндіру, жасыл желектерді суару, жолдарға су шашу және басқа да техникалық мақсаттар үшін пайдаланылады.

3. Елді мекендердің техникалық сумен жабдықтау жүйелерінде су объектілерінен немесе су тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыратын, орталықтандырылған су бұру жүйелерінің сарқынды суларды жинақтағыштарынан алынған су пайдаланылады.

4. Техникалық сумен жабдықтау жүйесін жобалау елді мекендердің бас жоспарларына немесе шағын елді мекендерді дамыту және құрылыс салу схемаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Техникалық сумен жабдықтау жүйелерінен берілетін судың сапасы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауға жатады.

97-бап. Кондоминиумдар объектісінің құрамына кіретін сумен жабдықтау және су бұру жүйесі

1. Кондоминиумдар объектісі мүлкінің құрамына мыналар кіреді:

1) тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) сыртқы қабырғаларының шекаралары шегіндегі ішкі сумен жабдықтау жүйелері, оның ішінде ауызсуды қосымша тазарту жөніндегі топтық қондырғылар, су тартатын сорғы қондырғылары;

2) елді мекеннің су бұру желісіне қосылған жердегі бірінші құдыққа дейінгі су шығару орындарын қоса алғанда, үй ішіндегі су бұру жүйелері;

3) орталықтандырылмаған су бұру жүйелері.

2. Тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) ішкі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалануды көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері немесе көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері

бірлестігі немесе кондоминиум объектісін басқару субъектісі, сондай-ақ шарттық негізде өзге де жеке және заңды тұлғалар жүргізеді.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.07.2025 № 207-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

98-бап. Елді мекендердің су бұру жүйесі

1. Елді мекендердің су бұру жүйесі сарқынды суларды бірлескен және (немесе) бөлек үздіксіз бұру үшін қызмет етеді.

2. Елді мекендердің су бұру жүйесі мынадай болып бөлінеді:

1) орталықтандырылған су бұру жүйесі – лай тұнбаларын қайта өңдеуді қоса алғанда, сарқынды суларды жинауға, тазартуға және тазартылған сарқынды суларды су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға ағызуға арналған елді мекеннің инженерлік желілері мен құрылысжайларының кешені;

2) орталықтандырылмаған су бұру жүйесі – елді мекендердің орталықтандырылған су бұру жүйесіне қосылмаған бірлі-жарым су тұтынушының немесе су тұтынушылар тобының су бұру жүйесі (қазба шұңқырлары, септиктер, оқшау тазарту құрылысжайлары).

3. Елді мекендердің су бұру жүйесі мақсаты бойынша шаруашылық-тұрмыстық, нөсерлік, дренаждық болып бөлінеді, олар сарқынды сулардың сапалық құрамы және оларды тазартуға қойылатын талаптар бойынша ерекшеленеді.

4. Елді мекендердің су бұру жүйесінің құрамдас элементтері мыналар болып табылады:

- 1) ғимараттардың ішкі су бұру жүйелері;
- 2) ғимараттардан су шығару орындары;
- 3) орамшілік желілер мен көше желілері;
- 4) коллекторлар;
- 5) сорғы станциялары;

6) тазартылған сарқынды суларды жинақтағыштарды қоса алғанда, сарқынды суларды тазарту құрылысжайларының кешендері;

7) тазартылған сарқынды суларды су объектілеріне (су жібергішке) немесе жергілікті жер бедеріне ағызуға арналған құрылысжайлар;

8) сарқынды сулардың лай тұнбаларын қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі құрылысжайлар.

5. Сарқынды суларды өнеркәсіпте, елді мекендердің шаруашылығында және ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін айналымды немесе қайталама сумен жабдықтау жүйелерінде пайдалану шартымен, сүзгілеу алаңдары мен буландырғыш тоғандарды қоспағанда, сарқынды суларды жинақтағыштарды жаңадан құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге жол беріледі.

6. Жергілікті атқарушы органдар орталықтандырылмаған су бұру жүйелерін есепке алуды жүргізеді.

7. Сарқынды суларды жинақтағыштардан тазартылған сарқынды суларды пайдалану сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар мен су тұтынушылар арасындағы су беру жөніндегі шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік мұқтаждықтар, суландыру, жасыл желектерді суару және басқа да коммуналдық мұқтаждықтар үшін пайдаланылатын тазартылған сарқынды сулардың сапасы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес айқындалады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес өндірістік процестің технологиялық талаптары негізге алына отырып айқындалады.

Тазартылған сарқынды суларды тамақ өнімін өндіру үшін пайдалануға тыйым салынады.

99-бап. Елді мекендердің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесі

1. Елді мекендердің нөсерлік (дренаждық) кәрізі жүйесі елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суаратын-жуатын, дренаждық суларды қабылдауға және бұруға, оларды тазартуға және кейіннен су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне ағызуға арналған.

2. Елді мекеннің нөсерлік (дренаждық) кәрізі жүйесінің құрамдас элементтері мыналар болып табылады:

- 1) орамішілік желілер мен көше желілері;
- 2) коллекторлар;
- 3) қар еріту құрылысжайлары;
- 4) сорғы станциялары;

5) сарқынды суларды жинақтағыштарды қоса алғанда, нөсер сарқынды суларын тазарту құрылысжайларының кешендері;

6) тазартылған сарқынды суларды су объектілеріне (су жібергіштерге) немесе жергілікті жер бедеріне ағызуға арналған құрылысжайлар.

3. Елді мекендердің нөсерлік (дренаждық) кәрізі жүйесі коммуналдық немесе жеке меншікте болады.

4. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер елді мекеннің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесіне қосылған және жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суаратын-жуатын, дренаждық суларды оған бұратын меншікті нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйелері болған кезде бұрылған жаңбыр суының, еріген, инфильтрациялық, суаратын-жуатын, дренаждық сулардың нақты көлемі үшін ақы төлеуді жүргізеді, ол елді мекеннің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесіне елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың

аумақтарынан ағатын жаңбыр суын, еріген, инфильтрациялық, суаратын-жуатын, дренаждық суларды бұру және тазарту бойынша көрсетілген қызметтердің құны мен көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

5. Нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйелерінің меншік иелері (иеленушілері) олардың техникалық жарамды жай-күйі, оларды пайдалану және дамыту үшін жауапты болады.

6. Объектілерді елді мекеннің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйесіне қосу осы жүйе қарамағында болатын тұлға берген техникалық шарттар орындалғаннан және онымен шарт жасалғаннан кейін жүргізіледі.

7. Елді мекеннің нөсерлік (дренаждық) кәріз жүйелеріне өз бетінше қосылуға және оларға суды санкцияланбаған ағызуға тыйым салынады.

100-бап. Су тұтынушының меншігіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйесі

1. Сумен жабдықтау желісіндегі баланстық тиесілікті бөлу шекарасынан су тарату нүктесіне және пайдаланылған суды санитариялық-техникалық аспаптардан елді мекеннің су бұру желісіндегі баланстық тиесілікті бөлу шекарасына шейін бұру нүктесіне дейінгі су тұтынушының сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің элементтері су тұтынушының сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне жатады және су тұтынушы оларға өз күшімен немесе бөгде ұйымдарды тарта отырып қызмет көрсетеді.

2. Су тұтынушылар сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жобалау, салу және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға тиіс.

101-бап. Елді мекендердің иесіз қалған сумен жабдықтау және су бұру жүйелері және (немесе) олардың құрамдас элементтері

1. Елді мекендердің меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз не меншік құқығынан бас тартқан сумен жабдықтау және су бұру жүйелері және (немесе) олардың құрамдас элементтері иесіз қалған болып табылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар елді мекендердің иесіз қалған сумен жабдықтау және су бұру жүйелері және (немесе) олардың құрамдас элементтері анықталған кезде оларды мемлекеттік меншікке айналдыру бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді жүргізеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар елді мекендердің иесіз қалған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін және (немесе) олардың құрамдас элементтерін есепке қою кезеңінде және коммуналдық меншікке айналдырғанша оларды сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдарға уақытша пайдалануға береді.

4. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым өзіне уақытша пайдалануға берілген иесіз қалған сумен жабдықтау жүйелері және (немесе) олардың құрамдас элементтері бойынша су тұтынушыға берілетін ауызсудың сапасын қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы орган иесіз қалған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне және (немесе) олардың құрамдас элементтеріне қызмет көрсету жөніндегі шығындарды олар пайдаланушы ұйымның балансына берілгенге дейін немесе иесіз қалған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің және (немесе) олардың құрамдас элементтерінің меншік иесі оларды қайтадан өзінің нақты иелігіне қабылдағанға дейін өтейді.

102-бап. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесіндегі судың өндірістік шығыстары мен ысырабы

1. Судың өндірістік шығыстары судың технологиялық және ұйымдастырушылық-есепке алу шығыстарын қамтиды.

2. Сумен жабдықтау жүйесіндегі судың өндірістік шығыстарының нормативтері елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің схемасы мен элементтеріне қарай, соңғы үш жыл ішіндегі орташа пайдалану немесе есептеу деректері бойынша айқындалады.

3. Сумен жабдықтау жүйесіндегі судың ысырабы техникалық және коммерциялық ысырапты қамтиды.

Судың техникалық ысырабына су құбыржолы желісінен және науалы құрылысжайлардан судың ағуы, құбыржолдарды, арматураларды, құрылысжайларды жөндеу, су құбыржолы желісіне қосуды (жалғауды) жүргізу кезіндегі судың ысырабы, сондай-ақ табиғи кему есебінен болатын судың ысырабы жатады.

Коммерциялық ысырапқа суды өз бетінше пайдалану, суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалау немесе аспаптарды бүлдіру есебінен болатын ысырап жатады.

4. Судың нормативтік техникалық ысырабы құрылысжайларды, желілерді, жабдықтарды пайдалану мерзіміне, құбыржолдардың материалына байланысты болады.

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар жыл сайын судың нормативтік техникалық ысырабын есептейді, есеп-қисап нәтижелерін жүйелейді, өндейді және өз дерекқорларында жинақтайды.

5. Судың нормативтен астам ысырабы су объектісінен алынған су көлемі мен су тұтынушыларға өткізілген су көлемі, судың өндірістік шығыстары мен нормативтік техникалық ысырабы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Судың нормативтен астам ысырабы су үнемдеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу есебінен жойылуға жатады.

6. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесін пайдалану кезінде судың өндірістік шығыстары мен техникалық ысырабының нормаларын тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес есептейді.

103-бап. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту жоспары

1. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту жоспары – кемінде он жыл ұзақ мерзімді кезеңге жекелеген елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуды айқындайтын құжат.

2. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту жоспарларын жергілікті атқарушы органдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларына, елді мекендердің бас жоспарларына немесе шағын елді мекендерді дамыту және құрылыс салу схемаларына сәйкес, энергиямен жабдықтау, газбен жабдықтау және жылумен жабдықтау схемаларын, халық санының болжамды өсуін және ауызсумен жабдықтау көздері мен сарқынды суларды жинақтағыштардың болуын ескере отырып әзірлейді.

Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту жоспарын тиісті жергілікті өкілді органдар бекітеді.

3. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту жоспары мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің ағымдағы жай-күйін бағалау;
- 2) орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау мен су бұрудың бұрыннан бар аймақтары;
- 3) су тұтынудың әртүрлі сценарийлерін ескере отырып, ауызсу мен техникалық суды тұтынудың болжамды баланстары, сарқынды сулардың көлемі мен құрамы;
- 4) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін бұрыннан бар және жоспарланып отырған орналастыру карталары (схемалары);
- 5) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытудың негізгі бағыттары, нысаналы индикаторлары мен нәтижелерінің көрсеткіштері;
- 6) су үнемдеуді ескере отырып, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, реконструкциялау, жаңғырту, күрделі жөндеу жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- 7) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- 8) қаржыландыру көздері мен көлемдері туралы ақпарат.

4. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту жоспары орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне жүргізілген техникалық аудиттің қорытындысы бойынша әзірленеді.

104-бап. Елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне техникалық аудит

1. Елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне техникалық аудит (бұдан әрі – техникалық аудит) – инженерлік инфрақұрылымды және (немесе) оның элементтерін пайдалану кезеңінде олардың нақты техникалық және технологиялық жай-күйінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сай жобалау қуатына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілетін сараптамалық жұмыстардың түрі.

2. Техникалық аудит:

1) сумен жабдықтау және су бұру жүйелері элементтерінің нақты техникалық және технологиялық жай-күйін (ысырап деңгейін, физикалық тозуын, энергетикалық тиімділігін, топологиясының оңтайлылығын, қуатты резервтеу дәрежесін және басқа да техникалық параметрлерін);

2) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің тазарту құрылысжайларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерде және Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген талаптарға жету мүмкіндіктерін айқындау мақсатында жүргізіледі.

3. Техникалық аудит нәтижелері олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы тұжырымдары бар аудиторлық қорытындыда көрсетіледі.

4. Техникалық аудит қорытындысының нәтижелері бойынша:

1) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелері объектілерінің сенімділігінің, сапасының, энергетикалық тиімділігінің анықталған көрсеткіштерін қолда бар ең үздік технологиялар қолданылатын елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелері объектілерінің ұқсас көрсеткіштерімен салыстыру жүргізіледі;

2) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде күрделі жөндеу, реконструкциялау, жаңғырту жүргізу қажеттігі және (немесе) жаңа технологияларды ендіру туралы шешім қабылданады.

5. Техникалық аудитті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйым жүргізеді.

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым жергілікті атқарушы органдарға техникалық аудит жүргізу күні және мерзімдері, оны жүргізу барысы туралы хабар береді.

6. Техникалық аудит сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның меншікті қаражаты есебінен, бірақ Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша реттеліп

көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған тарифтер бекітілгенге дейін бес жылда бір реттен сиретпей жүргізіледі.

Табиғи монополиялар субъектісі инвестициялық бағдарламаларды әзірлеген кезде, сондай-ақ елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің иесіз қалған объектілерін пайдалануға қабылдаған кезде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық аудит жүргізеді.

2-параграф. Елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастарды реттеу

105-бап. Елді мекендерде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы шарттар

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген үлгілік шарт негізінде жасалған, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар мен су тұтынушылар арасында жасалған шарттар негізінде ұсынылады.

106-бап. Елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы суды есепке алудың жалпы ережелері

1. Сумен жабдықтау жүйелерінде тарату желісіне және су тұтынушыларға берілген, су объектілерінен алынатын су көлемін есепке алу ұйымдастырылады.

2. Су бұру жүйелерінде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың елді мекеннің су бұру жүйесіне сарқынды суларды ағызу көлемдерін есепке алу ұйымдастырылады.

3. Суды:

1) бірінші, екінші, үшінші және одан кейінгі көтерілімдердің сорғы станцияларында ;

2) су тұтынушылардың сумен жабдықтау жүйелерімен баланстық тиесілікті немесе пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында;

3) сумен жабдықтау жүйесін тұрғынжайға (пәтерге) және (немесе) тұрғын емес үй-жайға кіргізу орнында жалпы үйге ортақ суды есепке алу аспабы мен жеке есепке алу аспаптары арқылы көппәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда);

4) жеке тұрғын үйлерде суды есепке алу аспаптары сумен жабдықтау жүйесін кіргізу орындарының барлығына орнатылады;

5) кәріздік сорғы станцияларында, оның ішінде тазарту құрылысжайларына, сарқынды суларды жинақтағыштарға, жергілікті жер бедеріне немесе құрылысжайларға қайта пайдалану үшін су беретін станцияларында;

6) тазартылған сарқынды суларды су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне су жібергіштерде есепке алу міндетті болып табылады.

4. Су тұтынушыларға берілген суды есепке алу су тұтынушыларда орнатылған және суды коммерциялық есепке алу үшін пайдалануға жіберілген суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады.

5. Суды есепке алу аспаптары болмаған кезде берілген су көлемі тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

6. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар жыл сайын суды есепке алу жөніндегі деректер негізінде меншікті тарату желілерінде және су тұтынушыларда су ысырабын талдауды жүргізеді.

7. Су тұтынушыларда сарқынды суларды есепке алу аспаптары болмаған жағдайда, су тұтынушылар бөлген сарқынды сулардың көлемі қайтарымсыз суды шегергенде, тұтынылған (ауызсу, техникалық, ыстық) судың көлеміне тең қабылданады.

107-бап. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде суды есепке алуды ұйымдастыру

1. Осы Кодексте және тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекітетін елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде суды есепке алу аспаптары мен жүйелерін таңдау, монтаждау және пайдалану қағидаларында белгіленбеген, суды есепке алу аспаптарына, суды есепке алу кезінде қолданылатын техникалық құралдарға, суды есепке алуды автоматтандыру, оның ішінде байланыс операторлары мен телекоммуникация желісін иеленушілердің энергия тұтынуын есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің құрамында автоматтандыру тәртібіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы, ақпараттандыру туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Суды және сарқынды суларды есепке алу аспаптарын пломбалауды сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым жүзеге асырады.

3. Су тұтынушыларды елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне суды есепке алу тораптарында суды есепке алу аспаптарын орнатпай қосуға (технологиялық жалғауға) жол берілмейді және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар берген сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосылуға арналған техникалық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Суды коммерциялық есепке алуды ұйымдастыру үшін көппәтерлі тұрғын үйлерді (тұрғын ғимараттарды) және өзге де объектілерді салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу жобаларында сезімталдық шегі ең

төменгі шығыстың жартысынан аспайтын және деректерді қашықтан беретін, жоғары метрологиялық сыныбы салқын су үшін R динамикалық сипаттамасы 100-ден төмен емес және ыстық су үшін R динамикалық сипаттамасы 50-ден төмен емес (метрологиялық сыныбы B) болатын жалпы үйге ортақ және жеке суды есепке алу аспаптарын міндетті түрде орнату көзделеді.

Бұл талап жұмыс істемейтін немесе пайдалану мерзімі өткен суды есепке алу аспаптарын ауыстырған жағдайларға қолданылады.

5. Жаңадан пайдалануға берілетін көппәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) және өзге де объектілерде осы баптың 4-тармағында көрсетілген суды есепке алу аспаптары орнатылады.

Елді мекендердің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосылған көппәтерлі тұрғын үйлерді (тұрғын ғимараттарды) және өзге де объектілерді суды есепке алу аспаптарынсыз пайдалануға қабылдауға жол берілмейді.

6. Су тұтынушы суды есепке алу аспабы істен шыққан кезде күнтізбелік отыз күн ішінде жарамды суды есепке алу аспабын орнатуды қамтамасыз етеді.

Су тұтынушы сарқынды суларды есепке алу аспабы істен шыққан кезде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйыммен келісілген, бірақ күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде сарқынды суларды жарамды есепке алу аспабын орнатуды қамтамасыз етеді. Бұл мерзім сарқынды суларды есепке алу аспаптарын елдің шегінен тыс жерге түгендеп тексеруге және жөндеуге жіберу себебі бойынша ұзартылуы мүмкін.

7. Суды және (немесе) сарқынды суларды есепке алу аспаптары жоқ су тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін коммерциялық есепке алу тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен есептік тәсілмен жүзеге асырылады.

108-бап. Ауызсудың сапасын және сарқынды сулардың құрамын өндірістік бақылау

1. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар ауызсудың сапасын және елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың су бұру жүйелерінен елді мекеннің орталықтандырылған су бұру жүйесіне бұрылатын сарқынды сулардың құрамын өндірістік бақылауды жүзеге асырады.

2. Ауызсу мен сарқынды суларды зертханалық зерттеу мен сынауды Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады.

3. Ауызсудың сапасын және сарқынды сулардың құрамына өндірістік бақылауды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленеді.

109-бап. Ауызсу сапасын жақсарту жөніндегі талаптар

1. Ауызсу эпидемиологиялық, радиациялық және химиялық жағынан қауіпсіз болуға тиіс.

2. Су объектілерінен алынған судың және дайындалған ауызсудың құрамына қойылатын талаптар, сондай-ақ талдау жүргізу мерзімдері мен талдау түрлері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

3. Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган басқа мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, ауызсу сапасын жақсарту жөнінде шаралар қабылдайды, олар:

1) су объектісінің белгілі бір сапасына сай келетін құрылысжайлардың технологиялары мен қуатын жұмысқа қабілетті күйде ұстап тұруды;

2) құрылыс жұмыстарының жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттарға сәйкес келетін жабдықтар мен материалдарды пайдалануды;

3) ауызсудың нормативтері мен ұлттық стандарттарын жетілдіруді қамтиды.

4. Суды тазарту мен зарарсыздандырудың жеке тұрмыстық және топтық техникалық құралдарына, сондай-ақ елді мекендердің ауызсумен жабдықтау жүйелерінде пайдаланылатын материалдарға, реагенттерге, технологиялық процестерге, жабдықтар мен өзге де құралдарға қатысты ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

110-бап. Су тұтынушылар елді мекендердің орталықтандырылған су бұру жүйелеріне ағызатын сарқынды суларға қойылатын талаптар

Сарқынды суларды дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан елді мекендердің орталықтандырылған су бұру жүйелеріне қабылдауға мынадай жағдайларда:

1) сарқынды сулар тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен елді мекендердің орталықтандырылған су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау қағидаларына сәйкес, сарқынды сулардың құрамындағы зиянды заттардың жол берілген концентрациясы жөніндегі талаптарға сәйкес келгенде жол беріледі. Сарқынды сулар сәйкес келмеген жағдайда, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар өздерінің су бұрудың оқшау тазарту құрылысжайларында оларды тазартуды жүзеге асыруға міндетті;

2) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдар белгілеген техникалық шарттардың талаптары орындалғанда жол беріледі.

111-бап. Сумен жабдықтау және су бұру саласында су тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Елді мекендерде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын су тұтынушылардың мынадай құқығы:

1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен ауызсуды тұтынуға арналған санитариялық қағидаларға сәйкес, сондай-ақ сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйыммен жасалған сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруға арналған шартқа сай ауызсумен жабдықтау жүйелерінен сумен үздіксіз қамтамасыз етілуге;

2) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша қызметтер көрсетілгені үшін ақы төлеуге төлем құжатын алуға;

3) ауызсу сапасы және ауызсу берудегі ықтимал іркілістер туралы ақпарат алуға;

4) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер жобасын талқылау бойынша жүргізілетін жария тыңдауларға қатысуға;

5) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымды бір айдан кешіктірмей шартты бұзу туралы жазбаша хабардар еткен жағдайда, шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

6) егер объектілері тұрғын үй қорына жатқызылса, денсаулық сақтау субъектілері пайдаланса, сондай-ақ тамақ өнімін өндіру үшін пайдаланылса, ауызсумен жабдықтау жүйелерінен бірінші кезектегі тәртіппен ауызсумен қамтамасыз етілуге;

7) көрсетілген қызмет ақысын түзету үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымға өтініш жасауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

2. Елді мекендерде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын су тұтынушылар:

1) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйыммен сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруға шарт жасасуға;

2) белгіленген талаптарға сәйкес, меншікті сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің, олардағы басқару тораптарының, суды есепке алу аспаптарының сақталуын және тиісінше санитариялық және техникалық жай-күйінде болуын ұстап тұруға;

3) сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруға жасалған шартқа және белгіленген тарифтерге сәйкес, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер үшін төлемақыны уақтылы әрі толық көлемде енгізуге;

4) оның ішінде, көппәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) тұратын су тұтынушыларды қоспағанда, жеке салынған үйлерде тұратын су тұтынушыларда сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосылуға техникалық шарттардың, меншікті сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінің атқарушылық түсірілімінің болуы;

5) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын, ауызсуды тұтынуға арналған санитариялық қағидаларды сақтауға;

6) зиянды заттардың жол берілетін концентрациясынан асып түсетін ластағыш заттар бар сарқынды суларды ағызуға жол бермеуге;

7) шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулардың су бұру жүйесіне нөсер суы мен дренаждық суларды ағызуға жол бермеуге;

8) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның рұқсатынсыз меншікті сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне өзге су тұтынушыларды қоспауға;

9) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның техникалық талаптарын орындауға;

10) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

3. Су тұтынушылар – дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерден басқа:

1) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым өкілдерінің көрсеткіштерді алу және жұмыс істейтіндігін тексеру, аумағында орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін, сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін, сондай-ақ сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруға арналған шартқа сәйкес сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның алдында берешегі болған кезде су тұтынушының желілерін ажырату үшін суды есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) су тұтыну және (немесе) су бұру көлемдері сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруға арналған шартта белгіленген көлемнен астам ұлғайтылған кезде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымнан техникалық шарттарды немесе техникалық талаптарды сұратуға міндетті.

112-бап. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, сарқынды суларды қабылдау бойынша қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату немесе шектеу

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, сондай-ақ сарқынды суларды қабылдау бойынша қызметтер көрсетуді тоқтатуға немесе шектеуге мынадай жағдайларда:

1) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде авария туындаған кезде және (немесе) авария салдарын жою кезінде;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ауызсу сапасының халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмеуін анықтаған кезде;

3) өрт сөндіру үшін берілетін су көлемін ұлғайту қажет болған кезде;

4) ағызуға тыйым салынған заттарды, материалдарды, қалдықтарды және (немесе) сарқынды суларды орталықтандырылған су бұру жүйесіне ағызу кезінде;

5) су тұтынушылар сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым өкілдерінің сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін бақылау кәріз құдықтарына, сондай-ақ суды есепке алу аспаптарын қарап-тексеру, бақылау, көрсеткіштерін алу үшін су тұтынушылардың суын есепке алу тораптарына баруына кедергі келтірген кезде;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің және (немесе) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының ауызсу сапасының, сарқынды сулар құрамының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды орындау қажеттігі туралы нұсқамасын немесе тиісті шешімін алған кезде;

7) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне өз бетінше қосылу (технологиялық жалғау) кезінде;

8) Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген, елді мекеннің тазарту құрылысжайларынан сарқынды сулардың шекті жол берілетін төгінділерінің нормативтеріне сәйкес айқындалған зиянды заттардың жол берілетін концентрациясы бірнеше рет үш және одан да көп есе асып кеткен кезде;

9) су тұтынушыда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес өндірістік бақылау жүйесі болмаған кезде;

10) су тұтынушының немесе сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның су құбыржолы және (немесе) кәріз желілері авариялық күйде болған кезде;

11) жаңа объектілерді қосу (технологиялық жалғау) жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде;

12) жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізілген кезде;

13) су тұтынушыда сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруға арналған шартқа сәйкес сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша берешегі болған кезде құқылы.

12-тарау. СУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ

113-бап. Су объектілері мен су ресурстарын ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін пайдалану

1. Су объектілері мен су ресурстарын ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін пайдалану жалпы және арнаулы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Жерүсті су объектілерін ауыл шаруашылығы жануарларын суару үшін пайдалануға санитариялық қорғау аймағынан тыс жерде және су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын суат алаңдары мен басқа да құрылғылар болған кезде жол беріледі.

3. Су шаруашылығы құрылысжайларын ауыл шаруашылығы мұқтаждықтарына арналған еріген суды, нөсер суын және тасқын суды жинақтау үшін пайдалану арнаулы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің күші, егер су шаруашылығы құрылысжайларының сыйымдылығы ауыл шаруашылығы дақылдарын суғару және ауыл шаруашылығы жануарларын суару мақсатында екі миллион текше метрден аспайтын болса, су объектілерімен байланысты емес және су режиміне жағымсыз әсер етпейтін, еріген суды, нөсер суын және тасқын суды жинақтауға арналған су шаруашылығы құрылысжайларын құруға және пайдалануға, оның ішінде судың зиянды әсерінің алдын алуға қолданылмайды. Бұл су шаруашылығы құрылысжайлары адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, жеке және заңды тұлғаларға материалдық залал келтіру қаупін төндірмеуге тиіс және олардың құрылуы туралы мәліметтер тізілімге енгізу үшін бассейндік су инспекциясына ұсынылады.

4. Бағбандықпен және бақша өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар су пайдаланудың белгіленген рұқсат етілген көлемдеріне сәйкес не су беру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарт негізінде арнаулы су пайдалану тәртібімен суды суару үшін пайдаланады.

5. Суару, құрғату, сортаңданған топырақты шаю және басқа да мелиорациялық жұмыстар су объектілерін және олардың су жинау алаңдарын қорғауды қамтамасыз ететін табиғат қорғау іс-шараларымен кешенді түрде жүзеге асырылуға тиіс.

6. Суару үшін пайдаланылатын су ресурстарының, оның ішінде сарқынды сулардың сапасы Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес айқындалады.

114-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын жерді тұрақты суару үшін пайдалану

1. Суаратын суды тұрақты суару жерлеріне жеткізу және олардан дренаждық суларды бұру ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелермен жүргізіледі.

Ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелер магистральдық, шаруашылықаралық және шаруашылықішілік болып бөлінеді.

Мемлекетаралық, өңіраралық және ауданаралық маңызы бар магистральдық ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелер мемлекеттік меншікте болады,

шаруашылықаралық ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелер жеке меншікте болуы мүмкін.

2. Суаратын суды берудің және дренаждық суды суармалы жерлерден бұрудың бірыңғай технологиялық процестерімен байланысты шаруашылықішілік ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелер ауыл шаруашылығы су тұтынушыларының ортақ бірлескен меншігінде болады.

3. Су тұтынушылар қолда бар шаруашылықішілік ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді тиісінше техникалық жағдайда күтіп-ұстауға міндетті.

Шаруашылықішілік ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдалану қағидаларын уәкілетті орган бекітетін ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелерді пайдаланудың үлгілік қағидалары негізінде жергілікті атқарушы орган әзірлейді және бекітеді.

115-бап. Жерлерді суару үшін су пайдалануды жоспарлау

1. Жерлерді суару үшін су беру бойынша қызметтер көрсету су пайдалану жоспарлары (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – жоспарлар) мен су пайдаланудың рұқсат етілген көлемдерін негізге алып, Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығы су тұтынушылары мен су пайдаланушылардың арасында жасалатын су беру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Жоспарлар уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша, өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлерін, суару алаңын, суару нормаларын міндетті түрде көрсете отырып, айлар мен онкүндіктер бойынша бөлініп жасалады.

Онкүндіктер бойынша бөлінген жоспарды су пайдаланушы өзіне белгіленген су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін және су беру мен бұру бойынша ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелердің өткізу қабілетін ескеріп түзетеді.

3. Су тұтынушылар жоспарларды құру кезінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес әзірленетін ауыл шаруашылығы дақылдарын кезектестіру (ротациялау) схемаларын ескеруге тиіс.

4. Су пайдаланушылар түзетілген жоспар негізінде бассейндік су инспекцияларына су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін алуға жыл сайынғы өтінімдер береді. Бассейндік су инспекциялары Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет жасайтын жылдың сулы болу болжамын және осы Кодекстің 40-бабының ережелерін, сондай-ақ су пайдаланушының су ысырабын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауын ескере отырып, су пайдаланушыға тиісті жылға су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін белгілейді.

5. Су пайдаланушыға осы Кодексте көзделген негіздер бойынша белгіленген су пайдаланудың рұқсат етілген көлемі өзгерген жағдайда, су пайдалану жоспарлары

түзетіледі және су пайдаланудың жаңадан белгіленген рұқсат етілген көлемдеріне сәйкес келтіріледі.

Су пайдаланушылар мен су тұтынушылар түзетілген су пайдалану жоспары негізінде, су тұтынушылардың су ысырабын азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын орындауына байланысты, су беру бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

6. Су пайдаланушы жоспарларды түзету кезінде әрбір су тұтынушының осы Кодексте көзделген өз міндеттерін орындауға, мемлекеттік бақылау органдарының нұсқамаларын орындауға және арнаулы су пайдалануға рұқсатта айқындалған су пайдалану шарттарын сақтауға, сондай-ақ су тұтынушылардың осы баптың 3-тармағының талаптарын сақтауға қосқан үлесін ескеруге құқылы.

116-бап. Ирригациялық кондоминиум

1. Ирригациялық кондоминиум – біртұтас мүлктік кешен ретіндегі жылжымайтын мүлікке меншіктің ерекше нысаны (бұдан әрі – ирригациялық кондоминиум объектісі), бұл ретте жер учаскелеріне заттық құқық жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тиесілі болады, ал ирригациялық және коллекторлық-дренаждық жүйелер оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады.

2. Ирригациялық кондоминиум бір суару каналынан немесе оның су бөлу орнынан суаратын сумен қамтамасыз етілетін, екі және одан да көп жер пайдаланушыға немесе жер учаскелерінің меншік иелеріне тиесілі суармалы жер учаскелерінде құрылуы мүмкін.

3. Ортақ мүліктегі ирригациялық кондоминиумға қатысушы үлесінің мөлшері осы қатысушы құқықты иеленетін суармалы жер учаскесі ауданының ирригациялық кондоминиумның суармалы жерлерінің жалпы ауданына қатынасымен айқындалады. Ирригациялық кондоминиум мүлкіндегі мұндай үлесті заттай бөлу (мінсіз үлесі) мүмкін емес.

4. Ирригациялық кондоминиумға барлық қатысушылардың келісімімен ортақ мүліктегі үлестің мөлшері айқындалмауы мүмкін, мұндай жағдайда кондоминиум мүлкі бөлуге жатпайтын ортақ меншікте болады.

5. Суармалы жер учаскесіне заттық құқықтың (уақытша жер пайдаланудың қайталама құқығының тоқтатылуын қоспағанда) басқа тұлғаға ауысуы сатып алушыға ирригациялық кондоминиум мүлкіндегі үлестің де ауысуына алып келеді.

6. Ирригациялық кондоминиумға қатысушы ирригациялық кондоминиум мүлкіндегі өз үлесін суармалы жер учаскесіне құқықтан бөлек иеліктен шығаруға құқылы емес.

7. Ирригациялық кондоминиумның ортақ мүлкін кепіл ретінде пайдалану оның барлық қатысушыларының келісімімен мүмкін болады.

8. Ирригациялық кондоминиумның барлық суармалы жер учаскелеріне заттық құқық (уақытша жер пайдаланудың қайталама құқығын қоспағанда) бір тұлғаға ауысқан кезде ирригациялық кондоминиум таратылуы мүмкін.

117-бап. Ирригациялық кондоминиум объектісін тіркеу

1. Ирригациялық кондоминиум объектісі Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес біртұтас мүліктік кешен ретінде мемлекеттік тіркелуге жатады.

2. Ирригациялық кондоминиум объектісінің құрамына кіретін жер учаскесіне жер-кадастрлық құжаттаманы нақтылау және сәйкестендіру құжатын беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

118-бап. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың құқықтары

1. Ирригациялық кондоминиумға барлық қатысушылардың ортақ мүлікті өздерінің ирригациялық кондоминиумға қатысу үлесіне мөлшерлес басқаруға құқығы бар.

2. Ирригациялық кондоминиумға әрбір қатысушының ортақ мүлікті пайдалануға құқығы бар. Ирригациялық кондоминиумның ортақ мүлкін пайдалану тәртібі ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың келісімімен айқындалады.

Жер учаскесін басқа тұлғаларға жалға беру жалға берушінің ирригациялық кондоминиумға қатысуын тоқтатуға алып келмейді.

3. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

119-бап. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың міндеттері

1. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылар:

1) ортақ мүлікті күтіп-ұстауға жұмсалатын барлық шығыстарға қатысуға;

2) ортақ мүліктің сақталуын және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да міндеттері болуы мүмкін.

120-бап. Ирригациялық кондоминиумға қатысу ерекшеліктері

1. Егер ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, ирригациялық кондоминиумның ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың мөлшері қатысушының ортақ мүліктегі үлесіне пропорционалды белгіленеді.

2. Егер ирригациялық кондоминиумдағы суармалы жер учаскесін оның қатысушысы пайдаланбаса, ол ортақ мүлікті күтіп-ұстау бойынша шығыстардан босатылмайды.

3. Суармалы жер учаскелерін жалға алушылардың дауыс беру құқығы болмайды және ирригациялық кондоминиум объектісін басқаруға өзгеше түрде қатыса алмайды, бірақ ирригациялық кондоминиумға қатысушыларға ортақ қағидаларды сақтауға міндетті.

4. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың өз атынан ирригациялық кондоминиумның ортақ мүлкін иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

121-бап. Ирригациялық кондоминиум объектісін басқару

1. Ирригациялық кондоминиумға қатысушылар ирригациялық кондоминиум объектісі тіркелгеннен кейін бір ай ішінде оны басқару нысаны туралы мәселені шешуге міндетті.

2. Ирригациялық кондоминиум объектісін басқару нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған қатысушылардың келісімімен айқындалады.

3. Ирригациялық кондоминиум объектісін біртұтас мүліктік кешен ретінде мемлекеттік тіркеу болмаған кезде жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен ирригациялық кондоминиум объектісін тіркеуді жүргізуге және ирригациялық кондоминиум объектісін сыртқы басқаруды енгізуге құқығы бар.

122-бап. Жерлерді суару үшін пайдаланылатын су ресурстарын есепке алу

1. Егер ирригациялық кондоминиумға қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, суаратын судың көлемін есепке алуды – ирригациялық кондоминиумның басқарушы ұйымы, ал ол болмаған жағдайда, су тұтынушыларға су беретін су пайдаланушы жүзеге асырады.

2. Ирригациялық кондоминиумның құрамына кіретін су тұтынушыларға берілетін суаратын судың көлемдерін есепке алу су тұтынушыға ирригациялық кондоминиумның басқарушы ұйымынан су беру орындарында орнатылған суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жүзеге асырылады.

Суды есепке алу аспаптары не ирригациялық кондоминиум болмаған кезде су тұтынушыларға берілетін суаратын судың көлемін есепке алу есептік тәсілмен жүзеге асырылады. Бұл ретте шаруашылық ішілік каналдар бойынша су ысырабының көлемі су тұтынушылар арасында олардың суармалы жер учаскелерінің аудандарына пропорционалды түрде бөлінеді.

13-тарау. СУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАРЫН ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ САЛАЛАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ

123-бап. Су объектілері мен су ресурстарын өнеркәсіп пен жылу энергетикасы үшін пайдалану

1. Су объектілері мен су ресурстарын өнеркәсіп пен жылу энергетикасының мұқтаждықтары үшін пайдалану арнаулы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.
 2. Өнеркәсіптік ұйымдар мен жылу өндіретін субъектілер айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйелерін ендіру арқылы су ресурстарын ұтымды пайдалануға міндетті.
 3. Ауызсу және минералды су санатына жатқызылмаған жерасты сулары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жерасты суларын қорғау және пайдалану талаптарын сақтай отырып, арнаулы су пайдалану шарттарымен техникалық сумен жабдықтау және басқа да өндірістік мұқтаждықтар үшін пайдаланылуы мүмкін.
 4. Қабаттық қысымды ұстап тұру мақсатында, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ілеспе алынған жерасты суларын ағызуға, көмірсутектермен ілеспе өндірілген қабаттық суларды айдауды қоспағанда, оларды жер қойнауына айдауға экологиялық рұқсаттар мен арнаулы су пайдалануға рұқсаттар болған кезде ғана жол беріледі.
 5. Технологиялық процесте ауызсуды пайдалану көзделген жағдайларды қоспағанда , өнеркәсіпте басқа сападағы суды пайдалану мүмкіндігі болған кезде ауызсуды пайдалануға жол берілмейді.
- Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халықтың ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтарын бірінші кезекте қанағаттандыруды ескере отырып, өнеркәсіптік мақсаттар үшін ауызсуды тұтынуға уақытша рұқсат беруге құқылы. Өнеркәсіптік мұқтаждықтар үшін ауызсуды тұтыну мерзімдері бассейндік су инспекциясымен келісу бойынша белгіленеді.
6. Уәкілетті орган табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталған жағдайларда, өнеркәсіптік және жылу энергетикалық кәсіпорындарға су объектілері мен су ресурстарын пайдалануды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шектеуге, тоқтата тұруға немесе тыйым салуға құқылы.

124-бап. Су объектілері мен су ресурстарын және су шаруашылығы құрылысжайларын гидроэнергетика үшін пайдалану

1. Су объектілері мен су ресурстарын және су шаруашылығы құрылысжайларын гидроэнергетика үшін пайдалану экономиканың басқа салаларының мүддесін (кешенді

пайдалану) және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген су объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, арнаулы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Су объектілерінде гидроэнергетикалық және гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланатын ұйымдар:

1) су қоймаларын толтырудың және босатудың, олардан су жіберудің және жоғарғы және төменгі бьефтерде су деңгейі ауытқуының белгіленген режимін сақтауға;

2) кемелерді және өзге де жүзу объектілерін кедергісіз өткізуді қамтамасыз етуге;

3) белгіленген табиғат қорғау мақсатындағы және авариялық су жіберуді жүзеге асыруға;

4) осы Кодексте көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Егер гидротехникалық құрылысжайларды пайдалану қағидаларын бұзу салдарынан туындаған су объектілері деңгейінің өзгеруі салдарынан жеке және (немесе) заңды тұлғаларға зиян келтірілсе, кінәлілер оны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеуге міндетті.

4. Жылдың су мол болған кезеңінде суды босқа ағызуды азайту мақсатында гидроэлектр станцияларының жұмыс режимі турбиналардың барынша жоғары өткізу қабілеті бойынша жоспарланады.

Табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезінде суды ағызудың белгіленген режимін төмендетуге тыйым салынады. Электр энергиясын тұтынушылар болмаған жағдайда, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберудің белгіленген режимін сақтау су ағызу құрылысжайлары мен су жібергіш құрылысжайлар арқылы және (немесе) турбиналар арқылы суды босқа ағызу жолымен жүзеге асырылады.

125-бап. Су объектілерін сауықтыру және рекреациялық мақсаттарда пайдалану

1. Ресурстарының табиғи емдік қасиеттері бар, сондай-ақ емдік-профилактикалық мақсаттар үшін қолайлы су объектілері сауықтыру санатына жатқызылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сауықтыру мақсаттары үшін пайдаланылады.

2. Су объектілерін рекреациялық мақсаттар үшін пайдалану ортақ су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Ықтимал сел қауіптілігі бар су объектілерін рекреациялық мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

3. Табиғи емдік қасиеттері бар, сондай-ақ емдік-профилактикалық мақсаттар үшін қолайлы су объектісінен су ресурстарын алу арнаулы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындарды ортақ су пайдалану қағидаларына сәйкес белгілейді.

126-бап. Су объектілері мен су ресурстарын және су шаруашылығы құрылысжайларын өрт сөндіру үшін пайдалану

1. Өрт сөндіру үшін кез келген су объектісінен арнаулы рұқсатсыз су алуға жол беріледі.

2. Өрт сөндіру үшін су алатын орынды таңдауды, оны жайластыруды (пирстер, кіреберістер, жарықпен нұсқағыштар) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органымен келісу бойынша, уәкілетті органның ведомствосы қоятын шарттарды сақтай отырып жүзеге асыруға тиіс.

3. Су құбыржолы желілерінде тиісті өрт сөндіру құрылысжайлары мен құрылыстары бар жеке және заңды тұлғалар оларды жарамды күйде күтіп-ұстауға міндетті.

4. Арнайы өрт сөндіруге арналған су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларынан суды өзге мақсаттар үшін пайдалануға тыйым салынады.

Ескерту. 126-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

127-бап. Су объектілерін және (немесе) олардың учаскелерін аңшылық шаруашылықты жүргізу үшін пайдалану

1. Су объектілерін және (немесе) олардың учаскелерін, сондай-ақ пайдалану режимі құстар мен су жануарлары жаппай мекендейтін жерлерге әсер ететін, су объектілерінің акваториясында орналасқан құрылысжайларды пайдалану кезінде сулы-батпақты алқаптардың қажетті гидрологиялық режимінің сақталуы және аңшылық шаруашылықты жүргізу мүддесі ескерілуге тиіс.

2. Аңшылық алқапты бекітіп беру осы су объектісін және (немесе) оның учаскесін немесе оның су ресурстарын пайдалану және оған билік ету құқығын беруге алып келмейді.

128-бап. Су объектілерін және (немесе) олардың учаскелерін балық аулау мен аквашаруашылықты жүргізу үшін пайдалану

1. Балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жатқызылған жерүсті су объектілері және (немесе) олардың учаскелері Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және аквашаруашылық саласындағы заңнамасына сәйкес балық аулау мен аквашаруашылықты жүргізу үшін бекітіп беріледі.

Жерүсті су объектілерін және (немесе) олардың учаскелерін балық аулауды, көл-тауар және (немесе) тор қоршама шаруашылық қызметін жүргізу үшін пайдалану арнаулы су пайдалануға жатпайды.

2. Балық аулауды және (немесе) аквашаруашылықты жүргізу үшін балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіп берілген жеке және заңды тұлғалар:

1) бассейндік су инспекциясымен келісу бойынша, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясын жүргізуге және (немесе) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін түбін тереңдету жұмыстарын жүргізуге;

2) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және аквашаруашылық саласындағы заңнамасында көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға;

3) балық аулау мен аквашаруашылықты жүргізу үшін бекітіп берілген жерүсті су объектілерінің ластануы мен қоқыстануына, сондай-ақ оларды пайдалану орындарында су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызмет режимінің бұзылуына жол бермеуге;

4) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ортақ су пайдалану құқықтарының шектелуіне жол бермеуге міндетті.

3. Балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін балық аулау мен аквашаруашылықты жүргізу үшін бекітіп беру осы су объектісін және (немесе) оның учаскесін немесе оның су ресурстарын пайдалану және оларға билік ету құқығын беруге алып келмейді.

4. Аквашаруашылықты жүргізу үшін жерүсті және жерасты су объектілерінен су ресурстарын алып қою арнаулы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

129-бап. Су қоймаларын пайдалану

1. Су қоймалары жерүсті су ағынын реттеу, су пайдаланушылардың суға қажеттіліктерін қанағаттандыру және гидроэнергетикалық әлеуетті арттыру мақсатында құрылады.

2. Су қоймаларын жобалау, салу және пайдалану қалыптасқан табиғи және шаруашылық кешендерге осындай араласудың барлық мүмкін болатын теріс салдары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3. Су қоймаларын пайдалану су қоймаларының су ресурстарын пайдалану қағидаларына және су қоймаларын техникалық пайдалану және абаттандыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Су қоймаларының су ресурстарын пайдалану қағидалары оларды пайдалану режимін, оның ішінде толтыру және босату режимін, тасқын суларды өткізу және табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу режимдерін айқындайды.

5. Су қоймаларының су ресурстарын пайдалану қағидалары құрылыс жобасы шеңберінде әзірленеді. Пайдалану тәжірибесінің жинақталуына қарай осы қағидалар түзетілуге, бірақ бес жылда бір реттен сиретпей түзетілуге тиіс. Су қоймаларының каскады үшін бірыңғай қағидалар әзірленеді.

6. Су қоймаларын техникалық пайдалану және абаттандыру қағидаларында олардың түбі мен жағалауын пайдалану, су қоймасының гидротехникалық құрылысжайлар кешенін жоспарлы қарап-тексеруді, жөндеуді және күтіп-ұстауды жүргізу тәртібі айқындалады.

7. Экологиялық су ағынының көлемін қамтамасыз ету үшін су қоймасынан табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу жүзеге асырылады.

Табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу су объектісінің табиғи режимін, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын сақтау, сондай-ақ су тасқыны кезінде өзен арналарының шайылуын қамтамасыз ету қажеттілігіне негізделі отырып жүзеге асырылады.

8. Табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу басым болып табылады.

9. Табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу көлемін ғылыми ұсынымдар негізінде тиісті бассейндік су инспекциялары су объектілерінің бассейндері бойынша белгілейді.

10. Су қоймаларының су ресурстарын пайдаланудың үлгілік қағидаларын және су қоймаларын техникалық пайдалану және абаттандыру қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

14-тарау. ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУ ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

130-бап. Трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық қағидаттары

Қазақстан Республикасы трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мүддесін қорғау;

2) трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

3) халықаралық су құқығының жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын ескере отырып, трансшекаралық ағын сулар өтетін барлық елдердің трансшекаралық су объектілерін әділ, ақылға қонымды және өзара тиімді пайдалану құқықтарын қамтамасыз ету;

4) трансшекаралық су объектілерін қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін болашақ ұрпақтың қажеттіліктеріне нұқсан келтірмей қанағаттандыруды ескере отырып басқару ;

5) табиғи ортаның қалпына келу қабілеті мен трансшекаралық су объектілері бассейндеріндегі экономикалық даму қажеттіліктеріне негізделген антропогендік жүктеме арасындағы теңгерімді сақтау;

6) трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану проблемаларын шешу кезінде өзара көмек және даулы мәселелерді бейбіт жолмен реттеу;

7) трансшекаралық су объектілерінің жай-күйіне болуы мүмкін трансшекаралық әсерлердің алдын алу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

8) халықаралық жауаптылық және трансшекаралық әсерлерден туындаған залалды өтеу қағидаттарын басшылыққа алады.

131-бап. Трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық тетігі

1. Трансшекаралық су объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін мемлекетаралық комиссиялар шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Трансшекаралық су объектілері бойынша тұрақты жұмыс істейтін мемлекетаралық комиссиялардағы Қазақстан Республикасының үкіметтік делегациясының құрамы мен функцияларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы трансшекаралық су объектілері жөніндегі комиссиясының жұмыс органы болып табылады.

15-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ, ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

132-бап. Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

133-бап. Өтпелі ережелер

1. Су объектілеріндегі бөгеттердің меншік иелері (иеленушілері) меншік нысанына қарамастан, осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде осы Кодекстің 71-бабының 1-тармағында көзделген құжаттардың болуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі елді мекендердің шекаралары (шектері) шегінде жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын белгілеуге міндетті.

Осы Кодекстің 87-бабына сәйкес айқындалған шекаралар осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары белгіленгенге дейін елді мекендердің шекаралары (шектері) шегіндегі жерүсті су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекаралары деп танылады.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде мемлекеттік жер кадастрының деректерін жерүсті су объектілерінің белгіленген су қорғау аймақтары мен белдеулерімен сәйкес келтіруді қамтамасыз етуге міндетті.

4. Осы Кодекстің 86-бабы 2-тармағының күші су қорғау белдеулерінің шекаралары шегінде тұрғызылған және 2009 жылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға берілген ғимараттар мен құрылысжайларға немесе осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген, беру кезінде су қорғау белдеулері белгіленбеген жер учаскелеріне қолданылмайды.

Бұл ретте ұйымдастырылған орталықтандырылған кәріз, ластанған сарқынды суларды бұру мен тазартудың өзге жүйесі немесе ішіндегісін шығаруды қамтамасыз ететін су өткізбейтін күресіндердің құрылғылары болған кезде ғана оларды пайдалануға жол беріледі.

5. Айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйелері жоқ өнеркәсіптік ұйымдар мен жылу өндіретін субъектілер осы Кодекстің 123-бабының 2-тармағында көзделген міндетті іске асыру үшін осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жылдан кешіктірмей көрсетілген жүйелерге ауысу жоспарын беруге міндетті. Бұл ретте жоспарды іске асыру мерзімі бес жылдан аспауға тиіс.

6. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылысжайларын мүліктік жалдау (жалға беру) немесе сенімгерлік басқару шарттары 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін осы Кодекстің 13-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келтірілуге тиіс.

7. Жерүсті су объектілерінде және су қорғау белдеулері шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге осы Кодекстің 86-бабында белгіленген тыйым салу "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 277-бабының 3-тармағына және 278-бабының 25-тармағына сәйкес "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен келісімшарттар негізінде жүргізілетін , оның ішінде жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне көшкен жағдайда (

жер қойнауын пайдалану құқығын қайта ресімдеу), пайдалы қатты қазбалар (оның ішінде, кең таралған пайдалы қазбалар) бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға қолданылмайды.

Бұл ретте жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар Қазақстан Республикасының экология және су заңнамаларының талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

8. Осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін алынған рұқсаттар мен келісімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдарының олармен байланысты барлық актілері олар берілген және алынған мерзім өткенге дейін өз қолданысын сақтайды.

134-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Кодекс 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 9-бапты, 39-баптың 3-тармағын, 40-баптың 2 және 3-тармақтарын, 45-баптың 4-тармағының 7) тармақшасын және 7-тармағын, 87-бапты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Кодекстің 25-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшалары 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.

3. Осы Кодекстің 46-бабы 3-тармағының қолданысы 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрып, осы тармақ тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Бассейндік су инспекциялары минералды жерасты суларын қоспағанда, суды тәулігіне елу текше метрден астам алып қою көлемімен жерасты суларын алуды және (немесе) пайдалануды көздейтін рұқсат беру үшін құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы су пайдалану талаптарын келісу үшін жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне сұрау салу жібереді.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бес жұмыс күні ішінде бассейндік су инспекцияларына жерасты суларының бекітілген баланстық қорларының болуы немесе болмауы бөлігінде сұрау салуға оң не теріс қорытынды ұсынуға міндетті.

Жерасты суларының бекітілген баланстық қорлары болмаған және суға мәлімделген қажеттілік тәулігіне елу текше метрден астам болған жағдайда, келісу пайдалану тәжірибесі бойынша жерасты суларының қорын бағалау және сараптама жүргізу мақсатында, берілген рұқсат шеңберінде мониторингтік зерттеулер жүргізу шартымен үш жылға дейінгі мерзімге беріледі."

4. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК